

Діндегі бидғат (әл-бид'а)
және оның түрлері туралы,
сондай-ақ
Исламда жақсы бидғат
(бид'а хасана) бар ма?

كتاب البدعة

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى>



Дайындаған



сайтының редакциясы

қазақ тіліне орыс тілінен аударған

www.al-hanifiya.kz сайтының редакциясы

түпнұсқамен салыстырып редакциялаған

www.abuhanifa.kz сайты

إعداد: موقع toislam.com



ترجمة: من اللغة الروسية إلى اللغة الكازاخية موقع www.al-hanifiya.kz
مراجعة: موقع www.abuhanifa.kz وفريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام

«Әд-дә'уату-ссәләфия»

сериясы

21-бөлім

**Діндегі бидғат (әл-бид'а)
және оның түрлері туралы,
сондай-ақ
Исламда жақсы бидғат
(бид'а хасана) бар ма?**

Бірінші басылым



сайтының редакциясы

қазақ тіліне орыс тілінен аударған www.al-hanifiya.kz сайтының редакциясы
түпнұсқамен салыстырып редакциялаған www.abuhanifa.kz сайты

Мазмұны

Кіріспе.....	3
«Әл-бид'а» терминінің шариги анықтамасы.....	5
Діни бидғаттың қауіптілігі және ол қатал түрде тыйым салынғандығы жөнінде.....	12
<i>Бидғат – күпірлікке, ширкке алып баратын жол.....</i>	12
<i>Дінге жаңалық енгізген адам өзін заң шығарушының орнына қойған болып есептеледі, ал негізінде заң шығарушы тек Жалғыз Аллаһ қана.....</i>	13
<i>Бидғат күпірлік пен ширктен кейін ең үлкен күнә болып табылады.....</i>	13
<i>Аллаһ Тағала бидғатты теріске шығарып, оны қабылдамайды.....</i>	13
<i>Бидғат Сүннеттің жойылуына себепші болады.....</i>	14
<i>Бидғат – бұл Тозаққа алып баратын адасушылық.....</i>	15
<i>Бидғат – бұл тура жолдан адастыратын себеп.....</i>	15
<i>Бидғат кішкентайдан басталып, кейін үлкен және қасіретке ұшырататынға айналады.....</i>	15
Исламның бидғатшыларға қатысты ұстанымы.....	16
<i>Бидғатшылар – күнәһарлардың ішіндегі ең жамандары.....</i>	16
<i>Бидғатшылар өз күнәларының ауыртпалығын да, олардың бидғаттарына ергендердің де күнәсін арқалайды.....</i>	17
<i>Бидғатшылар бидғаттарын тастамайынша Аллаһ олардың тәубелерін қабыл етпейді.....</i>	18
<i>Бидғатшылар Ислам мен мұсылмандар үшін кәпірлерден болған жаулардан да жаман.....</i>	18
<i>Бидғатшылар Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамзаттың лағынетіне лайық.....</i>	19
<i>Бидғатшылар ақиқатқа оралып, өз бидғаттарын тастамайынша шеттетілуге (бойкотталуға) лайық.....</i>	19
Діндегі кез келген бидғатқа тыйым салынғандығы және бидғаттардың ішінде ешқандай жақсылық жоқ екендігі туралы.....	21
Ислам діні кемел және ешқандай қоспаларға мұқтаж емес екендігі туралы Құран мен Сүннеттің анық дәлелдері.....	22
Шаригатта нұсқауы жоқ кез келген құлшылық қабылданбайды.....	24
Сахабалар істемеген құлшылықты сен де істеме!.....	26
Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабалар және сәләфтар Сүннетке сәл ғана қайшы келуді және одан ерекшеленуді қалай сөккендері жайында кейбір мысалдар.....	26
Бидғатшыларды теріске шығарудың және олардан сақтандырудың маңыздылығы туралы.....	28
<i>Егер бидғаттан сақтандырмаса, онда білімсіз адамдар оны ақиқат деп қабылдап қалады.....</i>	30
<i>Адасқандарды теріске шығарып, олардаң сақтандыру тыйым салынған гайбатқа жатпайды.....</i>	30
Бидғатқа шақыратын және бидғатқа шақырмайтын бидғатшының арасындағы айырмашылық туралы.....	30
Бидғат істеген әрбір адам бидғатшы бола бермейтіні туралы.....	32
<i>Кісі бидғатшыға айналатын шарттар.....</i>	33
Бидғатшылармен дос болудың, араласудың және тартысудың, сондай-ақ олардың еңбектерін оқудың, ұнтаспаларын тыңдаудың, сайттарына кірудің қауіптілігі туралы.....	33
Ашық бидғат жасап және оған шақырған адам қалай тәубе ету керек?.....	39
Исламда жақсы бидғат (бид'а хасана) жоқ екендігі туралы.....	39
және олардың күмәнді дәйектеріне қарсы жауап.....	39
1. «Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, сол өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді» деген хадис.....	40
2. “Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы. Ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жаман!”, - деп айтылатын хадис.....	43
3. ‘Умар ибн әл-Хаттабтың “Мынау неткен керемет бидғат” деген сөзі.....	44
4. Әбу Бәкрдің кезінде сахабалар Құранды (тұтас кітапқа) жинағандығы.....	47
5. Сахабалардың оған дейін ешқандай нұсқауы болмаған, бірақ кейіннен (шаригатта) заңдастырылған іске айналған белгілі бір құлшылық рәсімін жасауы.....	49
6. Кейбір имамдардың Исламда жақсы бидғат бар деген сыңайлы сөздері.....	51
7. Ізгі ниет және жақсылықты қалау.....	53
Түйін:.....	54
Исламда бидғаттардың пайда болу себептері.....	55
1. Сүннетті тастау.....	55
2. Білімсіздік.....	56

3. Адасушылыққа бастайтын көсемдер және соқыр еліктеу (тақлид)	56
4. Бидғатшылармен дос болу, араласу және тартысу	57
5. Дін мәселелеріндегі шектен шығушылық және насапсыздық (артық кетушілік)	58
6. Әуес-қалаулар мен өз құмарлықтарына (әуестеріне) еру.....	59
7. Күмәнді дәйектердің соңынан еру	60
8. Білмеген жағдайда білім иелеріне жүгінуден бас тарту	62
9. Әлсіз және ойдан шығарылған хадистерді қолдану.....	64
Қорытынды	66
Пайдаланылған әдебиет	67

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

Кіріспе

Расында, барша мақтау-мадақтар Аллаһқа тән! Біз Оны ғана дәріптейміз, әрі Одан ғана жәрдем мен кешірім сұрап жалбарынамыз. Нәпсіміздің жамандықтары мен жаман іс-амалдарымыздың кесірінен Аллаһқа сиынып, Одан пана тілейміз. Кімді Аллаһ тура жолға бастаса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Ол адастырғанды тура жолға салар ешкім жоқ. Ешбір серігі болмаған Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайық ешкім жоқ екеніне, сондай-ақ Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін.

Одан кейін:

Мұхаммед пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Саф Сүннетінен азғантай болса да хабары бар әрбір мұсылман адам үшін оның таухид пен Жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақырудан кейін, адамдарға өзінің Сүннетіне тура ілесуді насихаттауға және бидғаттармен күресуге ерекше көңіл бөлгендігі өте жақсы белгілі. Жәбірден жеткен хадис осыған дәлел болады. Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр жұма сайын өз құтпасында: *«Шын мәнінде, ең жақсы сөз – бұл Аллаһтың Кітабы, ал ең жақсы жол – бұл Мұхаммедтің жолы. Ең жаман амалдар – бұл дінге енгізілген жаңалықтар, ал әрбір дінге енгізілген жаңалық – бұл бидғат, ал әрбір бидғат – бұл адасушылық, ал әрбір адасушылық Тозақта!»,* - деп, Құран және Сүннетпен жүруді бұйырып, бидғаттан аулақ болуды әрдайым қатал ескертіп отырған. Муслим 2/592, Нәсаи 3/188.

Сол себептен алғашқы және кейінгі буын имамдары Сүннетпен жүрудің маңыздылығына және діндегі бидғаттың қауіптілігіне үнемі аса мән беріп, бұл жайында жеке-жеке еңбектер жазып, хадис жинақтарында бұл тақырыпқа қатысты бүтіндей тараулар арнап отырған. Өйтпеске амал жоқ, себебі Ислам үмметіне діни жаңалықтар таралмас бұрын Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бидғаттан қатал түрде алдын-ала сақтандырып, бұл тақырыпқа зор мән берген!

Көптеген мұсылмандар діни жаңалық күпірлікке апаратын ең үлкен себептердің бірі екенін, оның аса қауіпті екенін жете түсіне бермейді. Кейде кейбір мұсылмандар сауатсыздықтың кесірінен тіпті дінде жақсы бидғат (бид'а хасана) бар деп те ойлайды.

Исламда «бидғат» тақырыбын оқып-білу маңызды. Өйткені осы біліммен адамның бұл дүниеде адасушылықтан, ал о дүниеде азаптан аман қалуы байланысты. Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтатын: *«Әдетте адамдар Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсылық жайында сұрайтын, ал мен болсам одан жамандық жайында сұрайтынмын. Өйткені жамандықтың басыма төнуінен қорқушы едім».* Бухари 3606, Муслим 5/20.

Яхья ибн Му'аз былай деген: *«Адамдардың бүкіл талас-тартысы үш негізге келіп тіреледі, ал осы негіздердің әрқайсысының қарама-қарсысы бар. Сонда адам осы негіздердің қайсыбірінен шығатын болса, міндетті түрде сол негіздің қарама-қарсысына кіреді. Бұл үш негіз келесілер: Таухид (бірқұдайшылық), оның қарама-қарсысы – ширк (көпқұдайшылық); Сүннет, оның қарама-қарсысы – бидғат; және Аллаһқа бойұсыну, оның қарама-қарсысы – күналар!»* Қараңыз: “әл-И'тисам” 1/91.

Бидғаттың мән-жайын оқып білу, әсіресе, қазіргі уақытта өте өзекті болып тұр. Өйткені бидғат, өкінішке орай, Ислам үмметінде тарап кетті. Оның тамыр жайғаны тіпті соншалық – кейбір бейхабар мұсылмандар кейбір бидғаттарды Сүннет деп санай бастады! Субхан-Аллаһ, даңқты сахаба Хузайфаның: *«Аллаһпен ант етемін, бидғаттардың жайылатыны соншалық – егер біреу бидғаттардың қайсыбірін тастаса, оған: «Сүннетті тастап қойды!», - дейтін болады!», - деп айтып кеткендерін өз көзімізбен көріп тұрғандаймыз! Ибн Уәддах «әл-Бида'» 162.*

Аллаһ Тағаланың қалауымен, осы еңбекте «Бидғат деген не?», «Ол қандай түрлерге бөлінеді?», «Діни бидғаттың кез келген түріне шарифат қаншалықты қатал түрде тыйым салады?» және «Исламда жақсы бидғат бар ма?» деген сауалдардың айналасында сөз ербітеміз.

Ұлы Аллаһ Тағаладан осы бір шағын еңбекті берекелі әрі оны оқып шыққан әрбір мұсылман үшін пайдалы етуін сұраймыз!

«Бидғат» (әл-бид'а) терминінің тілдік және шариғи анықтамалары

«Әл-бид'а» терминінің тілдік анықтамасы

Ибн Фәрис былай деген: *“Егер мен сөзбен немесе іспен менен бұрын ондайды ешкім жасамаған бір нәрсе жасаған болсам, онда: «Мен бид'а жасадым», - деп айтылады”. Қараңыз: “Му'жам әл-мәқайис” 119.*

Имам әт-Туртуши: *“«Әл-бид'а» сөзі – бұл оған дейін болмаған, ойлап табылған нәрсе”, - деп айтқан. Қараңыз: «әл-Хауадис уәл-бида'» 40.*

Хафиз Ибн Хәжар былай деп айтқан: *“«Әл-бид'а» сөзінің көпше түрі болып табылатын «әл-бида'» (енгізілген жаңалықтар) туралы айтар болсақ, бұл (сөз) – оған дейін ешбір нұсқасы болмаған барлық нәрселерді қамтиды. Әрі тілдік мағынада бұл сөз өзіне мақтаулы нәрсені де, айыпталатын нәрсені де қамтиды”. Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 13/340.*

«Бид'а» сөзі тілдік мағынасында Құранда да келеді. Мысалы, мына аятта: **«Ол көктер мен жерді жоқтан бар етуші»** («әл-Бақара» сүресі, 117-аят).

Яғни Аллаһ Тағала аспан мен жерді оған дейін болмаған күйде жаратты.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай дейді: **«(Мұхаммед, оларға) айт: “Мен елшілердің тұңғышы емеспін. Сондай-ақ маған әрі сендерге не істелетінін де білмеймін”»** («әл-Ахқаф» сүресі, 9-аят).

Яғни: «Мен адамдарға жіберілген алғашқы пайғамбар емеспін», - де.

«Әл-бид'а» терминінің шариғи анықтамасы

«Әл-бид'а» сөзінің шариғи анықтамасына келер болсақ, ол – дінге жаңадан енгізілген, бірақ Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңды етіп бекітпеген кез келген нәрсе.

Имам әл-Жәухари былай деген: *“«Әл-бәди'» және «әл-мубтәди'», сондай-ақ «әл-бид'а» сөзі – бұл дін тамамдалып болғаннан кейін оған бір нәрсені енгізу”. Қараңыз: “ән-Ниһая” 1/107.*

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: *“Дінге енгізілген жаңалық (бид'а) – бұл Аллаһ және Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңды етіп бекітпеген нәрсе, әрі*

бұл – оған ешқандай бұйрық келмеген, парыз да емес, мустахаб¹ та емес нәрсе”. Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтәуа” 4/107.

Хафиз Ибн Ражаб былай деген: “(Дінде) енгізілген жаңалық (бид’а) – бұл дінде енгізілген әрі шаригатта ешқандай негізі болмаған нәрсенің барлығы. Ал шаригатта нұсқалған негізі бар нәрсеге келер болсақ, ол шаригатқа енгізілген жаңалық болып есептелмейді, тіпті ол тілдік тұрғыдан жаңалық деп аталса да”. Қараңыз: “Жәми’ул-улюми уәл-хикам” 265.

Имам әш-Шәтыби: “Бидғат – бұл діндегі заңды етіп бекітілген жолға еліктеп, Аллаһқа барынша көп құлшылық ету мақсатымен ойлап табылған әрі жаңадан жасалған жол”. Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/51.

Жол дегеніміз – бұл үстімен жүруге арналған белгілі бір бағыт. «Діндегі жол» деп айтылған, өйткені әлгі жолды ойлап табушы әрі жаңадан жасап шығарушы оны Исламға теліп, шынайы діни жол деп көрсеткісі келеді.

«...Заңды етіп бекітілген жолға еліктеп» - өйткені ойлап табылған жол бекітілген жолға ұқсайды, бірақ ол емес.

«...Аллаһқа барынша көп құлшылық ету мақсатымен...» - яғни жаңадан жол ойлап табушы мен сол жолға ерушінің сылтауы – Аллаһқа көбірек және жақсырақ құлшылық ету.

«...Ойлап табылған әрі жаңадан жасалған...» - яғни дінде негізі жоқ, Исламда белгісіз болған.

Шейх әл-Әлбани былай деген: “Шынында, шаригат адасу деп атаған діндегі жаңалық (әл-бид’а) – бұл Сүннетке сай келмейтін істер, сөздер мен сенімдер, тіпті ол ижтиһадтың нәтижесінде болса да”. Қараңыз: “Әхкамуд-жәнаиз” 242.

Сонымен діни жаңалық (әл-бид’а) – бұл ешқандай сенімді негізі жоқ және Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардың уақытында белгілі болмаған кез келген сөздер, істер мен наным-сенім арқылы Аллаһқа жақындауға ұмтылу. Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/64, 1/227.

Дүниелік (тұрмыстық) мәселелерде жаңалық енгізу рұқсат етілген, тіпті мақтаулы

Жоғарыда айтылған «әл-бид’а» (енгізілген жаңалық) сөзінің шарифи анықтамасы автомобиль, компьютер, тоңазытқыш, көзілдірік, киім және т.б.с. тұрмыстық және дүниелік жаңалықтарға қатысты емес екенін білу қажет, өйткені бұл нәрселер тұрмыстық мәселелерге қатысты болып табылады және шарифатқа телінбейді әрі өздігінен Аллаһқа жақындау құралы болып табылмайды. Бұл - дінде емес, тұрмысқа қатысты жаңалықтар.

Әнас пен ‘Айшадан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Егер мәселе дүниелік тұрмыстарыңа қатысты болса, ол туралы өздерің жақсырақ білесіңдер, ал егер мәселе діндеріңе қатысты болса, оны маған қайтарыңдар!» Ахмад 5/298, Ибн Мәжаһ 1/117, Ибн Хузайма 410. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 767.

Жоғарыда айтылғанның барлығы «Аллаһ Тағаланың дініндегі негіз – Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырмаған кез келген амалды істеуге тыйым салынған» дегенге нұсқайды. Ал барлық тұрмыстық және дүниелік мәселелерге келер

¹ Ерікті әрі сауапты амал – редактордың ескертпесі.

болсақ, Аллаһ Тағала оны рұқсат етіп қойды, әрі кез келген дүниелік нәрселердің тыйым салынғандығына дәлел келмейінше, ол рұқсат етілген болып қала береді. Бұл ережеге көптеген дәлелдер бар. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Ол (Аллаһ) сондай – жер бетіндегі барлық нәрсені сендер үшін жаратты»** («әл-Бақара» сүресі, 29-аят).

Имам әш-Шәукани былай деп жазған: *“Осы аят жаратылғанның барлығы өз негізінде хәлал екеніне дәлел болады, тек қана оны осы негізден тыс шығаратын дәлел келмесе ғана. Әрі бұда жануарлар мен басқа кез келген пайдалы заттардың арасында ешқандай айырмашық жоқ. Әрі «жер бетіндегі барлық нәрсе» деген сөздер бұған өте күшті дәлел болып табылады”*. Қараңыз: “Фәтхул-Қадир” 1/98.

Ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *“Аллаһ Тағала Өз Кітабында рұқсат еткен нәрсесі – рұқсат етілген, ал тыйым салған нәрсесі – тыйым салынған. Ал Аллаһ Тағала айтпай кеткен нәрселерге келер болсақ – олар да рұқсат етілген. Ендеше, осыны Аллаһтан қабылдаңдар, өйткені, расында, Аллаһ еш нәрсені ұмытпайды!”*, - деді де, **«Раббың ұмытпайды»** («Мәриям» сүресі, 65-аят), - деген аятты оқыды. әл-Хаким 2/375, әл-Бәззар 123. Хадистің сенімділігін имам әл-Бәззар, имам әд-Дарақутни, имам әл-Хаким, қады Әбу Бәкр ибн әл-‘Араби, имам ән-Нәуауи, шейх Ибн әл-Қайим, хафиз Ибн Кәсир, имам әс-Суюты мен шейх әл-Әлбани растаған.

Бидғаттың түрлері туралы

Бидғат сенімде, сөздерде және амалдарда болады

Діни бидғат сенім мәселелерінде, сөздерде және амалдарда болады. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Бидғат екі түрлі болады: сөздерде, сенімде, сондай-ақ амалдар мен құлшылықта”*. Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 22/306.

Шейх ‘Али Мәхфуз: *«Бидғат екі түрлі болады: сенімде және амалдарда. Сенімдегі бидғат – бұл Пайғамбар мен сахабалар сенген нәрсеге қайшы келетін нәрсеге сену. Әрі мұндай сенімдегі бидғат амалдағы бидғаттармен қоса көрініс табады ма, жоқ па – бұл маңызды емес»,* - деп айтқан. Қараңыз: «әл-Ибда’» 54.

Сенімдегі бидғаттың мысалы ретінде хауариждердің, му’тазилердің, қадарилердің, рафидилердің, муржилердің және т.б. сол сияқты ағымдардың бидғаттарын келтіруге болады.

Амалдардағы бидғатқа келер болсақ, ол туралы шейх ‘Абдур-Рахман әс-Са’ди былай деген: *«Амалдардағы бидғат – бұл дінде Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бекітпеген құлшылықты бекіту. Шариятта орындалуы парыз немесе мустахаб екендігін көрсететін бұйрық болмаған кез келген құлшылық – амалдардағы бидғатқа жатады»*. Қараңыз: “Фәтауа әс-Са’дия” 63-64.

Сөздердегі бидғатқа келер болсақ, оларға жоғарыда айтылған ағымдардың сенім мәселесіндегі адасушылығынан келіп шығатын сөздері жатады. Сондай-ақ сөздердегі бидғатқа Аллаһты еске алу сөздерінің (зикр) шариятта бекітілмеген кез келген түрі жатады.

Бидғаттың Исламнан шығарып жіберетін және шығарып жібермейтін түрлері бар

Бидғат түрлерінің ішінде ең қауіптісі – сенімдегі бидғат, себебі сенімдегі бидғаттың ішінде Исламнан шығарып жіберетіндей сенімдер бар. Шейх Ибраһим әр-Руһайли хафиз Ибн Ахмад әл-Хакамиге сүйеніп, былай дейді: *«Діндегі бидғат екі түрлі болады: діннен шығаратын және діннен шығармайтын. Діннен шығаратын бидғаттың шекарасы туралы айтар болсақ, оған мынадайлар жатады: ол туралы көптеген жолдармен жеткен әрі дін ережелерінен белгілі болған бірауызды келісім (ижма') бар амалды жоққа шығару. Мысалы, қандай да бір міндетті жоққа шығару немесе міндетті емес нәрсені міндетті ету. Тыйым салынған нәрсені рұқсат ету немесе рұқсат етілген нәрсені тыйым салу. Аллаһқа қатысты Аллаһ, Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және Құран теріске шығаратын сенімге ие болу, ол сенім мейлі бекіту болсын, мейлі жоққа шығару болсын – бәрібір. Өйткені осыда Құран мен Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) елшілігін өтірік деп жариялау бар. Оған мысал ретінде Аллаһтың сипаттарын жоққа шығаратын, Құранды жаратылыс деп есептейтін және Аллаһтың кез келген сипатын жаратылған деп санайтын жәһмилердің сенімін келтіруге болады».* Қараңыз: *«Мәуқиғ әһл әс-Сунна уәл-жәма'а мин әһлил-әһуа уәл-бида'»* 1/105.

Діннен шығаратын сенімдегі бидғатқа мысал ретінде шейхул-Ислам Ибн Тәймияның шектен шыққан жәһмилердің сенімі туралы айтқан сөздерін келтіруге болады: *«Сәләфтар мен имамдардан Аллаһтың сипаттарын жоққа шығаратын анық жәһмилерді күпірлікте айыптау туралы хабарлар жеткен. Олардың «Аллаһ сөйлеспейді, көрмейді, Оның жаратылыстардан айырмашылығы жоқ, білімі жоқ, құдіреті жоқ, күші жоқ, Ол естімейді, өмір сүрмейді» деген сыңайлы сөздері бар. Олар «Құран жаратылған, тозақтықтар Аллаһты көрмейтіні сияқты жәннаттықтар да Аллаһты көрмейді» деген және т.б. осыған ұқсас сөздер айтады».* Қараңыз: *“Мәжму'ул-фәтауа”* 3/358.

Исламнан шығармайтын, бірақ адасушылыққа салатын бидғаттарға келер болсақ, олар хафиз Ибн Ахмад әл-Хаками айтқандай, - бұрыс түсінік (тауил) пен әуес-қалаулардың (һәуа) салдары болып табылатын, бірақ Құранның немесе Аллаһ Өз пайғамбарына түсіргеннің ішінен еш нәрсені жоққа шығаруға алып бармайтын нәрселер. Қараңыз: *“Мә'ариж әл-қабул”* 2/617.

Муслим жеткізген хадисте (2/592): *«Әрбір бидғат – бұл адасушылық»*, - деп айтылғандай, кез келген бидғат – адасушылық болғанымен, олар күнә мен күпірлік дәрежесі бойынша өзара ерекшеленеді. Имам әш-Шәтыби былай деп айтатын: *“Бидғаттар айыптау мен тыйым салу тұрғысынан бірдей емес екендігі түсінікті болды, әрі олардың ішінде айыпты болып табылатындары да бар, сол сияқты тыйым салынған болып табылатындары да бар. Дегенмен, қалай болғанда да олар адасушылық деп аталады”.* Қараңыз: *“әл-И'тисам”* 1/362.

Бидғаттың ешқандай негізі жоғы және негізі бар нәрсеге қосылғаны болады

Бидғаттың ешқандай негізі жоғы (әл-бид'а әл-хақиқия) және шарифатта бекітілген белгілі бір құлшылыққа қосымша қосылғаны (әл-бид'а әл-идафия) сияқты түрлері бар. Қараңыз: *“Танбих улил-әбсар”* 96, *“Нур әс-Сунна”* 41.

Өкінішке орай, шарифатта ешқандай негізі жоқ бидғаттар (әл-бид'а әл-хақиқия) өте көп. Әрі олар – заңды екеніне не Құранда, не Сүннетте, не бірауызды келісімде нұсқауы болмаған нәрселер. Олардың қатарына Аллаһқа пірадарлық (монахтық өмір) арқылы жақындауды, хәлал етілген дүниелік нәрселердің әлдебіреулерін өзіне тыйым салып, осыны игілік деп санауды және т.б. жатқызуға болады. Мысалы, имам Мәлик (біреулер) күннің астында

тұруды, сөйлемеуді немесе белгілі бір жерге жаяу баруға нәзір беруді құлшылыққа жатқызған кезде, мұны күнә деп атап, оларға тыйым салатын. Имам әш-Шәтыби имам Мәликтің сөзін келтіріп былай деген: *«Мәликтің күннің астында тұруды, сөйлемеуді және Шамға, не Мысырға жаяу баруға нәзір етуді тыйым салғаны, әрі бұлардың барлығын күнә деп атағаны жайлы ой толғаңдаршы! Бұл амалдар өз негізінде халал болып табылады, алайда (біреулер) оларды дінге теліп, сол арқылы Аллаһқа құлшылық етуді шешкен кезде, имам Мәлик оларды күнә деп атады»*. Қараңыз: “әл-И’тисам” 2/534.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия: *“Жүннен тоқылған киімді Аллаһқа құлшылық ретінде кию – бидғат”,* - деп айтқан. Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 11/555.

Имам әш-Шәтыби дінге енгізіліп, кейіннен шарифаттың бір бөлігіне айналдырылған бидғаттың түрлерін атап, былай деді: *“Бұлардың қатарына белгілі бір нәрселерді қатаң белгіленген үлгіде ұстану жатады, мысалы, Аллаһты көпшілік болып бір дауыспен зікір ету немесе Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туылған күні – мәулітті мейрам (‘ид) етіп алу”*. Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/39.

Ал шарифатта негізі бар құлшылыққа қосымша қосылған бидғат (әл-бид’а әл-идафия) туралы айтар болсақ, имам әш-Шәтыби оның мағынасын түсіндіріп, былай деді: *«Құлшылықтың негізі бекітілген, бірақ әлгі қосымшасы (тиісті) дәлелдің жоқтығы себепті шариги негізден шығады»*. Қараңыз: “әл-И’тисам” 2/140.

Сөйтіп, «қосымша қосылған бидғат» дегенде шарифатта негізі бар бір әрекетке араласып кеткен бидғат туралы сөз болады. Мысалы, азанның немесе намаздың (шарифат тарапынан) заңдастырылған сөздері айтылып біткен соң, оларға қосымша қосылатыны немесе тұрақты түрде орындалатыны туралы дінде еш нәрсе айтылмаған нәрселер қосылады. Имам Ибн Хәжар әл-Хайтамиден тура азан сөздерінің ішінде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат айту туралы сұраған кезде, ол былай деп жауап берді: *«Мұның (азан айтудың) негізі Сүннет болып табылады, бірақ осы түрі (азанның ішінде Пайғамбарға салауат айту) – бидғат!»* Қараңыз: “әл-Фәтауа әл-хадисия” 1/131.

Сондай-ақ ғалымдар бидғаттың мұндай тарауына (шарифат тарапынан) заңдастырылмаған үлгіде жасалатын намаз, ораза т.с.с түрлі құлшылық түрлерін де жатқызған. Мысалы, «рағайып» деп аталатын намаз. Бұл – кейбір білімсіз адамдар ражаб (ережеп) айының алғашқы жұмасында оқитын он екі ракағаттан тұратын намаз. Мұндай намаздың шарифатта ешқандай негізі жоқ және барлық мазһаб имамдарының пікірі бойынша, ол намаз бидғат болып табылады. Қараңыз: “әл-Фәтауа әл-кубра” 2/239, “әл-Мәдхал” 1/294.

Немесе Шағбан айының ортасына орындалатын «саләтул-бараа» (бараат намазы) деп аталатын намаз. Ол да шарифатта ешқандай негізі жоқ діндегі бидғатқа жатады. Қараңыз: “әс-Сунан уәл-мубтади’ат” 156.

Бұл мәселе барынша түсінікті болу үшін, шейх ‘Али Махфуздың өте пайдалы сөздерін келтірейік: *“Жалпылама мәтіндерді Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) іс-әрекетімен немесе істемей қалдыруымен түсіндіргеніне назар аудармай, оларға ілесу – Аллаһ Тағала тыйым салған күмәнді, анық емес (муташәбиһ) нәрсеге еру болып табылады! Өйткені егер біз нақтылауға қарамай, тек жалпылама мәтіндерге жүгінер болсақ, түбі таусылмайтын бидғатқа айқара есік ашып береміз. Мынау – біз айтып отырған нәрсеге мысал: әт-Табаранидің жинағында «Ең жақсы амал – бұл намаз» деген хадис келген. Егер осы хадистің жалпылама мәтінін алсақ, онда қалайша біз рағайып намазы мен шағбанның ортасындағы намазды (саләтул-*

бараа) қайтарылған бидғат дей аламыз?! Өйткені бұлар жалпылама хадистің мәтініне сүйеніп тұр ғой. Алайда ғалымдар осы екі намазды жиіркенішті, айыпты бидғат деген!

Екінші мысал: Аллаһ Тағала: **«Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр!»**, - дейді. Ол сондай-ақ тағы бір жерде: **«Аллаһты көп еске ал!»**, - дейді. Енді осыларға сүйеніп, екі айт намазына, күн тұтылғанда оқылатын намазға және тарауық намазына азан шақыруды шешкен біреуді елестетіп көріңізші?! Ал біз: «Сіз Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқашан істемеген және өзгелерге де істе деп бұйырмаған істі қалайша істейсіз?», - десек, ол бізге: «Расында, муаззин (азаншы – ред.) шақырушы және Аллаһты еске алушы болып табылады!», - дейді. Енді сіз ол кісіге қалай дәлел әкелесіз, әрі оның бидғатын қалай теріске шығарасыз?!

Үшінші мысал: Аллаһ Тағала: **«Расында, Аллаһ та, Оның періштелері де Пайғамбарға салауат жолдайды. Әй, иман келтіргендер, оған салауаттар мен сәлем жолдаңдар!»**, - дейді. Осы сырттай және жалпылама бұйрыққа сүйеніп, намазда тұрғанда да, рукуғта да, сәждеде де және Пайғамбар өзіне салауат айтуды бекітпеген жағдайлардың барлығында салауат айтумен Аллаһқа жақындауға болады! (Бірақ) бізге Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Намазды мен сендердің көздеріңше орындағандай етіп орындаңдар!»**, - деген хадисі белгілі бола тұра, осындай (амалдар) арқылы Аллаһ Тағалаға жақындауды орнатқан адамның намазы дұрыс бола ма?!» Қараңыз: «әл-Ибда'» 25.

Айтып жатқанымызға мысал ретінде Ибн 'Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен мына хадисті келтірсек болады: “Бірде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құтпа айтып тұрғанында, түрегеліп тұрған бір адамға көзі түсіп, ол жайында сұрады. Адамдар: “Ол – күннің астында тұруға, отырмауға, (аптаптан) көлеңкеге паналамауға, сөйлемеуге және ораза ұстауға нәзір берген Әбу Исраил ғой”, - деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Оған сөйлесін, (аптаптан) көлеңкеге жасырынсын және отырсын деп бұйырыңдар, ал оразасын соңына дейін жалғастыра берсін»**, - деді”. Әл-Бухари 6704.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамға тек ораза ұстауды ғана бұйырып, қалғандарына тыйым салды, өйткені ораза – бұл Аллаһ жақсы көретін құлшылық. Ал оның оразадан өзге істеген амалдары – Аллаһқа жақындататын құлшылық емес еді, тіпті егер біреу оны солай деп есептесе де». Қараңыз: “Мәжму'ул-фәтауа” 11/614.

Имам әш-Шәтыби былай деп айтқан: “Ақиқатында, (негізі жоқ) «бид'а хақиқияның» күнәсі (негізі бар құлшылыққа қосылған) «бид'а идафиядан» гөрі ауырырақ, себебі ол анық тыйым салынған, әрі қадарилердің адасушылығы, немесе «хабар әл-ахад» хадистерді қабылдамау, немесе бірауызды пікірді мойындамау, немесе арақ-шарапты халал ету, немесе имамдарды күнәсіз деп айту және сол іспеттес нәрселер сияқты Сүннетке айқын қарама-қайшылық және одан шығып кету болып табылады”. Қараңыз: “әл-И'тисам” 2/145.

Шейх Мухаммад Са'ид Раслән «бид'а идафияға» қатысты үкімдерді түсіндіріп, амал белгілі бір негізі бар құлшылықты шарифатқа деген алты тарапты сәйкессіздіктің біреуі жағынан қосу, бұрмалау немесе өзгерту себебімен бидғатқа айналады деген:

1. Себебі

Егер белгілі бір құлшылықтың шарифатта заңды етіп бекітілмеген себебі пайда болса, ол қабылданбайтын бидғатқа айналады. Оған мысал ретінде кейбір адамдардың ережеп (ражаб)

айының жиырма жетінші түнін ұйықтамай өткізуін келтіруге болады. Олар мұны осы түні Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкке көтерілгенімен негіздейді. Таһажжуд (түнгі намаз) құлшылық болып табылады, бірақ ол әлгі себепке байланыстырылған кезде, бірден бидғатқа айналды, себебі бұл құлшылық шарифатта орнатылмаған себепке негізделіп құрылған. Әрі осы сипаттама, яғни себептің шарифатқа сәйкес келуі өте маңызды, өйткені ол арқылы қателікпен Сүннет деп саналып жүрген көптеген бидғаттар танылады.

2. Түрі (тегі)

Амал аталған құлшылықтың түрі мен тегінде шарифатқа сәйкес келуі тиіс. Егер адам Аллаһқа шарифатта бекітілмеген құлшылық түрімен жақындауға тырысса, оның істеп жатқан сол құлшылығы қабыл болмайды. Бұған мысал ретінде кісінің Айт күні жылқыны құрбандыққа шалуын келтіруге болады. Оның құрбандығы дұрыс болып саналмайды, өйткені шарифатқа деген сәйкессіздік бұл жерде құрбандыққа шалынатын малдың түрі мен тегінде болып тұр, себебі Құрбан айтта ('Ид әл-Адха) үш түрлі малдың еркегі мен ұрғашысын ғана шалуға болады, олар: түйе, сиыр және қой (ешкі).

3. Мөлшері (саны)

Егер шарифат белгілі бір құлшылықтың мөлшерін (санын) бекітіп қойған болса, онда орындау кезінде оның мөлшерін көбейтуге де, азайтуға да болмайды. Егер біреу бекітілген парыз намаздарға қосымша тағы да парыз намазды жүктегісі келсе немесе бекітілген парыз намаздардың ракағат санын көбейткісі келсе, оның намазы қабыл болмайды, себебі ол шарифатта бекітілген мөлшерге қайшы келіп тұр. Мысалы, адам бесін (зуһр) намазының парызын бес ракағат етіп оқитын болса, оның намазы қабыл болмайды.

4. Кейіні (орындалу тәртібі)

Дінде бекітілген белгілі бір құлшылықтың ретін (тәртібін) өзгертуге болмайды. Мәселен, намазды ташаһһудпен бастап, содан кейін рукуғ пен сәжде жасауға болмайды. Сондай-ақ егер кісі дәрет алуды аяқты жуудан бастап, содан соң басына масих тартып, сосын екі қолын жуып, бетін жуумен аяқтаса, онда ғалымдардың ең дұрыс пікірі бойынша оның дәреті жарамсыз болады. Өйткені дәрет алудың (мұндай) тәртібі осы құлшылықты орындаудың Құран мәтінімен бекітілген үлгісіне қайшы келеді.

5. Уақыты

Мысалға, егер бір кісі құрбандықты зул-хиджа айының алғашқы күндерінде шалатын болса, оның құрбандығы қабыл етілмейді, өйткені шарифат бұл құлшылыққа нақты бір уақыт белгілеп қойған.

Құрбан Айт күнінде құрбан шалу (әл-удхийя), немесе әл-Харамдағы Қаситетті мешітке жіберілетін малдарды құрбан шалу (әл-хадь), немесе бала туылуына байланысты құрбан шалу (әл-ақиқа) арқылы Аллаһқа жақындау шарифатта бекітілген екенін білу қажет. Ал

құрбан шалудың Аллаһқа құлшылық ету және жақындау мақсатымен және осы үшін сауап алуды үміт етіп жасалатын қандай да басқа түрлеріне келер болсақ, олар бидғат болып табылады.

Ал ет үшін мал союға келер болсақ, бұл кез келген уақытта рұқсат етілген, әрі бұл мәселеде ешқандай проблема жоқ.

6. Орыны (мекені)

Егер адам мешіттен басқа жерде иғтикаф² жасаса, немесе қажылық кезінде Арафат тауында тұру ниетімен Арафат тауынан басқа жерде тұрса, немесе Қағбадан басқа жерде тауап жасаса, оның істеген құлшылықтары шарифат бекіткен орында жасамағандығы себепті қабыл болмайды.

Амал ізгі әрі Аллаһтың алдында қабыл болуы үшін негізгі екі шартқа сай келуі қажет, олар: ықыластылық және Сүннетке сай болу. Ал амал осы алты тармаққа сәйкес келмейінше Сүннетке сай болуы мүмкін емес. Сондықтан да амал себебінде, не түрінде, не мөлшерінде, не тәртібінде, не уақытында, не орнында шарифатта бекітілген (үлгіге) сәйкес келмесе, ол Сүннетке сай келу шартына сәйкес болмауы себепті жарамсыз болады. Толығырақ “Рисалә фил-бид’а уәл-мубтади’ин” 360-362 кітабын қараңыз.

Діни бидғаттың қауіптілігі және ол қатал түрде тыйым салынғандығы жөнінде

Бидғат – күпірлікке, ширкке алып баратын жол

Әбу Са’ид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Расында, сендер өздеріңе дейін өмір сүргендердің салтына еліктейсіңдер: олардың ізіне түсіп, бір сүйем де, бір қадым да кейін қалмайсыңдар! Тіпті егер олар кесірткенің ініне кірсе, сендер де бірге кіріп кететін боласыңдар!»* Сонда сахабалар: *«Уа, Аллаһтың елшісі, сіз яһудилер мен христиандар туралы айтып тұрсыз ба?»*, - деп сұрады. Ол: *«Енді басқа кім туралы?»*, - деп жауап берді. Әл-Бухари 3456, Муслим 2669.

Саубаннан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Менің үмметімдегі адамдар мүшириктенге (көпқұдайшылдарға) қосылмайынша және үмметімнің бір бөлігі пұттарға табынбайынша, Қиямет Күн болмайды»*. Ахмад 5/278, Әбу Дәуд 4252, Ибн Мәжаһ 3952. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбани мен шейх ‘Абдул-Қадир әл-Арнаут растады.

Ақиқатында, бидғат мәселесіне атүсті қарағандықтан көптеген Ислам ағымдары ширк пен күпірлікке түсті. Жағдай ушыққаны соншалық – тіпті қазіргі кезде қаншама надан мұсылмандардың әруақтардан мен әулие-әнбиелерден бала, денсаулық, байлық тілеп дұға ететіні, қабірлерді киелі деп санап, оларға арнайы сапар жасап келіп, тәу ететіні, олардан жолын ашуын сұрап, құрбандық шалатыны, кесенелерді қасиетті деп ойлап, медет сұрайтыны ешкімге жасырын емес.

Аллаһ бізді бұдан сақтасын!

² Рамазан айының соңғы он күнін мешіттен шықпастан құлшылық етіп өткізу – аудармашының ескертпесі.

Дінге жаңалық енгізген адам өзін заң шығарушының орнына қойған болып есептеледі, ал негізінде заң шығарушы тек Жалғыз Аллаһ қана

Аллаһ Тағала былай дейді: «Немесе дін тұрғысынан Аллаһ бұйырмаған нәрсені оларға шарифат ететін серіктері бар ма?!» («әш-Шура» сүресі, 21-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай дейді: «Раббыларыңнан сендерге түсірілгенге бой ұсыныңдар да, Одан өзгені дос тұтып ілеспеңдер. Нендей аз ғана үгіт тыңдайсыңдар!» («әл-А'раф» сүресі, 3-аят).

Діни үкім шығару адамдардың емес, тек әлемдердің Раббысының қақысы ғана. Аллаһ Тағала кез келген діни үкімді Өзінің пайғамбарлары арқылы ғана бекіткен, олардан басқа ешкімге ондай құқық берілмеген! Сондықтан дінге жаңалық енгізіп, оны жақсы деп ойлаған адам өте қатерлі жағдайда тұр, себебі ол: «Маған Аллаһтың шарифатына бір нәрсені енгізуге, қосуға рұқсат етілген», - деп есептейді. Имам әш-Шәфи'и былай деген: “Кім бір нәрсені жақсы деп санаса, ол соны шарифатқа бекітуге тырысады!” Қараңыз: «Жәм' әл-жәуәми'» 2/395.

Өз шешімімен дінге бір нәрсені енгізу тіпті Пайғамбарға да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салынған

Аллаһ Тағала былай деді: «Біз сені шарифат жолына салдық. Енді сонымен жүр. Білмегендердің ойларына ілеспе!» («әл-Жәсия» сүресі, 17-аят).

Аллаһ Тағала тағы да Өз пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы былай дейді: «Ол өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана» («ән-Нәжм» сүресі, 3-4 аяттар).

Аллаһ Тағала Мұхаммед пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтуды бұйырды: «Мен тек өзіме уахи етілген нәрсеге ғана ілесемін» («әл-Ахқаф» сүресі, 9-аят).

Субхан-Аллаһ! Тіпті Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек Аллаһ бекіткен нәрсеге ілесіп, дінге Аллаһ бұйырған нәрседен басқа өз тарапынан еш нәрсені қоспаған болса, Аллаһ Тағаланың дініне қосымша бір нәрсе енгізіп жатқан пайғамбар да, елші де емес біреу туралы не айтуға болады?!

Бидғат күпірлік пен ширктен кейін ең үлкен күнә болып табылады

Әһлю-Сунна имамдары күпірлік пен ширктен кейін бидғаттан асқан ауыр күнә жоқ екеніне бірауызды келіскен. Ибн 'Аббас (Аллаһ оған разы болсын): “Аллаһқа ең жек көрінішті амал – бидғат!”, - деген. Әл-Бәйһақи “Сунанул-кубра” 4/316. Шейх Мәшхур иснадының сенімділігін растады.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: “Ислам имамдары бидғатты күнәлардың ішінде ең қорқыныштысы және ең ауыр екендігіне бірауыздан келіскен”. Қараңыз: “Мәжму'ул-фәтауа” 28/470.

Аллаһ Тағала бидғатты теріске шығарып, оны қабылдамайды

‘Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Кімде-кім біздің бұл ісімізге (дінге) онда жоқ нәрсе енгізсе, оның ісі кері қайтарылады (қабыл болмайды)»*. Ал бұл хадистің басқа риуаятында: *«Кімде-кім біздің бұйрығымыз болмаған бір іс жасаса, ол ісі кері қайтарылады»*, - делінген. Әл-Бухари 2697, Муслим 1718.

Имам Ибн Дақық әл-‘Ид былай деген: *«Тіл мамандары «қайтарылады» деген сөздің мағынасын «қабыл болмайды» деген!»* Қараңыз: “Шарх әл-әрбә’ун” 24.

Ал әл-Хасан әл-Басри былай деген: *«Бидғатшының оразасы да, намазы да, қажылығы да, ‘умрасы да, садақасы да, жиһады да қабыл болмайды»*. Ибн Батта “әл-Ибана” 1/125.

Егер адамның істеп жатқан бидғаты Исламнан шығарып жіберетін болса, оның құлшылығы қабыл болмайды, өйткені кәпірдің бірде-бір амалы қабыл етілмейді. Ал егер бидғатқа белшесінен батқан адамның бидғаты Исламнан шығарып жібермейтін дәрежеде болса, оның тек бидғат араласқан құлшылығы ғана қабыл етілмейді.

Бидғат Сүннеттің жойылуына себепші болады

Ғадыф ибн әл-Харастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Егер қандай да бір халық бидғат енгізсе, олар осынысы үшін міндетті түрде сол бидғаттың дәрежесіне тең, Сүннеттен айрылады!»* Ахмад 4/105.

Бұл хадистің сенімділігіне қатысты имамдар арасында ‘Абдуллаһ ибн Әбу Мәриям деген жеткізушіге байланысты келіспеушіліктер бар. Хафиз әл-Мунзири, шейх әл-Әлбани және басқалар бұл хадисті әлсіз деген. Ал хафиз Ибн Хәжар мен имам әс-Суюты хадистің иснадын жақсы деген. Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 13/253, “Фәйдул-Қадир” 4/518, “Дә’иф әт-тарғиб” 37.

Дегенмен, осыған ұқсас сөздер сахабалардан, үмметіміздің алғашқы буын өкілдерінен жетеді. Мысалы, Ибн Мәс’уд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Сендердің бастарыңа оның кесірінен ересектер қаусаған шалға, ал жастар ересектерге айналатын бүлік келіп жеткенде, адамдар адасушылықты Сүннетке айналдырып алған әрі егер біреу одан бір нәрсені қалдырса, оған: «Сен Сүннетті тастадың ба?», - деп айтылатын кезде не істемексіңдер!?»* Адамдар одан: *«Бұл қашан болады, уа, Ибн Мәс’уд?»*, - деп сұрады. Ол: *«Ғалымдардың саны жогалып, қарилардың саны көбейгенде, фақиһтердің саны азайып, билеушілердің саны көбейгенде, ізгілердің саны азайып, ақыретке арналуы керек болған істер осы дүние үшін істелінетін әрі адамдар дінді дін үшін емес (өзге нәрселер үшін) оқып-үйренетін кезде!»*, - деді. Әд-Дәримі 1/64, әл-Хаким 4/514. Шейх әл-Әлбани сенімділігін растап, мұндай хабарлар сахабалардан жеткенімен, мәрфу’ үкімінде болады деген. Яғни Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізіледі.

Ибн әд-Дәйлами былай деген: *“Мен ‘Абдуллаһ ибн ‘Амрдің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегенін естідім: «Бидғат енгізілген сайын өсе береді, ал Сүннет қалдырылған сайын кішірейе береді»”*. Ибн Уәддах «әл-Бида’» 91, Ибн Батта “әл-Ибана” 227. Шейх Мәшхур иснадын сенімді деген.

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *“Аллаһтен ант етемін, бидғат соншалықты таралып кетеді - тіпті егер адам бидғаттың біреуін тастаса, оған: «Сүннетті тастадың!», - деп айтылатын болады”*. Ибн Уәддах «әл-Бида’» 162.

Ибн ‘Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Адамдар әрбір жыл өткен сайын бидғат енгізіп, Сүннетті тастайтын болады. Міне, бұл нәрсе адамдар бидғатты тірілтіп,*

Сүннетті өлтіргенше жалғаса береді!» Эт-Табарани “әл-Кәбир” 10/319, әл-Ләлакаи “Шарх усул әл-и’тиқад” 125, Әбу ‘Амр әд-Дани “әл-Фитан” 277. Хафиз әл-Хайсами бұл хабардың жеткізушілерінің барлығы сенімді деген. Қараңыз: “Мәжма’у-ззауaid” 1/188.

Хассан ибн ‘Атыя былай деген: “Кісі Сүннетті жоғалтпайынша бидғат істемейді”. Әбу Ну’айм “әл-Хилья” 6/73. Сенімді иснад.

Дәл осындай сөздер Әбу Идрис әл-Хәуланиден де жеткен. Қараңыз: Ибн Уәддах «әл-Бида’» 90.

Әрі біз өте жиі жағдайда адамдар белгілі бір мәселеде сенімді Сүннетті тастап, Құранда да, Сүннетте де, бірде-бір сәләфтың сөздерінде де кездеспеген нәрсені ойлап тауып жатқанына куә болып жүрміз ғой!

Аллаһ Тағаладан бізді Сүннетті тірілтіп, бидғатты жаншушылардан етсін деп сұраймыз! Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Шын мәнінде, бұл дін бөтен болып басталды, кейін бөтен болып аяқталады. Менен кейін Сүннетімді бүлдірген адамдарды тәртіпке келтіретін бөтендер (ғураба) үшін Туба (Жәннаттағы ағаш) болсын».** Эт-Тирмизи 2630, эт-Табарани 9/76. Имам Әбу ‘Иса эт-Тирмизи хадистің сенімділігін растады. Сондай-ақ мынаны қараңыз: «әс-Силсила әс-сахиха» 1273.

Бидғат – бұл Тозаққа алып баратын адасушылық

Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға құтпа жасап, былай деді: **«Ең жақсы сөз – бұл Аллаһ Тағаланың Кітабы, ал ең жақсы жол – бұл Мұхаммедтің жолы. Ең жаман амалдар – бұл дінге енгізілген жаңалықтар, ал әрбір дінге енгізілген жаңалық – бұл бидғат, ал әрбір бидғат – бұл адасушылық, ал әрбір адасушылық Тозақта!»** Ән-Нәсаи 3/188. Хадистің сенімділігін шейхул-Ислам Ибн Тәймия мен шейх әл-Әлбани растады.

Бидғат – бұл тура жолдан адастыратын себеп

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Күдіксіз, Менің тура жолым осы. Енді соған еріңдер! Басқа жолдарға түспеңдер, олар сендерді Аллаһтың жолынан айырады»** («әл-Ән’ам» сүресі, 153-аят)

Мужаһид аяттағы «...басқа жолдарға түспеңдер...» деген сөздер туралы: **“Бидғаттар мен күмәнді нәрселерге түспеңдер”,** – деген! Әл-Бәйһақи 3/183, әд-Дәримиді 2/182.

Бидғат кішкентайдан басталып, кейін үлкен және қасіретке ұшырататынға айналады

‘Амр ибн Сәлама былай деп баяндайды: **“Біз үнемі таң намазына дейін ‘Абдуллаһ ибн Мәс’удпен бірге мешітке бару үшін оны күтіп, есігінің алдында отыратынбыз. Бір күні бізге Әбу Муса әл-Әш’ари келді де: “Әбу ‘Абдур-Рахман шықты ма?”, – деп сұрады. Біз: “Жоқ”, – дедік. Сонда ол бізбен бірге отырып, Ибн Мәс’уд шыққанға дейін күтті. Ол шыққан кезде, біз барлығымыз оған жақындадық. Әбу Муса (оған): «Уа, Әбу ‘Абдур-Рахман, расында, мен жаңа ғана мешітте өзіме ұнамайтын бір нәрсе көрдім, бірақ, дегенмен, Аллаһқа мадақ, мен жақсылықтан басқа еш нәрсе көрген жоқпын», – деді. Ибн Мәс’уд: «Ол не?», – деп сұрады. Әбу Муса: “Егер тездетсеңіз, оны өзіңіз-**

ақ көріп үлгересіз. Мен ол жақта намазды күтіп отырып, шағын шеңберлер құрған адамдарды көрдім. Олар қолдарына майда тастар ұстап алған және әрбір шеңбердің ортасындағы бір адам: «Жүз рет «Аллаһу әкбар» деп айтыңдар!» – дейді, ал қалғандары сол сөзді жүз рет қайталап отырды. Әлгі кісі: «Жүз рет «лә иләһә иллә-Аллаһ» деп айтыңдар», – дейді, ал қалғандары сол сөзді жүз рет қайталайды. Тағы әлгі кісі: «Жүз рет «субхана-Аллаһ» деп айтыңдар», – дейді, ал қалғандары сол сөзді жүз рет қайталайды”, – деді. Ибн Мәс’уд: «Сонда сен оларға сөгіс айтпадың ба?!», – деп сұрады. Ол: «Мен оларға еш нәрсе айтқан жоқпын, өйткені осы турасында алдымен сіздің ойыңызды білейін деп едім», – деп жауап қатты. Ибн Мәс’уд былай деді: «Сен неге оларға жаман амалдарын санауды бұйырып, олардың ізгі істерінің ешқайсысы жоғалматытына кепілдік бермедің?!»”

Содан соң біз онымен бірге мешітке қарай бет алдық. Ибн Мәс’уд әлгіндей шеңберлердің біріне жақындап тоқтады да, сол жерде отырғандардан: «Не істеп отырсыңдар өздерің?!», – деп сұрады. Олар: “Уа, Әбу ‘Абдур-Рахман, біз осы майда тастар арқылы қаниа рет «Аллаһу әкбар», «Лә иләһә иллә-Аллаһ», «Субханаллаһ», «Әлхамдулилләһ» деп айтқанымызды санаймыз, – деді. Сонда Ибн Мәс’уд былай деді: «Өз күнәларыңды санағандарың дұрыс болар еді, ал мен сендердің ізгі істеріңнің ешқайсысы жоғалып кетпейтініне кепілдік беремін. Әй, Мұхаммедтің үмметі, қасірет болсын сендерге! Сахабалар араларыңда жүрсе де, оның (Пайғамбардың) киімі әлі тозып, ал ыдыстары сынып үлгірмесе де, сендер опат болуға нендей асығудасыңдар?! Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін, сендер не Мұхаммедтің дінінен гөрі жақсырақ дін әкелдіңдер, не адасушылыққа қарай жол аштыңдар!» Әлгі кісілер: «Уа, Әбу ‘Абдур-Рахман, Аллаһпен ант етеміз, біз жақсылықтан басқа еш нәрсе қаламадық қой!», – деп еді, Ибн Мәс’уд: «Қаниама адам жақсылық қалап, бірақ оған жете алмайды! Шын мәнінде, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге былай дейтін: «Менің үмметімнен бір адамдар пайда болады. Олар Құран оқиды, бірақ Құран олардың жұтқынышақтарынан әрі өтпейді!» Аллаһпен ант етейін, білмеймін, бірақ сендердің көбің сондайлардан шығарсыңдар!», – деді де, олардан әрі кетіп қалды”.

Кейін ‘Амр ибн Сәлама былай деп сөзін жалғастырды: “Олардың көбісін Нәхрауан шайқасында бізге қарсы хауариждер жағында соғысқанын көрдік”. Әд-Дәримидің 1/68, әт-Тәбарани 8628. Сенімділігін хафиз әл-Хайсами, шейх Ахмад Шәкир мен шейх әл-Әлбани растады. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” № 2005.

Мына аса пайдалы, ғибрат боларлық оқиғаға назар аударыңыздар! Әлгі адамдар майда тастар арқылы Аллаһты топ болып зікір етуден басталған кішкентай ғана бидғаттан Исламдағы ең жаман секталардың бірі болған хауариждердің қатарынан бір-ақ шыққанына қараңыздаршы! Имам әл-Бәрбахари: «Амалдардағы кіші бидғаттардан сақтануыңдар, өйткені, расында, кіші бидғат үлкейгенше ұлғайып-өседі! Бұл үмметке енгізілген әрбір бидғат өзінің алғашында кішкентай және ақиқатқа ұқсас еді, әрі осы бидғатқа кірген адам алданды да, кейін одан шыға алмай қалды. Сөйтіп, бұл бидғат үлкен болып, адамдар ұстанатын дінге айналды», – деп, ақиқатты айтқан. Қараңыз: “Шарх әс-Сунна” 61.

Исламның бидғатшыларға қатысты ұстанымы

Бидғатшылар – күнәһарлардың ішіндегі ең жамандары

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «Сүннет пен бірауызды келісім (әл-ижма') бойынша, бидғатшылар – күнәһарлардың ішіндегі ең жамандары». Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 20/103.

Имам Ахмад былай деп айтқан: «Үлкен күнәлар жасап жүрген Сүннетті ұстанушылардың қабірлері – бау-бақшалар, ал дүниені тәрк еткен бидғатшылардың қабірлері – шыңырау-құз! Әһлю-Суннадан болған пасық адам – Аллаһқа жақын адам, ал зуһд³ бидғатшы – Аллаһтың жауы!» Қараңыз: “Табақат әл-хәнабила” 1/184.

Бидғаттар мен өз әуес-қалауларын жақтаушылардың жағдайы басқа күнәларды жасаушылардың жағдайынан нашар, өйткені күнәһарлар өздерінің істеп жатқан нәрселерінің күнә екенін түсінеді әрі уақыт өтісімен тәубе етуі мүмкін, ал бидғатшылар өз істерін күнәлі деп есептемейді, керісінше, бұны Аллаһ жақсы көретін құлшылық деп санайды. Әрине, ондай адам тәубе ету туралы тіпті ойламайды да, әрі уақыт өткен сайын адасушылыққа тереңдей түседі. Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: «Аллаһқа Ол тыйым салған нәрселер арқылы құлшылық етіп жүрген адамдардың көбісі сонысы Аллаһқа мойынсұну және жақындау екендігіне сенімді! Әрі осындай адамның жағдайы өзі істеп жүрген ісін күнә екенін білетін адамның жағдайынан нашар!» Қараңыз: “Иғасату-лләхфан” 2/181.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: «Бидғатшылардың жетекшілері жай күнә жасайтын адамдарға қарағанда үмметке көбірек зиян әкеледі! Дәл сол себеппен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хауариждерді өлтіруді бұйырып, әділетсіз мұсылман басшыларына қарсы соғысуға тыйым салды!» Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 7/284.

Бидғатшылар өз күнәларының ауыртпалығын да, олардың бидғаттарына ергендердің де күнәсін арқалайды

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Тура жолға шақырған кісі ізінен ергендердің сауабына тең сауап алады, әрі бұл олардың сауаптарын еш азайтпайды. Ал адасушылыққа шақырған кісі ізінен ергендердің күнәсін арқалайды, әрі бұл олардың күнәларын еш жеңілдетпейді!» Муслим 2674.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деген: «Адамдар менің Сүннетімді өлтіргеннен кейін оны тірілткен кісі сол Сүннетті істеген бүкіл адамдардың сауабына тең сауап алады, әрі бұл олардың сауаптарын түк азайтпайды! Ал бидғат енгізген адам сол бидғаттың күнәсін әрі сол бидғатты істейтін адамдардың

³ Редактордың (қаз.) ескертпесі: Зуһд – (аскет – рус.) араб тілінен енген кірме сөз. Сәләфтардың «зуһд» сөзіне берген кейбір түсіндірмелері келесідей:

Суфьян әс-Саури былай деген: «Зуһд – бұл жаман тамақ жеу және жүннен (тоқылған) киім кию емес, (ол -) үлкен үміттердің болмауы». Уаки' “әз-Зуһд” 1/222.

Уаһб ибн әл-Уард «зуһд» ұғымына қатысты былай деген: «Зуһдтық - қолыңнан тайған дүниелік нәрселерге қайғырмауыңда әрі қолың жеткен дүниелік нәрселерге қуанбауыңда». Абу Ну'айм “әл-Хилья” 8/140.

Абу Идрис әл-Хәулани былай деген: “(Адам) зуһдтыққа халалды харам етумен және мал-мүлікті босқа шашумен келмейді. Ақиқатында, зуһдтық сенің өз қолыңда бар нәрселерге емес, Аллаһтың Қолындағы нәрселерге көбірек сенім артуыңда, ал басыңа қайғы түскенде, жоғалтқаныңды қайтаруға қарағанда осы үшін көбірек (Ақыретте) сый алуыңда». Ахмад “әз-Зуһд” 96.

Имам Ахмад былай деген: “Зуһд – бұл болашаққа деген үлкен үміттердің болмауы және басқа адамдарға тиісті нәрселерден бас тарту”. Қз.: “Жәми’уль-‘улюми уәл-хикам” 297.

күнәларының ауыртпалығын арқалайды!» Ибн Мәжаһ 209, әт-Тирмизи 2677. Бұл хадис бірін-бірі күшейтетін бірнеше риуаятпен жеткен. Хадистің сенімділігін имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи, имам әл-Бәғауи, шейх Ибн Хәжар әл-Хайтами және шейх әл-Әлбани растады. Қараңыз: “Сунан әт-Тирмизи” 3/128, “Шәрх әс-Сунна” 1/198, “әз-Зәуажир” 1/98, “Сахих «Сунан» Ибн Мәжаһ”.

Бидғатшылар бидғаттарын тастамайынша Аллаһ олардың тәубелерін қабыл етпейді

Сенімдегі бидғаттар Аллаһ Тағала мұндай құлының тәубесін қабыл етпеуіне себеп болады! Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Шынында, Аллаһ бидғатшының тәубесін ол бидғаттарын тастамайынша қабыл етпейді»**. Әт-Тәбарани 4360, Әбу әш-Шейх 259, Ибн Әбу 'Асым 37. Хадистің сенімділігін хафиз әл-Мунзири мен шейх әл-Әлбани растады.

Кез келген бидғатшының тәубесі қабыл болуы үшін оның діни бидғатты тастауы шарт болып табылады, себебі ол – ең бірінші кезекте тәубе етуді талап ететін күпірліктен кейінгі ең үлкен күнә.

Суфьян әс-Саури былай деген: *“Ібіліс үшін бидғаттар күнәлардан сүйіктірек, себебі күнә үшін тәубе жасауға болады, ал бидғат үшін – жоқ⁴!”* Әл-Ләлакаи “Шарх усул әл-и’тиқад” 238.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: *“«Бидғат үшін тәубе жоқ» деген сөздің мағынасы – бидғатшы өзіне көркем етіп көрсетілген өзінің бидғатын жақсы амал деп ойлайтынында. Ол өз амалын игілік деп санауы себепті әрі тәубені тек жаман нәрсе үшін келтіру керек деп ойлағандықтан тәубе етпейді”*. Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 9/10.

Сол себепті шейх Ибн әл-Қайим былай дейді: *“Аллаһқа Ол тыйым салған нәрселер арқылы құлшылық етіп жүрген адамдардың көбісі сонысы Аллаһқа мойынсұну және жақындау екендігіне сенімді! Әрі осындай адамның жағдайы өзі істеп жүрген ісін күнә екенін білетін адамның жағдайынан нашар!”* Қараңыз: “Иғасату-лләхфан” 2/181.

Бидғатшылар Ислам мен мұсылмандар үшін кәпірлерден болған жаулардан да жаман

Имам Әбул-Фәдл әл-Хамдани былай деген: *«Бидғатшылар мен ойдан хадис тоқитындар (дін үшін) дінсіздерден де жаман, өйткені дінсіздер дінді сырттай бүлдіруге тырысады, ал әлгілер дінді іштей ірітуге тырысады. Олар қаланың ішіндегі жағдайды бүлдіруге ниеттеніп, сыртта тұрған дінсіздерге қамалдың қақпаларын ашып беретіндерге ұқсайды. Олар Ислам үшін кәпірлерден де жаман»*. Ибн әл-Жәузи “әл-Мәуду’ат” 1/51.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: *«Бидғатшылардың бұзақылығы – кәпірлердің жерлерінен келген дұшпан басқыншыларының бұзақылығынан да жаман, өйткені егер кәпірлер жеңетін болса, олар адамдардың жүректері мен дінін бүлдіре алмайды, ал бидғатшылар ең алдымен адамдардың жүректерін бұзады!»* Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 28/231-232.

⁴ Яғни тәубе етпейді - аудармашыдан.

Бидғатшылар Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамзаттың лағынетіне лайық

‘Али ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: *«Мәдина - ‘Айр тауынан Саур тауына дейінгі қасиетті аймақ. Әрі кімде-кім онда бидғат енгізетін немесе мұны істейтін адамға пана беретін болса, оған Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамзаттың лағынеті болады, әрі Аллаһ Тағала Қиямет Күні оның парыз амалдарын да, нәпіл амалдарын да қабыл етпейді»*. Әл-Бухари 7300, Муслим 1370.

Хадисте айтылған нәрсені кез келген аймақта істеуге тыйым салынады, алайда осыны Мәдинада істеу – одан да ауыр күнә болады. Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 13/281.

Бидғатшылар ақиқатқа оралып, өз бидғаттарын тастамайынша шеттетілуге (бойкотталуға) лайық

Ибн ‘Умардан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Қадарилер осы үмметтің отқа табынушылары. Егер олар ауырып қалса - зиярат етпеңдер, ал егер олар қайтыс болса - оларға жаназа намазын оқымаңдар!»* Әбу Дәуд, әт-Тирмизи, әл-Хаким. Имам Әбу ‘Иса әт-Тирмизи, хафиз Ибн Хәжар және шейх әл-Әлбани хадисті жақсы (хасан) деген. Қараңыз: «Сахих әл-жәми’» 4442.

Ибн ‘Умарға тағдырды жоққа шығаратын адамдар туралы айтқан кезде, ол: *“Сендер оларды кездестірген кезде, менің оларға еш қатысым жоқ, ал олардың маған еш қатысы жоқ екенін жеткізіңдер!”*, – дегені туралы хабарланады. Муслим 8.

Бірде Әнасқа (Аллаһ оған разы болсын) бір кісі келіп: *«Уа, Әбу Хамза, мен Пайғамбардың Қиямет Күні шапағат етуін және қабір азабын жоққа шығаратын адамдарды көрдім»,* - деді. Сонда Әнас: *«Олар өтірікшілер! Олармен бірге отырма!»*, – деді. Әл-Әжурри “әш-Шәри’а” 2/116, Ибн Батта “әл-Ибана” 2/448. Иснады сенімді. Қараңыз: “Тахқиқ мәталиб әл-‘алия” 18/481.

Танымал табиғин Әбу әл-Дауза былай деген: *«Маған айналамда өз әуес-қалауларын жақтаушы адамдардан гөрі, маймылдар мен доңыздардың болғаны сүйіктірек!»* әл-Ләлакаи 231.

Хасан әл-Басри былай деген: *“Бидғатшылардың жағдайы яһудийлер мен христиандардың жағдайымен тең”*. Әл-Ләлакаи 1/245.

Әл-‘Аууам ибн Хаушаб өзінің ұлы ‘Исаға қатысты былай дейді: *«Аллаһпен ант етемін, мен үшін ‘Исаны бидғатшылардың қасында отырғанын көргенімнен гөрі, оны әншілермен және маскүнемдермен бірге отырғанын көргенім жақсырақ!»* Ибн Уәддах «әл-Бида’» 56.

Бір күні Юнус ибн ‘Убайд өз ұлын бидғатшының үйінен шығып келе жатқанын көріп былай деді: *«Әй, балам, сен қайдан келе жатырсың?!»* Ол: *«Пәленшенің үйінен»,* - деді. Сонда Юнус былай деді: *«Мен сені пәленшенің үйінен шығып келе жатқаныңды көргенімше, сені қызтеке еркектің үйінен шығып келе жатқаныңды көргенім абзалырақ. Әй, ұлым, Аллаһтың алдында әуес-қалауларына ергендердің сенімінде болып тұрғаныңнан гөрі Оның алдында зинақор, бұзақы, ұрлықшы және сатқын болып тұрғаның маған ұнамдырақ!»* Ибн Батта 464, әл-Әжурри 2061. Иснады сенімді.

Имам әл-Барбахари былай деп айтқан: «Юнус ибн 'Убайд қызтеке еркек оның ұлының дініне, ол кәпірге айналатындай етіп адасушылыққа салуы мүмкін бидғатшыдай зиян тигізбейтініне қалай нұсқағанын қара!» Қараңыз: “Шәрху-с-Сунна” 87.

Шейх 'Абдул-'Азиз әр-Ражихи былай деген: «Бұл үлкен және опат етуші күнәлардың мардымсыз екенін білдірмейді. Ақиқатында, бұл тек бидғат күнәсының үлкендігіне ғана нұсқайды. Зинақорлық, ұрлық және басқа да үлкен күнәлардың ауырлығына қарамастан, бидғат олардан да ауырырақ күнә болып табылады!» Қараңыз: “Қам' әд-дәжажила” 402.

Бидғатшылар мен өз әуес-қалауларына ергендерге өте қатал болған имам Мәлик былай деген: «Өз әуес-қалауларына ілесушілерге сәлем бермеңдер және олармен бірге отырмаңдар, тек егер оларға қаталдық көрсетпейтін болсаңдар ғана; әрі олар ауырған кезде, оларды зиярат етпеңдер; және олардан хадис жеткізбеңдер!» Қараңыз: Ибн Әбу Зайда «әл-Жәми'» 125.

'Абдуллаһ ибн 'Аун былай деген: «Бидғатшылармен бірге жүретіндер біз үшін бидғатшылардың өздерінен де жаман!» Қараңыз: “әл-Ибана” 2/273.

'Абдуллаһ әс-Сархаси былай деген: «Бірде мен бидғатшымен бірге тамақтанған едім. Мұны Ибн әл-Мубарак естіген кезде, сол үшін менімен отыз күн бойы сөйлеспей қойды!» Әл-Ләлакаи 274.

Әл-Фудайл ибн 'Ийяд былай деген: «Бидғатшыны жақсы көретін адамның амалдарын Аллаһ Тағала зая етеді де, оның жүрегінен Ислам сәулесін өшіреді!» Әл-Ләлакаи 263, Әбу Ну'айм 8/103.

Әл-Фудайл сондай-ақ былай деген: «Кім өз қамқорлығындағы (қыз-әйелді) бидғатшыға күйеуге берсе, онымен туыстық қарым-қатынасын үзген болады!» Әл-Барбахари “Шарх әс-Сунна” 139.

Имам Әбу Исма'ил әс-Сабуни сәләфтардың ақидасына мына нәрселер де қатысты екенін айтқан: «Дінге еш қатысы жоқ нәрсені оған енгізген бидғатшыларға деген жек көрушілік. Оларды жақсы көруге де, қасында жүруге де, олардың сөздерін тыңдауға да, олармен бірге отыруға да, олармен дін мәселесінде таласуға да болмайды!» Қараңыз: “әл-'Ақидату-ссәләф” 112.

Имам әл-Әуза'и былай деп айтқан: «Аллаһтан қорқыңдар, әй мұсылмандар! Өсиетті өсиет етушіден, насихатты насихатшылардан алыңдар! Әрі бұл білімдер дін екенін біліңдер! Сондықтан не істеп жүргендеріңді және оны кімнен алып жатқандарыңды, кімге еріп жүргендеріңді және кімнің дініне сеніп жүргендеріңе қараңдар! Расында, барлық бидғатшылар – өтірікшілер мен күнәһарлар, әрі олар Аллаһтан қорықпайды! Олардан аулақ болыңдар, оларды теріске шығарыңдар, өйткені, шынында, сендердің әуелгі және кейінгі ғалымдарың осылай істеген әрі осыны бұйырған!» Қараңыз: “Тарих әд-Димашқ” 6/362.

Имам әш-Шәтыби былай деген: «Расында, құтылған топқа (фирқату-ннәжия) бидғатшыларға қатысты дұшпандық танытып, олардан аулақ болу және оларға ұмтылғандарды жазалау бұйырылған». Қараңыз: “әл-И'тисам” 1/172.

Шейх Хамуд әт-Тууайжири былай деген: «Кә'б ибн Мәлик пен оның достары парыз жиһадқа шықпағандықтан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан өзін шеттетті, әрі сахабаларға да олардан өздерін шеттетуді бұйырды. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (әйелі) Зайнабтан да, ол Сафияны яһуди деп атағаны үшін, өзін шеттетті. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) 'Аммар қолына әйелдерге арналған иісмай жаққандығы себепті оның сәлеміне жауап қайтармады. Егер жағдай осындай болса, онда бидғатшылардан өзіңді шеттету тіптен міндетті, себебі бидғатшылардың Ислам мен мұсылмандарға тигізетін зияны

күнәһарлардың зиянынан да ауыр!» Қараңыз: “Тухфатул-ихуан бима жәа фил-мууала уәл-му’ада уәл-хубб уәл-буғд уәл-хижран” 56.

Бидғатшылардан өзіңді шеттетіп, олармен қарым-қатынасты үзу керек екеніне ғалымдар бірауызды келіскен. Қады Әбу Я’лә былай деген: “Бидғатшылармен қарым-қатынасты үзу керек екеніне сахабалар мен табиғиндер бірауызды келісімде!” Қараңыз: “Шарх әс-Сунна” 1/226, “Фәтхул-Бәри” 10/496.

Шейх Бәкр Әбу Зайд былай деп айтқан: “Ислам ғалымдары «бидғатшылардан өзіңді аулақ ұстау» ұғымын ақидаға қатысты «Исламдағы достық және қатыссыздық» (әл-уәлә уәл-бара) қағидасына жатқызады”. Қараңыз: «Хажр әл-мубтади’» 21.

Бірақ бидғатшылар мен ауыр күнә жасайтындарды шеттетуде пайда мен зиянды ескеру қажет! Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай дейді: “Қарым-қатынасты үзу (хажр) әртүрлі болады және қарым-қатынасты үзушілердің жағдайына, олардың күшіне және әлсіздігіне, көпшілік, не аз болуына байланысты.

Өйткені шеттетудің мәні онымен қарым-қатынас үзілетін адамды айыпталатын нәрседен тыюда әрі бұл оған ғибрат болатынында, сондай-ақ қарапайым халық ол ұстанатын нәрселерден бас тартуда.

Егер қарым-қатынас жасауды тоқтатудың пайдасы зиянды азайтуға және жасыруға келтіретіндей басым болса, онда мұндай шеттетуді заңды болады. Ал егер қарым-қатынасты үзу онымен қарым-қатынас үзілетін адамды да, оның ізінен ілесушілерді де тоқтатпаса, ал қарым-қатынасты үзуші әлсіз болса, әрі бұл бұрынғыдан да көбірек зиян келтіретін болып, зиян пайдадан басым болса, онда мұндай жағдайда шеттетуді заңды болмайды”. Қз.: “Мәжму’уль-фатауа” 28/206.

Сонымен қатар, ең пасық мұсылман адам адамгершілігі мол және ақ көңіл кәпірден жақсырақ екенін білу қажет! Бұл әһлю-Сунна уәл-жәмә’аның сенімі болып табылады.

Діндегі кез келген бидғатқа тыйым салынғандығы және бидғаттардың ішінде ешқандай жақсылық жоқ екендігі туралы

Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға уағыз-насихат жасап бір нәрсе айтар болса, міндетті түрде былай дейтіні жеткізіледі: «Ең жақсы сөз – бұл Аллаһ Тағаланың Кітабы, ал ең жақсы жол – бұл Мұхаммедтің жолы. Ал ең жаман амалдар – бұл дінге енгізілген жаңалықтар, ал дінге енгізілген әрбір осындай жаңалық – бұл бидғат!» Муслим 2/592.

Ал хадистің басқа риуаятында: «Әрбір бидғат – бұл адасушылық, ал кез келген адасушылық Отта!», - делінген. Ән-Нәсаи 3/188. Хадистің сенімділігін шейхул-Ислам Ибн Тәймия мен шейх әл-Әлбани растады.

Міне, осы хадисте кез келген түрде көрініс табатын бидғаттан сақтандырудың маңыздылығы баяндалған, өйткені егер Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрбір уағыз-насихат айтқан сайын бидғаттан өте алыс болған сахабаларына бидғаттан сақ болуды қайталай берген болса, онда олардан кейін келген әрі сан алуан түрлі бидғаттарға белшесінен батқан басқа адамдар туралы не айтуға болады?!

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: “Расында, Пайгамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «Әрбір бидғат – бұл адасушылық» деген сөзін жалпылама түрде алу керек”. Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 10/370.

Имам әш-Шәтыби де былай деген: «Ғалымдар бұл хадисті жалпылама түрде алған әрі олар бұдан еш нәрсені тыс қалдырмаған. Әрі бидғатта ешқандай жақсылық жоқ!» Қараңыз: “Фәтауа әш-Шәтыби” 181.

Уа, Аллаһтың құлы, сіз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кез келген бидғат адасушылық екені туралы айтқанын білгеніңізден кейін, қалайша қарапайым адамдардан болған біреудің сөзіне еріп, Исламда жақсы бидғат бар дей аласыз?!

Әл-Ирбад ибн Сариядан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «*Расында, араларыңда кім ұзақ өмір сүрсе, көптеген келіспеушіліктерді көреді. Сондықтан менің Сүннетімнен және тура жолдағы ізгі халифалардың Сүннетінен азу тістеріңмен жабысып ұстаныңдар әрі бидғаттардан аулақ болыңдар, өйткені әрбір бидғат – адасушылық!*» Әбу Дәуд 4607, әт-Тирмизи 2676, Ибн Мәжаһ 42, Ибн Нәср 21. Хадистің сенімділігін имам әт-Тирмизи, әл-Бәззар, әл-Хаким, Ибн ‘Абдул-Бәрр, әд-Дыя әл-Мәқдиси, әл-Әлбани және ‘Абдул-Қадир әл-Арнаути растады.

Тура осы нәрселерді оның сахабалары да айтқан.

Ибн Мәс‘уд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «(Сүннетпен) жүріңдер әрі бидғаттарды ойлап таппаңдар, өйткені сендерге (Сүннет) жеткілікті! Әрі әрбір бидғат адасушылық болып табылады!» Ибн Нәср “әс-Сунна” 28, Ибн Уәддах «әл-Бида’» 43. Шейх әл-Әлбани иснадын сенімді деп атаған.

Ал Ибн ‘Умар (Аллаһ оған разы болсын) кейінгі ұрпақ жақсы бидғат бар деп айтатынын алдын ала білгендей: “Кез келген бидғат – адасушылық, тіпті адамдар оны жақсы деп санаса да!», – деп айтқан екен. Әд-Дәримиді 1/39. Шейх әл-Әлбани иснадын сенімді деп атаған.

Ислам діні кемел және ешқандай қоспаларға мұқтаж емес екендігі туралы Құран мен Сүннетің анық дәлелдері

Аллаһ Тағала былай дейді: «**Әй, Елші! Раббың тарапынан түсірілгенді жеткіз. Егер оны істемесең, елшілік міндетін жеткізбеген боласың**» («әл-Мәйда» сүресі, 67-аят).

Бір күні бір кісі Ибн ‘Аббасқа (Аллаһ оған разы болсын) келіп: “Бізге сіздерде Аллаһ Елшісі адамдарға айтпай кеткен нәрселер бар дейтін адамдар келеді”, – деді. Сонда Ибн ‘Аббас оған: “**Сен Аллаһ Тағаланың «Әй, Елші! Раббың тарапынан түсірілгенді жеткіз. Егер оны істемесең, елшілік міндетін жеткізбеген боласың» деген сөзін білмейсің бе?!**”, – деді. Ибн Әбу Хатим “әт-Тәфсир” 4/1172. Хафиз Ибн Кәсир иснадын жақсы деген.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай дейді: «**Бүгін сендер үшін діндеріңді толық еттім, нығметімді тамамдадым, әрі сендерге Ислам дінімен разы болдым**» («әл-Мәйда» сүресі, 3-аят).

Ибн ‘Аббас (Аллаһ оған разы болсын) осы аятқа байланысты былай деген: “Аллаһ Өз Пайғамбары мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүміндерге олар үшін нанымды (иманды) кемелдіке жеткізгенін, әрі олар еш уақытта оған қоспа қосуға мұқтаж болмайтынын жеткізді. Аллаһ нанымды (иманды) тамамдады және оның кемшілігі болмайды, әрі Ол оны құптап, еш уақытта оған наразы болмайды”. Қараңыз: “Тәфсир әт-Табари” 9/518, “Тәфсир Ибн Кәсир” 2/12.

Имам әз-Зәһаби былай деген: «Осы аят түскеннен кейін дінге енгізілген барлық нәрсе – қажетсіз, қоспа және бидғат болып табылады!» Қараңыз: “әс-Сияр” 18/509.

Ибн Мәжишун иман Мәликтің былай деп айтқанын жеткізген: «Кім Исламға бидғат енгізіп, оны жақсы деп есептесе, сол: «Мұхаммед жолдауды соңына дейін жеткізбеді», - деген болады, ал Аллаһ Тағала: «**Бүгін сендер үшін діндеріңді толық еттім**», - дейді. Әрі сол кезде дін болмаған нәрсе бүгін де дін болмайды!» Қараңыз: “Тахзиб әл-фуруқ” 4/225, “әл-И’тисам” 1/64.

Имам Мәликтің осы сөздері нендей қарапайым, бірақ сонымен бірге нендей дана!

Имам әш-Шәукани былай деген: “Егер Аллаһ Тағала Өзінің дінін Өз Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып кетпестен бұрын кемелдікке жеткізген болса, онда дін кемелдікке жеткізілгеннен кейін сендер оған енгізген мына пікірлерің не?! Егер сендер өздеріңнің енгізген мына амалдарың да діннен екеніне сенімді болсаңдар, онда сендердің ойларыңша, дін кемел болмағаны ғой, ал мұндай сөздерді Құран теріске шығарады: «**Бүгін сендер үшін діндеріңді толық еттім, нығметімді тамамдадым, әрі сендерге Ислам дінімен разы болдым**» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят). Ал егер осы енгізген амалдарың діннен емес болса, онда дінге қатысы жоқ нәрсемен айналысудың не пайдасы бар?! Жоғарыдағы аят өз пікірінің жақтаушылары айналып өте алмайтын аса үлкен дәлел әрі мықты дәйек болып табылады. Ендеше, осы аят өз пікіріне ілесушілердің бетіне лақтыратын ең бірінші нәрсең болсын!” Қараңыз: “әл-Қаул әл-муфид” 38.

Әл-Ирбад ибн Сариядан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «**Мен сендерді түні күндіз сияқты ап-айқын жолда қалдырдым. Одан тек опат болғаннан өзге ешкім адаспайды!**» Ахмад 4/126, Ибн Мәжаһ 43. Хадистің сенімділігін әл-Бәззар, имам Әбу Ну’айм, имам әл-Бәғауи, хафиз Ибн ‘Абдул-Бәрр, имам әд-Дыя әл-Мәқдиси, хафиз Ибн Кәсир мен шейх әл-Әлбани растады.

Осы хадис Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметіне қалдырған жолы ап-айқын әрі ешқандай қоспаларды қажет етпейтінін көрсетеді.

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «**Бір күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге құтпа жасап, Қиямет күнге дейін не болатынын түк қалдырмастан айтып берді**». Әл-Бухари 6604, Муслим 2891.

Бір күні бір яһуди Сәлман әл-Фәрсиге (Аллаһ оған разы болсын): “**Сендердің пайғамбарларың сендерге барлық нәрсені, тіпті үлкен дәретке қалай отыру керек екенін де үйретті ме?!**”, – деп айтты, сонда Сәлман: “**Әрине!**”, – деп жауап берді. Муслим 262.

‘Абдуллаһ ибн ‘Амрдан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: «**Аллаһ Тағала қайсыбір пайғамбарды жіберсе де, оның міндеті - үмметіне өзі білетін бүкіл жақсылықты көрсету, әрі оларды өзі білетін бүкіл жамандықтан сақтандыру еді**». Муслим 1844.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы: «**Мен Жәннатқа жақындатып, Тозақтан алыстататын бірде-бір нәрсені сендерге түсіндірусіз қалдырмадым!**», - деген. Әт-Тәбарани “әл-Кәбир” 1647. Сенімді хадис. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” 1803.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: “**Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге тіпті аспанда қанатымен пырылдап ұшатын құс туралы білімді де қалдырмастан айтып кетті**”. Ахмад 21771, Ибн Хиббан 3/271. Сенімділігін Шу’айб әл-Арнаути растады.

Ендеше, осы анық әрі бір мағыналы түрде айтылған Құран яттары мен хадистерден кейін де адамда «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дін мәселесінде бір

нәрселерді толық айқындалмаған және бітпеген күйінде қалдырды» деген ой қалуы мүмкін бе?! Ақиқатында, кім осылай ойлайтын болса, сол Аллаһ пен Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жала жапқан болады. Ал Аллаһ Тағала былай деген: **«Енді Аллаһқа өтірік жала қойғаннан залымырақ кім бар?»** («әл-Кәһф» сүресі, 15-аят).

Шариғатта нұсқауы жоқ кез келген құлшылық қабылданбайды

Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деген: **«Ол сондай Аллаһ, қайсыларыңның істерің жақсырақ болатынын сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан»** («Мүлк» сүресі, 2-аят).

Хафиз Ибн Кәсир осы аятқа қатысты былай деген: *“Аллаһ Тағала: «Қайсыларыңның істерің көп болады», - деген жоқ, - «...қайсыларыңның істерің жақсырақ болады», - деді”*. Қараңыз *“Тафсир Ибн Кәсир” 4/248*.

Имам әл-Фудайл ибн ‘Ияд осы аятқа қатысты былай айтқан: *«Мұның мағынасы - кімнің амалдары дұрыс және ықыласты болады дегенді білдіреді»*. Одан: *“Ал, ықыласты және дұрыс деген нені білдіреді?”*, - деп сұрағанда, ол: *“Расында, егер амалдар ықыласты болып, бірақ дұрыс болмаса - олар қабыл болмайды. Егер амалдар дұрыс болып, бірақ ықыласты болмаса - олар ықыласты және дұрыс болмайынша, қабыл етілмейді. Аллаһ үшін істелген нәрсе ғана ықыласты, әрі Сүннетке сай келгені ғана дұрыс болып табылады”*, - деп жауап берген. Әбу Ну’айм *“әл-Хилья” 8/95*.

‘Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **“Кімде-кім біздің бұл ісімізге (дінге) онда жоқ нәрсені енгізсе, оның ісі кері қайтарылады (қабыл болмайды)”**. Ал бұл хадистің басқа риуаятында: **“Кімде-кім біздің нұсқауымыз болмаған амалды жасаса, ол кері қайтарылады”**, - делінген. Әл-Бухари 2697, Муслим 1718.

Имам Ибн Дақық әл-‘Ид былай деген: *“Тіл мамандары «қайтарылады» деген сөздің мағынасы «қабыл болмайды» деген!”* Қараңыз: *“Шарх «әл-Арба’ун»” 24*.

Имам Әбул-‘Аббас әл-Қуртуби былай деген: *“Кім шаригатқа оның негізі нұсқамаған нәрсені енгізсе, ол нәрсе қайтарылады, істелмейді әрі құпталмайды»*. Қараңыз: *“әл-Муфхим” 5/171*.

Имам ән-Нәуауи былай деген: *“Бұл хадис Ислам негіздерінен ең ұлы негіз болып табылады, әрі ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең қысқа әрі мағынасы бойынша өте ауқымды сөздерінің бірі. «Кімде-кім біздің бұл ісімізге (дінге), онда жоқ нәрсені енгізсе, оның ісі кері қайтарылады (қабыл болмайды)» деген осы хадис діндегі бүкіл жаңалық пен бидғат қайтарылатынына айқын түрде нұсқайды. Ал оның екінші **«Кімде-кім біздің нұсқауымыз болмаған амалды жасаса, ол кері қайтарылады»** деген нұсқасы басқалардың бидғаттарына ілескендердің кейбіреулері **«Кімде-кім біздің бұл ісімізге (дінге), онда жоқ нәрсені енгізсе»** деген бірінші нұсқаны келтіріп, қасарысуы мүмкін екенін көрсетеді. Олар: *«Мен еш нәрсе енгізіп жатқан жоқпын ғой!»*, - деуі мүмкін. Мұндай жағдайда дәлел ретінде осы хадистің бүкіл бидғатты: адам оны енгізеді ме, немесе оны енгізушіге ілеседі ме - мұны ерекшелемей жоққа шығаратын екінші нұсқасын келтіруге болады. Бұл хадис – жаттап алуға әрі айыпталатын іс-әрекеттерге қарсы пайдалануға тиісті болғандардың қатарынан”. Қараңыз: *“Шарх «Сахих» Муслим” 12/16*.*

Хафиз Ибн Ражаб аталмыш хадис жөнінде былай деген: *“Бұл хадис – Ислам негіздерінде өте үлкен орынға ие! **«Амалдар ниетке байланысты»** деген хадис амалдардың ішкі жағын өлшейтін құралы іспеттес болса, бұл хадис амалдардың сыртқы тұрпатын өлшейтін құрал*

тәрізді. Аллаһ үшін істелмеген кез келген амалдың еш сауабы болмайтыны сияқты, Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нұсқауы болмаған кез келген амал теріске шығарылып, иесіне қайтарылады. Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рұқсат етпеген кез келген дінге енгізілген амалдың дінге еш қатысы жоқ. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: **“Кімде-кім біздің нұсқауымыз болмаған амалды жасаса”** деген сөздері кісінің діни амалдарының барлығы шарият үкімдеріне сәйкес келуі керек екенін көрсетеді!” Қараңыз: “Жәми’ул-‘улюми уәл-хикам” 1/176.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді, жетпіс екі топ Тозақта, ал біреуі Жәнатта»**, - деді. Сахабалар одан: **«Олар кімдер?»**, - деп сұрады. Сонда ол: **«Бұл менің және менің сахабаларымның жолын ұстанғандар»**, - деп жауап қатты. Ахмад 4/102, Әбу Дәуд 2/503, әт-Тирмизи 3/367, Ибн Мәжаһ 2/479. Хадистің сенімділігін шейхул-Ислам Ибн Тәймия, шейх Ибн әл-Қайим, хафиз әл-‘Ирақи мен шейх әл-Әлбани растады.

Осы хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның үмметі жетпіс үш топқа бөлінетінін айтты да, құтылатын топ ретінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары ұстанған жолға қатаң түрде ілесетін жалғыз топты ғана атады. Әрі егер дінге бір нәрсе қосуға рұқсат етілетін болғанда, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметінің ішіндегі құтылған адамдардың жолын өзінің және сахабаларының жолына ілесумен ғана шектемейтін еді. Тура осы нәрсе тағы да бір осыған ұқсас хадисте келеді: **«Шынында, сендерден кейін ұзақ сабырлық күндері келеді. Кімде-кім сондай жағдаяттарда сахабалардың жолын берік ұстанса, сол сендердің араларыңдағы елу адамның сауабына тең сауап алады!»** Сахабалар: **“Уа, Аллаһтың пайғамбары, мүмкін өздерінің арасындағы елу адамның сауабын алатын шығар?”**, - деп сұрады. Сонда ол: **«Жоқ, дәл сендердің араларыңдағы!»**, - деді. Ибн Нәср “әс-Сунна” 33, әт-Тәбарани “әл-Кәбир” 289. Сенімді хадис. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сәхиха” 494.

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: **“Бір күні мен Убай және Әбу Талхамен бірге отырып ет пен нан жедім, содан соң дәрет алғым келді. Олар маған: «Сен не үшін дәрет алмақшысың?»**, - деді. Мен оларға: **«Біз жеген тамақтың себебінен дәрет алмақшымын»**, - дедім. Сонда олар: **«Сен игі нәрсе жегеннен кейін дәрет алғың келіп тұр ма?! Сенен жақсырақ болған (Пайғамбар) мұндайдайдан кейін дәрет алмайтын!»**, - деді”. Ахмад 4/30. Шейх әл-Әлбани мен Шу’айб әл-Әрнаут иснадын күшті деп атаған.

Шейх әл-Әлбани былай деп айтқан: **“Бұл хабар (асар) сахабалар Аллаһ Тағалаға Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сөздерімен және істерімен заңдастырмаған амал арқылы жақындауды теріске шығаратынына нұсқайды. Ал Әнастың ет жегеннен кейін дәрет алғысы келгені туралы айтар болсақ, бәлкім, оған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «Отқа пісірілген тағамды жегеннен кейін дәрет алыңдар!»** (Муслим 1/272) деген сөзі жетіп, әрі бұл бұйрықтың күші жойылғаны туралы хабар жетпеген болуы мүмкін”. Қараңыз: “Хидаяту-ррууа” 1/194.

Әбу Сулайман әд-Дарани былай деп айтқан: **«Кейде жұрттың істеп жатқан кейбір істері жүрегіме кіріп, қатты әсер ететін, бірақ мен ол істі екі ізгі куәгер – Құран мен Сүннет растамайынша қабылдамайтынмын!»** Қараңыз: “әс-Сияр” 10/183.

Жоғарыда айтылған сөздердің негізінде ғалымдар мынадай аса маңызды бір ереже шығарды: **«Шарияттан дәлел келмейінше, кез келген құлшылықтың негізі – рұқсат етілмеген!»**

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «Құлшылықтың, діни мәселелердің және Аллаһқа жақындаудың есіктерін тек Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орнатады! Әрі ешкім шариги дәлелдің негізінсіз, бір нәрсені құлшылық немесе жақындау етуге құқықты емес!» Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 31/35.

Шейхул-Ислам сондай-ақ былай деген: “Құлшылық рәсімдері шаригатқа және ілесуге негізделген, бірақ әуестер мен бидғатқа емес! Ақиқатында, Ислам екі тірекке негізделген: Біз Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпейміз және біз Аллаһқа тек Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңды етіп бекіткендей ғана құлшылық жасаймыз!” Қараңыз: “әл-Фәтауа әл-кубра” 2/242.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: “Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салған нәрседен басқа тыйым жоқ екені белгілі. Әрі Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күнә етпеген нәрседен басқа күнә да жоқ. Және Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндетті етпеген нәрседен басқа міндетті еш нәрсе жоқ. Және Аллаһ міндеттеген діннен басқа дін де жоқ. Әрі құлшылықтың заңды екеніне дәлел болмайынша, оның негізі – жарамсыздық”. Қараңыз: “И’ләм әл-мууаққи’ин” 1/344.

Хафиз Ибн Кәсир былай айтқан: “Адамдардың сөздері мен істері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері мен істерімен салыстырылады, әрі оның сөздері мен істеріне сәйкес келетіндері қабылданады да, ал оларға сәйкес келмейтіндері олар кімге тиісті болса да қайтарылады”. Қараңыз: “Тафсир Ибн Кәсир” 3/415.

Сахабалар істемеген құлшылықты сен де істеме!

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: “Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары істемеген кез келген құлшылықты сен де істеме!” Әбу Шәма «әл-Бә’ис» 21, әш-Шәтыби «әл-И’тисам» 2/132.

Табиғиндердің имамы әш-Шә’би туралы Мәкхул былай деген: «Мен әш-Шә’биден асқан білімді адамды көрмедім». Қараңыз: “әт-Тахзиб” 3092. Сол әш-Шә’бидің өзі былай деген: «Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан жеткен нәрсені қабылда! Ал өз ой-пікіріне сүйеніп айтылған сөздерге кіші дәретіңді сындыра сал!» ‘Абдур-Раззақ 11/256.

Са’ид ибн Жубайр былай деген: «Бәдір шайқасына қатысқан сахабаларға белгілі болмаған нәрсе – діннен емес» Қараңыз: “Жәми’ул-бәянил-’илм” 1425.

Имам әл-Әуза’и былай деген: «Білім дегеніміз – Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан жеткен нәрсе, ал бірде-бір сахабадан жетпеген нәрсе – білім емес» Қараңыз: “Жәми’ул-бәянил-’илм” 1420.

Хафиз Ибн Кәсир былай деп айтқан: «Әһлю-Сунна уәл-жәмә’а сахабалар істемеген кез келген істер мен сөздерді бидғат деп атайды, өйткені ол нәрселерде игілік болғанда, олар осыда бізді міндетті түрде озып кетер еді!» Қараңыз: “Тәфсир Ибн Кәсир” 4/278.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабалар және сәләфтар Сүннетке сәл ғана қайшы келуді және одан ерекшеленуді қалай сөккендері жайында кейбір мысалдар

Әл-Бара ибн 'Азиб (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде оған былай дегенін баяндаған: *"Ұйықтауға жатқың келсе, намаз алдында дәрет алғандай етіп дәрет ал да, (сосын) оң жамбасыңа жатып: «Уа, Аллаһ, өзімді Саған бойсұндырдым және ісімді саған тапсырдым. Әрі жүзімді Саған қараттым және (сауабыңды) үміт етіп, әрі азабыңнан қорқып, Саған өзімді сеніп тапсырдым. Сенен қашып, өзгеден пана табу мүмкін емес. Тек Саған қашып, Өзіңнен ғана пана тілейміз. Түсірген Кітабыңа әрі жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім», - деп айт. Әрі егер сен осы түні қайтыс болсаң, онда туылған кезіңдегі күйде (фитрада) қайтыс боласың, сондықтан да осы сөздер сенің (күн сайын айтатын) ең соңғы сөздерің болсын".* Әл-Бара былай деді: *"Сонда мен осы сөздерді Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанында қайталай бастадым да, «Уа, Аллаһ, түсірген Кітабыңа» деген сөздерге келгенде («әрі Сенің Пайғамбарыңа» деген сөздердің орнына): «әрі жіберген Елшіңе иман келтірдім», - деп айттым. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Жоқ, «...әрі жіберген Пайғамбарыңа», - деп айт», - деді".* Әл-Бухари 247.

Шейх әл-Әлбани былай деді: *"Осы хадисте Аллаһқа дұға ету мен Оны еске алу сөздерінің нақты белгіленіп қойғанына қатысты, әрі ол сөздерге еш нәрсені қосып немесе алмау қажет екеніне қатысты аса маңызды бір ескерту бар, тіпті ол сөздерді алмастырғаннан мағынасы өзгермесе де! Өйткені «елші» сөзінің мағынасы «пайғамбар» сөзінің мағынасынан ауқымдырақ, алайда соған қарамастан, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Бараға ескерту жасады, әл-Бара ол сөздерді абайсыз шатастырып алғанына қарамастан. Енді қандай да бір Аллаһты еске алу (зікір ету) сөздерін қысқартып, не қосымша сөздер қосудан жиіркенбейтін бидғатшылар осы мысалдан қайда?! Ойланатын біреу бар ма?!"* Қараңыз: "Сахих әт-тарғиб" 1/288.

Нәфи' былай деп баяндаған: *"Бір күні бір кісі Ибн 'Умардың (Аллаһ оларға разы болсын) көзінше түшкіріп: «Аллаһқа мадақ және Аллаһ Елшісіне сәлем болсын» (әл-Хамду ли-Лләһи уә-ссәләму 'алә расули-Лләһ), – деді. Ибн 'Умар (Аллаһ оған разы болсын) оған қарап: «Мен де: «Аллаһқа мадақ және Аллаһ Елшісіне сәлем болсын», - деп айтамын, бірақ Аллаһ Елшісі бізді (түшкірген кезде) олай деп айтуға үйреткен жоқ. Ол бізді: «Кез келген жағдайда да Аллаһқа мадақ» (әл-Хамду ли-Лләһи 'алә кули хәл)», - деп айтуға үйретті», - деді".* Әт-Тирмизи 2738, әл-Хаким 4/265. Шейх әл-Әлбани хадисті жақсы деп атаған.

Ибн 'Умардың сөзіне және оның Сүннетке сәл ғана сәйкессіздік көргенде не істегеніне назар аударыңыздар! Егер дәл қазіргі кезде бір мұсылман солай істесе, оны еш қиналмастан «шектен шыққан уаһһаби» деп кінәлай салар еді.

Мужаһид былай деп айтқан: *"Бір күні мен Ибн 'Умармен (Аллаһ оларға разы болсын) бірге болғанымда, бір кісі бесін (зухр) немесе екінті (аср) намазының уақытында тасуиб айта бастады. Оны естіген Ибн 'Умар: «Бұл жерден кетейік, расында, бұл – бидғат!», - деді".* Әбу Дәуд 538. Шейх әл-Әлбани хабарды жақсы деп атаған.

Имам әт-Туртуши «тасуиб» сөзіне қатысты: *"Сөз адамның мешіт есігінің алдына тұрып: «Намаз! Намаз!», – деп айқайлауы туралы болуда», - деген. Қараңыз: «әл-Хауадис уәл-бида'» 149.*

Салим ибн 'Абдуллаһ былай деген: *"Бірде мен Ибн 'Умармен бірге мешітте отырған кезімде, оған Шам аймағынан келген бір кісі келді де, қажылыққа дейін 'умра (хаж әт-таматту') жасау туралы сұрады. Оған Ибн 'Умар: «Бұл жақсы әрі керемет іс», - деді. Әлгі кісі: «Тіпті сіздің әкеңіз ('Умар ибн әл-Хаттаб) оған тыйым салған болса да ма?», – деп сұрады. Ибн 'Умар: «Саған өкініш болсын! Егер менің әкем Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі жасап, өзгелерге де бұйырған ісіне тыйым салған болса, сен менің әкемнің бұйырығына бағынасың ба,*

әлде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына ма?», – деді. Әлгі адам: «Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына», – деп жауап берді”. Ахмад 5700, Әбу Я’ла 3/1317. Иснадтың сенімділігін имам ән-Нәуауи растады.

Бірде Са’ид ибн әл-Мусайиб бір адамның таң намазына азан шақырып болғасын, руқуғтары мен сәжделерін ұзартып, екі ракағаттан артық намаз оқып жатқанын көріп, оған сөгіс білдіргені туралы жеткізіледі. Сонда әлгі адам: “Уа, Әбу Мухаммад! Сонда Аллаһ мені көп намаз оқығаным үшін жазалай ма?!”, – деп сұрады. Ал Са’ид: «Жоқ. Алайда, Ол сені Сүннетке қарсы келгенің үшін жазалайды!», – деп жауап берді. ‘Абдур-Раззақ 3/52, әл-Бәйһақи 2/466. Сенімді иснад.

Шейх әл-Әлбани былай деген: “Бұл - Са’ид ибн әл-Мусайибтің, Аллаһ оны рахым етсін, гажайып сөздерінің бірі. Осы сөздер көптеген бидғаттарын олар Аллаһты еске алумен және намазбен байланысты (деген сылтаумен) ақтап алғысы келетін бидғатшыларға қарсы ең күшті қару болып табылады. Ал Сүннетті жақтаушылар оларға осы үшін сөгіс айтатын кезде, бидғатты жақтаушылар оларды: «Олар бізді Аллаһты еске алудан және намаз оқудан тосып жатыр», – деп кінәлайды. Ал шын мәнінде, олар бидғатты жақтаушыларды Аллаһты еске алуда, намаз оқуда және басқа да құлшылықтар істегенде Сүннеттен ауытқығандары үшін гана сөгеді!” Қараңыз: “Ируаул-ғалил” 2/233.

Бидғатшыларды теріске шығарудың және олардан сақтандырудың маңыздылығы туралы

Адасқандар мен бидғатшыларды теріске шығару Ислам дінінде өте маңызды орын алады, әрі бұл Аллаһ жолындағы жиһад болып табылады! Ибн Мәс’уд риуаят еткен хадисте, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Аллаһ Тағала маған дейін белгілі бір қауымға қандай да бір пайғамбар жіберсе де, әрдайым оның Сүннетіне еріп, бұйрықтарын орындайтын хауарилері (апостолдары) мен сахабалары болатын. Олардан кейін өздерінің айтқандарын өздері істемейтін, әрі өздеріне бұйрылмаған нәрселерді істейтін адамдар келді. Міне, соларға қарсы қолымен жиһад жасаған адам - мүмін. Оларға қарсы тілімен жиһад жасаған адам - мүмін. Оларға қарсы жүрегімен жиһад жасаған адам - мүмін, ал одан кейін қыша дәнінің салмағындай да иман жоқ!» Муслим 50.

Бұл хадис пайғамбарлардың (олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілімін бұрмалаған бидғатшыларға қарсы жиһад жасаудың артықшылығын көрсетеді!

Үмметіміздің имамдары адасқандар мен дінді бұрмалаушыларды теріске шығаруға ерекше көңіл бөлген, тіпті әлгі бидғатшылар істеп жатқан әрекеттерін жете түсінбей, тек жақсылықты қаласа да. Себебі бұл дінді сақтау үшін аса қажет «айыпты істі өзгерту» ұстанымының ажырамас бөлігі болып табылады. Ғалымдар белгілі бір бидғатты теріске шығаруға арналған арнайы еңбектер жазатын. Сол еңбектердің ішінде имам Ахмадтың «әр-Радд ‘алә әз-зәнадықа уәл-жәһмия» еңбегі, имам әд-Дәримидің «әр-Радду ‘алә Бишр әл-Мәрисис» еңбегі, имам әл-Бухаридің «Халқу әф’алил-‘ибад» еңбегі, шейхул-Ислам Ибн Тәймияның «әр-Радду ‘алә әл-Әхнаи» мен «әр-Радду ‘алә әл-Бәкри» еңбектерін атап өтуге болады. Мұндай еңбектер өте көп және бұның өзі адасушылықты теріске шығару (әр-радд) әһлю-Суннаның ерекшелігі болып табылатындығына дәйек болады.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп жазған: “Хадис жеткізушілерінің жағдайын және бидғатшылардың ауытқуларын әшкерелеу шаригатта міндетті болып табылады. Сонымен қатар,

шын мәнінде, Құран мен Сүннетке қайшы келетін бидғатшылардың көсемдерінің жағдайын түсіндіру және үмметті олардан сақтандыру мұсылмандардың бірауызды келісімі (ижма') бойынша, міндетті болып табылады!" Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтауа" 28/231.

Шейх 'Абдур-Рахман ибн Хасан былай деген: «Ибн 'Аббас, әш-Шәфи'и, Мәлик пен Ахмадтың айтуы бойынша, Құран мен Сүннетке қайшы келген адамды теріске шығару міндетті болып табылады. Және олар осы мәселеде бірауызды келісімде болған!» Қараңыз: "Фәтхул-Мәжид" 344.

Хафиз Ибн Ражаб былай деп айтқан: «Аллаһқа, Оның Кітабы мен Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты ықыластылық танытуға (нәсыха) ғалымдардың Құран мен Сүннеттің көмегімен адасушылықтарды теріске шығаруы және осыны түсіндіріп береуі жатады. Сондай-ақ бұған ғалымдардың әлсіз пікірлерін теріске шығару да жатады». Қараңыз: "Жәми'ул-улюми уәл-хикам" 96.

Шейх Ибн Баз былай деген: «Егер Сүннетті жақтаушылар үнсіз болса және Құран мен Сүннетке қайшы келетіндердің қателіктерін түсіндіріп бермесе, онда олар осынысымен (Аллаһтың) ашу-ызасына ұшыраған және адасқан Кітап иелеріне (христиандар мен яһудилер) ұқсаған болады». Қараңыз: "Фәтауа Ибн Баз" 3/72.

Шейх Ибн 'Усайминге «Білім ізденуші білімгер үшін қазіргі таңда жоқ болған мұ'тазиллер, жәһмилер, хауариждер сияқты түрлі ағымдардың адасушылықтарын оқып-зерттеудің не пайдасы бар?» деген сұрақ қойылған болатын.

Шейх былай деп жауап берді: "Мұндай ағымдардың идеологиясын оқып-зерттеудің пайдасы – олардың өкілдерімен кездескен кезде оларды теріске шығару үшін осы ағымдардың адасушылығын білу аса қажет болады. Қазіргі кезде мұндай ағымдар бар және «Қазіргі таңда ондай ағымдар жоқ» деген кісінің сөздері тек өзінің біліміне ғана негізделіп айтылған сөз! Сөзсіз, бізге және адамдардың жағдайын білетін кісілерге мұндай ағымдардың бар екені мәлім, әрі олар өз бидғаттарын таратуда белсенділік танытуда! Әрі біз ақиқатты білуге тиіспіз және ақиқатқа байланысты тартысатындарды теріске шығару мақсатында осы ағымдардың көзқарастарын оқып-зерттеуіміз қажет!" Қараңыз: "Китаб әл-'Илм" № 25-сұрақ.

Адасқандарды жоққа шығарып, олардан сақтандыру – жиһадтың және құлшылықтың ең жақсы түрлерінің бірі

Имам әл-Бухари мен Муслимнің шейхы – Яхья ибн Яхья былай дейтін: «Сүннетті қорғау – Аллаһтың жолындағы (қарулы) жиһадтан артығырақ». Одан: «Кісі өз дүние-мүлкін сарп етеді қиындықтарға төтеп беріп, соғысады, ал анау бұдан да артығырақ па?!», – деп сұрады. Ол: «Иә, әлдеқайда артығырақ!», – деді. Әл-Харауи "Замм әл-кәлам" 1/112.

Имам әл-Бухаридің ұстазы имам әл-Хумаиди былай деген: «Аллаһпен ант етемін, мен үшін кәпірлермен соғысқаннан гөрі, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір хадисін жоққа шығаратын адаммен соғысқан абзалырақ». Әл-Харауи "Замм әл-кәлам" 1/112.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: «Бидғатты жақтаушыларды теріске шығаратын адам – мужаһид болып табылады». Қараңыз: "Нәқд әл-мәнтық" 12.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия сондай-ақ былай дейтін: "Шын мәнінде, бидғатты жақтаушылардың Құран мен Сүннетке қайшы келетін сөздер айтатын, немесе Құран мен Сүннетке қайшы келетін құлшылық жасайтын көсемдерінің жағдайын түсіндіру, үмметті олардан сақтандыру бүкіл мұсылмандардың бірауызды келісімі бойынша міндетті болып

табылады! Бұдан қалса, имам Ахмадқа: «Кісі намаз оқып, ораза ұстап және игтикаф жасағаны жақсы ма, әлде бидғатшылардан сақтандырғаны ма?», – деп сұрақ қойылғанда, ол: «Кісі намаз оқып, ораза ұстап және игтикаф жасаған кезде, мұны өзі үшін істейді. Ал (өзгелерді) бидғатшылардан сақтандырған кезде, оны мұсылмандар үшін істейді, әрі бұл жақсырақ!», – деп жауап берді. Сөйтіп, бидғатшылардан сақтандыруда барлық мұсылмандардың діні үшін жалпы пайда бар, әрі бұл Аллаһ жолындағы жиһадтың бір түрі болып табылады! Әділетсіздік пен олардың (бидғатшылардың) өшпенділігін болдырмау қажеттілікке қарай міндетті (фард кифая) болып табылады. Әрі егер Аллаһ бидғатшыларды теріске шығаратындарға көмектеспегенде, дін бұзылар еді! Мұндай адамдардың бұзақылығы кәпір елдерінен келген басқыншылардың бұзақылығынан да жаман, өйткені егер осы (басқыншы) кәпірлер жеңіске жетсе, олар адамдардың жүректері мен олардың дінін бұза алмайды, ал бидғатшылар ең алдымен адамдардың жүректерін бұзады!» Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 28/231-232.

Егер бидғаттан сақтандырмаса, онда білімсіз адамдар оны ақиқат деп қабылдап қалады

Имам әл-Әуза’и былай деп айтқан: «Егер бидғаттар таралса және білім иелері мұны сөкпесе, онда адамдар бидғатты Сүннетке айналдырады». Қараңыз: “Шәрафу әсхабил-хадис” 19.

Имам Ибн Қутайба былай деген: «Ақиқатында, өтірік туралы үнсіз болсаң, ол бекемдей береді!» Қараңыз: “әл-Ихтиләф фи-лләфз” 60.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: «Өтірік айтылып, ақиқат айтылмай үнсіз қалған кезде, бұл ақиқатты білмеушілікті туындатады және адамдардың адасуына алып келеді!» Қараңыз: “әс-Сауа’иқ әл-мурсала” 1/315.

Адасқандарды теріске шығарып, олардан сақтандыру тыйым салынған гайбатқа жатпайды

Исламды іштей қорғау өте маңызды, әрі бұл Ислам ілімін қателесіп немесе саналы түрде бұрмалайтын кісінің арынан да маңыздырақ! Имам әш-Шәфи’и былай деген: «Ғалымдар тыйым салынған гайбаттың түрінен рұқсат етілген гайбатты бөліп шығарған, тіпті олардың ішінде міндетті болып табылатындары да бар. Бұған шаригат мәселесінде қателескен кісінің қателігін түсіндіру жатады, себебі жеке тұлғаның қол сұғылмаушылық құқынан гөрі, діннің қол сұғылмаушылық құқығы маңыздырақ!» Қараңыз: “әл-Умм” 7/90.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деп айтқан: «Хасан әл-Бәсри және басқа да имамдар айтқанындай, егер адам күнәні ашық әрі айқын жасайтын болса, оның бидғаты мен бұзықтығын әшкерелеп, ол туралы хабарлау гайбатқа жатпайды. Мұндай адам мұсылмандардың жазалауына лайықты, әрі адамдар одан сақтанып, аулақ болу үшін, оған ең кем дегенде сөгіс білдірілуі керек. Егер ол адамға тиесілі азғындығы күнәлары немесе бидғаттары айыпталмаса және атап айтылмаса, адамдар оған алданып, осыда оған еріп кетуі мүмкін». Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 15/268.

Бидғатқа шақыратын және бидғатқа шақырмайтын бидғатшының арасындағы айырмашылық туралы

Кез келген бидғат адасушылық екеніне қарамастан, олар күнәсінің дәрежесі бойынша әртүрлі болатыны жайлы жоғарыда айтылып кеткен болатын. Имам әш-Шәтыби былай дейтін: «Бидғаттар сөгіс білдірілуі және тыйым салынғандығы тұрғысынан тең емес екені анық болды, әрі олардың ішінде сөгіс білдірілетіндері де бар, тыйым салынғандары да бар. Дегенмен, қалай болғанда да, олар бәрі-бір адасушылық деп аталады». Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/362.

Өз бидғатында күпірлік шегіне жеткендердің бидғаты құлшылық амалдарында бидғат істеушілердің, мысалы, бір мәжілісте бір дауыспен Аллаһты зікір ететіндердің, рағайып намазын оқитындардың бидғатындай емес екеніне күмән жоқ.

Бірақ мұсылмандардың ішінде бидғатшылардың айырмашылығын ескермей, барлығын бір қатарға қоятындар бар. Мәселен, олардың ойынша Аллаһты зікір еткенде саусақпен емес, тәспімен санайтын адам мен өз бидғатында қайтыс болған ұстаздарынан дұға тілейтін сопы бірдей. Бұл өрескел қателік. Сәләфтар мен имамдар бидғатқа шақыратын адам мен қарапайым бидғат істеушінің арасын жиі бөліп қарайтын. Әбу Дәуд былай деген: “Имам Ахмадтан: «Қадариден хадис жазып алуға болады ма?», – деп сұраған кезде, ол: «Егер ол өз бидғатына шақырмайтын болса ғана», - деп жауап берген”. Қараңыз: “Суалат Әби Дәуд” 198.

Дәуд ибн әл-Хусайн туралы имам Ибн Хиббан: «Ол хауариждердің көзқарастарын ұстанған, бірақ ол жеткізген барлық хадистерді қабылдамай қалдырған адам – қателеседі, себебі ол өз мазһабына шақырушылардан емес еді», - деген. Қараңыз: “әс-Сикат” 6/284.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: «Бидғатқа шақырушы адамның (соттағы) куәлігі қабылданбайды, оған ұйып намаз оқылмайды, одан білім алынбайды, оған (қамқорлығындағы әйел кісілер) күйеуге берілмейді деген кейбір сәләфтардың сөздері ақиқат. Олар өз істерін тоқтатпайынша, бұл олар үшін жаза болып табылады. Сол себепті сәләфтар бидғатқа шақырушы мен бидғатқа шақырмайтын адамның арасында айырмашылық жасаған, өйткені (өз көзқарастарын) жасырушы кісіден айырықша, (бидғатқа) шақырушы өз күнәларын ашық жария етті, әрі сол үшін жазаға лайықты болды». Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 28/205.

Шейх Раби’ әл-Мәдхали былай деп айтқан: «Әлдебіреуді бидғатшыларға телу сәләфтар мен имамдар үшін бірдей болмаған. Керісінше, олар бидғатқа шақыратын бидғатшы мен бидғатқа шақырмайтын бидғатшының арасында айырмашылық жасаған. Олар бидғатқа шақырушыдан сақтандырып, онымен бірге отыруға және одан білім алуға тыйым салған. Бұдан қалса, егер ондай кісі өз қасарушылығын одан әрі жалғастырып, бидғатқа шақыруын тоқтатпаса, оны өлім жазасына кесуге шешім қабылдаған, өйткені ондай адам олар үшін сонысымен Аллаһқа және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы соғысатын жол бойындағы қарақшылардан да жаман болған. Ал енді бидғатқа шақырмайтын кісіге келер болсақ, егер ол шыншыл, әрі сенімге лайықтылардың қатарынан болса, олар белгілі бір білім жоғалып кете ме деп қауіптенгендіктен және шаригатты сақтап қалу үшін, ондай кісіден білім (хадистер) алған». Қараңыз: “әл-Мәжму’ әл-уәдых” 53.

Дегенмен, бидғаты оны Исламнан шығарып жібермейтіндей болған кісінің артынан намаз оқуға болатынын ескерте кеткен жөн, себебі кез келген мұсылманның артынан ұйып оқылған намаз дұрыс болып есептеледі, тіпті ол ең пасық күнәһар болса да. Имам Ибн Хазм былай деген: «Біз Мухтарға, ‘Убайдуллаһ ибн Зайд пен Хажжазға ұйып намаз оқудан бас тартқан бірде-бір сахабаны білмейміз. Және осы үшеуі пасықтардың ішіндегі ең нашар пасықтар екеніне қарамастан, сахабалар олардың артынан ұйып намаз оқитын болған!» Қараңыз: “әл-Мухаллә” 4/214.

Хасан әл-Бәсриден бидғатшыға ұйып намаз оқу туралы сұраған кезде, ол: “*Ұйып оқи бер, ал оның бидғаты өзіне қалады*”, - деп жауап берген. Әл-Бухари 1/238.

Бидғат істеген әрбір адам бидғатшы бола бермейтіні туралы

Осыдан алдыңғы «Бидғатты жақтаушылардың Исламдағы үкімі туралы», сондай-ақ «Діни бидғаттың қауіптілігі және оған қатаң тыйым салынғандығы туралы» тарауларынан Ислам дінінде бидғат пен бидғатшының жағдайы қаншалықты қауіпті екенін және бұл күпірлік пен көпқұдайшылықтан кейінгі ең үлкен күнә екені айқын болады. Сол себепті бидғатта айыптау (табди') Исламда ешқандай да жеңілтек іс бола алматынын ұғынып алу қажет! Сүннет имамы – Ахмад ибн Хәнбал: «*Адамдарды Сүннеттен шығару – салмақты іс!*», - деген. Әл-Халләл “*әс-Сунна*” 2/373.

Егер кісі өз негізінде әһлю-Сунна мен сәләфиядан болса, бірақ қателессе немесе тіпті бидғат жасап қойса да, ол бірден бидғатшы бола қалмайды. Сондықтан шейх әл-Әлбани жиі-жиі: «*Бидғат істеген әрбір адам бидғатшы бола бермейді!*», – деп айтатын. Тыңдаңыз: “*әл-Бид’а уәл-мубтади’ун*”.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия қателері кешірілетін кісілерді атап өтіп, былай деді: “*Қатесі кешірілетіндердің қатарына дінге жаңалық енгізіп, бірақ сол бидғаты арқылы Исламның бірлігін бұзбай, әрі сол бидғатын достықтың немесе қастықтың негізі етіп алмаған кісілер жатады. Мұндай қателеліктер әдейі істелмеген қателіктердің қатарына жатады, ал Пәк Аллаһ Тағала мүміндердің ондай қателіктерін кешіреді. Мұндай қателіктерді Кітап пен Сүннетте бекітілген нәрсеге қайшы келетін өзіндік ижтиһад негізінде қалыптасқан көзқарастары болған осы үмметтің сәләфтары мен жетекшілерінің көпшілігі істейтін еді, оларға қарама-қайшы болғандар - өздерімен келісетіндермен достасып, өздеріне қайшы келетіндермен қастасып, әрі осылайша мұсылмандардың бірлігін бұзатындар*”. Қараңыз: “*Мәжму’ул-фәтауа*” 3/349.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия сондай-ақ былай деген: “*Сәләфтар мен кейінгі ұрпақтардан болған көптеген мужтәһидтер бидғатқа жататын сөздер айтқан, не істер істеген. Олардың өйтулерінің себебі: әлсіз хадистерді сенімді хадис деп есептегендіктен; немесе аяттың (шынайы) мағынасына сай тәпсірлемегендіктен; немесе өзі пайымдаған қате пікіріне байланысты оларға Құран мен Сүннеттің мәтіні жетпегендіктен. Әрі егер кісі Раббысынан өз мүмкіндігінше қорықса, ол Аллаһ Тағала олар туралы: «**Раббымыз, егер ұмытсақ, не жаңылсақ бізді жазалай көрме!**», - деп айтқан кісілердің қатарына жатады. Ал хадисте: «(Аллаһ): «**Мен мұны істеп қойдым!**», - деп жауап», - берді деп айтылады*”. Қараңыз: “*Мә’ариж әл-усул*” 43.

Ал егер бидғаттың кейбір түрлерінен тіпті сәләфтардың ішіндегі ғалымдардың өздері де қорғалмаған болса, онда өзгелер туралы не айтуға болады?!

Имам әз-Зәһаби былай деп айтқан: “*Егер қандай да бір имам жеке бір мәселелерде дербес шешім шығарып, кешірілетін қателікпен қателескен әрбір жағдайда біз оған қарсы бас көтеріп, оны бидғатшы деп айыптап, онымен қарым-қатынасты үзетін болғанымызда, онда бұдан Ибн Нәср да, Ибн Мәндах та, олардан үлкендері де құтылмас еді!*” Қараңыз: “*Сияр а’ләм ән-нубала*” 14/39.

Шейх Муқбил ибн Хади былай деп айтқан: «*Егер Сүннетті жақтаушы қате жіберсе, оған көзді жұмып қарау қажет. Ал оның ақиқатқа оралуына келер болсақ, бұл адамгершіліктен!*» Қараңыз: “*Қам’ әл-му’анид*” 475.

Шейх Раби' әл-Мәдхали былай деген: «Егер араларыңдағы біреу Сүннет жалауын көтеріп жүрушілерден болып, біз оны қатесі үшін құлататын болсақ, онда бұл хауариждердің мазһабы болады!» Тыңдаңыз: «Жәласа мә'а фәдыләту-ш-шейх Раби'», «В».

Сонымен қатар, бидғатта айыптаумен қарапайым мұсылмандар емес, бидғат, оның түрлері мен оның шарттары туралы білетін осы үмметтің ғалымдары айналысуы керек екенін де білу керек. Өйткені ғалым емес біреу білімсіздігімен өзге біреуді өз негізінде бидғат та болып табылмайтын, немесе бидғат болса да, бірақ оны істеген адам ақтауға лайық болатын, т.с.с. нәрсе үшін бидғатта айыптауы мүмкін. Сол себепті шейх Ахмад ән-Нәжми былай деген: «Белгілі бір кісіні ғалымдар бидғатта айыптағаннан кейін ғана оны бидғатпен сипаттауға және бидғатшыға бойкот жасауға болады. Әрі сендер, әй, жас білімгерлер, кез келген адамды бидғатқа айыптауға асықпаңдар, тіпті ол шынымен бидғат істейтін болса да! Алдымен ғалымдарға көрсетіңдер, әрі олар сендерді құптасын, онсыз еш нәрсе істемеңдер!» Қараңыз: “Фәтауа әл-жәлия” № 93.

Кісі бидғатшыға айналатын шарттар

Шейх Нәсыруддин әл-Әлбани былай деп айтқан: «Бидғатшыға қатысты екі шарттың болуы қажет:

Біріншісі, ол кісі мужтаһидтердің қатарынан болмауы тиіс, керісінше, әуес-қалауға ерген болуы шарт.

Екіншісі, бидғат ол кісінің табиғаты мен әдеттегі кейіні болуы шарт». Тыңдаңыз: “Силсила әл-һуда уа-ннур” № 785.

Бидғатшылармен дос болудың, араласудың және тартысудың, сондай-ақ олардың еңбектерін оқудың, ұнтаспаларын тыңдаудың, сайттарына кірудің қауіптілігі туралы

Бидғатшылармен дос болудың қауіптілігі туралы

Әбу Һурайрадан жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Адам өз досының дінінде. Сондықтан әрбірің өз жақын достарыңның кім екеніне қарасын!» Әбу Дәуд 4833, әт-Тирмизи 2378. Хадистің сенімділігін имам ән-Нәуауи, хафиз Ибн Хәжар, имам Ибн Муфлих, хафиз әс-Суюты мен шейх әл-Әлбани растады.

Хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр былай деп жазған еді: «Бұл хадистің мағынасы, - бірақ Аллаһ жақсырақ біледі, - мынада: адам өз досынан көрген нәрсеге үйреніп қалады. Дінде де үйреніп қалуға болады, міне, сондықтан мұсылман адам тек жақсы нәрсе көрсете алатын адаммен ғана дос болуға бұйырылған, өйткені жақсы нәрсеге де үйреніп қалуға болады». Қараңыз: “Бәхжатул-жәлисин” 2/751.

Имам әл-Хаттаби былай деген: “«Адам өз досының дінінде» деген сөз – сен тек діні мен тақуалығына разы болған адаммен ғана дос болуға рұқсат етілетіндігін білдіреді. Досың міндетті түрде сені өз дініне, өз жолына тартады, сондықтан өз тақуалығыңа сеніп, алданып қалма, өзіңді қатерге дүшар етпе және діні мен жолына разы болмаған біреуді өзіңе дос қылма! Суфьян ибн 'Уяйна осы хадиске қатысты былай деп айтылғанын жеткізеді: “Перғауынға және оның қасында болған

Хаманға қараңдар! Әл-Хажажға және одан да жаманырақ болған Йәзид ибн Әбу Муслимге көз салыңдар! Сулайман ибн 'Абдул-Мәликке және оны үнемі түзетіп отыратын серігі Ража ибн Хайға қараңдар!" Махаббаттың «хилләт» деп аталуының себебі – махаббат пен ұнату сезімі адамның жүрегіне кіріп, өз тамырын жайып нығаятындықтан деп айтылады, әрі бұл бауырластық сезімінің ең жоғарғы сатысы. Негізінен, адамдар бір-біріне бөтен, ал егер олар танысып, одан әрі достаса бастаса, бір-біріне жақын болып кетеді. Егер араларында ұқсастық байқалса, олар бір-бірін жақсы көретін достарға айналады. Егер бұл сезім әрі қарай нығайса, онда олардың арасында «хилләт» деп аталатын нәрсе пайда болды деуге болады". Қараңыз: "әл-'Узла" 56.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Мүміннен басқа досың болмасын және тамағыңды тақуадан басқа ешкім жемесін!»** Әбу Дәуд 4832, әт-Тирмизи 2395. Хадистің сенімділігін Ибн Хиббан, әл-Хахим, әз-Зәһаби, Ибн Муфлих және әл-Әлбани растады.

Ибн Мәс'уд былай айтады: "Адам туралы оның досына қарап бағалаңдар, өйткені адам өзіне ұқсайтын адамдарды ғана дос тұтады!" Қараңыз: "Тәфсир әл-Қуртуби" 4/281.

Әл-Ә'маш былай деп айтқан: «Сәләфтар белгілі бір адам туралы тек мына үш сұрақты қоятын еді: ол қай жерлерде жүреді, ол кімді зиярат жасайды және қандай адамдарды жақсы көреді». Ибн Батта "әл-Ибана" 2/452.

Суфьян әс-Сәури былай деген: «Адамның әдепсіздігіне немесе ізгілігіне достан артық әсер ететін ешкім жоқ!» Қараңыз: "әл-Ибәнә" 2/476.

Танымал табиғин-имам Са'ид ибн Жубайр былай деген: «Мен үшін баламның құлшылықта ынталы бидғатшымен дос болғанынша, күнәһар суннитпен дос болғаны жақсырақ!» Ибн Батта "әл-Ибана" № 89.

Бидғатшылардың жиналыстарында болудың және олармен араласудың қауіптілігі туралы

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Қадарилер осы үмметтің отқа табынушылары. Олар ауырып қалса, зиярат етпеңдер, ал қайтыс болса, жаназасына бармаңдар!»** Әбу Дәуд 4691, әл-Хахим 1/15, Ибн Әбу 'Асым 339. Хадисті имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи, хафиз Ибн Хәжар мен шейх әл-Әлбани жақсы деді.

Әл-Фудайл ибн 'Ийяд былай деген: «Расында, Аллаһ зікір етілетін жиналыстарды іздейтін Аллаһтың періштелері бар! Ендеше, кімдермен бірге болғаныңа қара! Бидғатшылармен бірге болма, өйткені, шын мәнінде, Аллаһ Тағала оларға қарамайды! Бидғатшылармен бірге болу – екіжүзділіктің белгілерінен. Мен адамдардың ішіндегі ең жақсыларын көріп үлгердім, олардың барлығы әһлю-Суннадан еді және олар бидғатшылармен бірге болуға тыйым салатын!» Қараңыз: "Хильятул-әулия" 8/104.

Ол сондай-ақ былай деп айтқан: «Жүрегіңді бүлдіретіндермен бірге отырудан сақ бол!» әл-Ләлакаи 262.

Суфьян әс-Сәури: «Кімде-кім біле тұра өз құлағын бидғатшыға бұрса, Аллаһтың қорғауынан тыс қалып, өз-өзіне тапсырылады!», - деп айтатын. Әз-Зәһаби "әс-Сияр" 7/261.

Қаншама мұсылман белгілі бір адамның жақсы мінез-құлқына алданып, тура жолдан ауытқып кетті! Гибрат ретінде Яхья ибн Мә'инның айтқанын келтірейік: "Бір күні мен 'Абду-Раззақтың аузынан шигалар айтатын бір сөзді естіп қалып: «Сенің хадистерді жеткізген ұстаздарыңның барлығы сенімге лайықты еді, әрі олар әһлю-Суннадан болды: Мә'мар, Мәлик, Ибн

Журайж, әс-Саури, әл-Әуза'и. Ал мына мазһабты кімнен алдың?», – деп сұрадым. Сонда ол: «Бірде бізге Жә'фәр ибн Сулайман келген болатын, мен оны лайықты әрі жақсы мінез-құлықты екенін көрдім. Осыны содан алдым», – деді». Қараңыз: “әт-Тахзиб” 611.

Әһлю-Сунна имамы Ахмад ибн Хәнбал адамдарды Харис әл-Мухасабидің ақидасынан сақтандырып, тіпті онымен бірге отыруға да тыйым салған. Ал оған Харис Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерін айтатындығы әрі діндар екендігі туралы айтылғанда, Ахмад қатты ашуланып: “Оның жуастығы мен жұмсақтығы сендерді адасушылыққа салмасын! Расында, ол жаман адам. Сендер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерін айтатын кез келген бидғатшымен бірге отыра бересіңдер ме?!”, – деді. Қараңыз: “Табақат әл-хәнабила” 1/233.

Имам Ибн әл-Жәузи былай деп айтқан: «Қарапайым адамдармен араласу – бұл адамның иманына әсер ететін азғыру, тек егер олармен сөйлескен кездерінде ол өзін-өзі сақтамаса. Ол өзі сөйлеуі тиіс, ал оларға тек тыңдаттырып қою қажет». Қараңыз: “Сайд әл-хатыр” 419.

Егер бұл имам қарапайым адамдармен сөйлесудің өзі мұсылманның иманы үшін қауіпті екенін байқаған болса, онда бидғатшылармен және күнәһарлармен дос болу адамның иманына қаншалықты қауіпті екені туралы не айтуға болады?!

Шейх Салих әл-Лухайданнан Сүннетті жақтаушыларымен де, бидғатшылармен де бірге отыра беретін, әрі: «Үмметті бөлуге болмайды, сондықтан мен олармен бірге отырмын!», – дейтін шариғи білім алып жүрген студенттер туралы сұраған кезде, ол былай деп жауап берді: «Ол бидғатшы! Кім ақиқат пен жалғаннан арасын ажыратпаса, әрі осыны мұсылмандардың сөзін біріктіру үшін істеп жатырмын деп мәлімдесе, сол бидғат енгізген болады. Мен Аллаһ Тағаладан оны тура жолға салуын сұраймын». Тыңдаңыз: “Дәрс бә' да салә әл-фәжр”.

Бидғатшылармен тартысудың қауіптілігі туралы

Бірде Мухаммад ибн Сиринге бір бидғатшы келіп, онымен сөйлескісі кеп тұрғаны туралы хабарланды. Бұған Ибн Сирин: “Оған: «Жоқ!», – деп айтыңдар! Маған келмей-ақ қойсың! Ақиқатында, Адам ұрпақтарының жүректері әлсіз, әрі мен одан бір сөз естіп, содан соң жүрегім бұрынғы орнына қайта келмей қала ма деп қорқамын!”, – деп жауап берді. Ибн Уәддах 60, Ибн Батта 399.

Сондай-ақ Мухаммад ибн Сирин бидғатшылардың сөздерін естігенде, саусақтарымен құлағын бітеп: «Олармен сөйлесу рұқсат етілмеген!», – деп айтқаны жеткізіледі. Қараңыз: «әл-Ибана» 2/473.

Бір күні бидғатшы бір кісі Айюб әс-Сахтияниге: “Әй, Әбу Бәкр, мен сізден бір сөз жөнінде сұрайын деп едім”, – деген кезде, Айюб қолын сілтеп: “Жоқ, тіпті жарты сөз де (айтпа)!”, – деді. Қараңыз: “әл-Ибана” 2/472.

Егер тіпті сәләфтардың қатарындағы осындай ұлы имамдардың өзі бидғатшылармен тартысудан, әрі тіпті олармен жай сөйлесудің өзінен қауіптенген болса, онда тіпті діннің қарапайым негіздерін білмейтін кісінің бидғатшылармен тартысуы туралы не айтуға болады?!

Имам Ахмад былай дейтін: «Бізде Сүннет негіздері болып табылатыны: өз әуес-қалауларына ерген адамдармен бірге отыруды тастау, әрі дінге қатысты тартыстар мен дау-дамайларды тастау». Қараңыз: “Усулью-с-Сунна” 23.

Бірде бір кісі имам Ахмадтан бидғатшылардың жалған көзқарастарын әшкерелеуге рұқсат сұрағанда, ол былай деп жауап берді: *«Біз ғалымдардың адасқан көзқарастарға ерген кісілермен сөйлесіп, бірге уақыт өткізуді тыйым салғанын естідік те, көрдік те. Бидғатшылар мен адасқандардың көзқарастарын әшкерелеу үшін олармен бірге отыру емес, Аллаһтың Кітабындағы және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіндегі нәрселерді орындаумен шектелу қажет. Шын мәнінде, олар сені абдырауға салып қоюы мүмкін, бірақ өз бидғаттарынан қайтпайды. Сондықтан Аллаһ қаласа, олармен бірге отырмау әрі олардың бидғатын талқылауға кіріспеу жақсырақ болады»*. Қараңыз: “әл-Ибана әс-суғра” 1/44.

Имам Ахмад сондай-ақ былай деген: *«Сүннетті, хадис пен фикһты оқып-үйренулеріңіз керек, өйткені олар сендерге пайда әкеледі, әрі бидғатшылармен талас-тартысқа, салғыласушылыққа түсуден сақ болу қажет!»* Қараңыз: “әл-Ибана” 2/532.

Біреу: «Үмметіміздің имамдарының өздері бидғатшыларды жиі теріске шығаратын бола тұра, қалайша олармен тартысуға тыйым салады?», - деп сұрауы мүмкін. Бұл сұрақтың жауабын «Бидғатшыларды жоққа шығарып, олардан сақтандырудың маңыздылығы туралы» атты тақырыптан таба аласыздар.

Негізінен сәләфтар адасқан бидғатшылардың өздерімен тартысқа түспегенін, ал олардың бидғатының мәнін жұртқа түсіндіріп әшкерелегенін білу қажет. Қарапайым адамдарға осыны түсіндіріп, оларды қасіреттен аман сақтап қалу – ғалымдардың басты мақсаттарының бірі. Бұл туралы жоғарыдағы тарауларда айтылған болатын.

Ал бидғаттар мен өз құмарлықтарын жақтаушылардың өздеріне келер болсақ, олармен тартысудың және оларға бір нәрселерді дәлелдеп отырудың әрі сол арқылы білімді қорлаудың және өзіңді күмәнға салу қауіпіне түсірудің қажеті жоқ, өйткені егер Аллаһ қаласа, Ол оны ақиқат жолына салады. Бидғатшылармен таласқа түсу – оларға өз бидғаттарын нығайтып таратуға көмектеседі. Әбу Қилаба былай деп айтатын: *“Өз әуесқалауларын жақтаушыларды тыңдау арқылы оларға көмектеспендер!”* Әл-Ләлакаи 246.

Бидғатшыларды теріске шығарудың ең жақсы әдісі – оларды елемей! Бұл туралы Айюб әс-Сахтияни былай деген: *«Бидғатшыларды теріске шығарудың сөйлемеден күштірек әдісі жоқ»*. Қараңыз: “әш-Шәри’а” 56.

Себебі кісі бидғатшылармен тартысқаннан кейін, олардың келтірген дәлелдерімен әсерленіп, өз дінінде босаңсуға жол беруі әрі өз сенімін (ақидасын) оларға ұнайтындай етіп «түзете» бастауы мүмкін. Бұған мысал ретінде жәһмия сектасының негізін салушы Жәһм ибн Сафуанды келтіруге болады. Оған Дирхамның бұзық идеялары жеткен кезде, ол діни мәселелердің барлығын ақылымен түсінуге тырыса бастады деп жеткізіледі. Бірде ол Үндістаннан келген «суммания» деп аталатын құдайсыздармен кездесіп қалды. Әңгімелесу барысында олар оған: «Сіз мұсылмансыз ба? Сіз Аллаһ бар дейсіз бе? Ал сіз Оны көрдіңіз бе, Оны естіп көрдіңіз бе?» деген сұрақтар қойды. Соңғы екі сұраққа Сафуан: *«Жоқ, көрген жоқпын, естіген жоқпын»*, - деп жауап берді. Сөйтіп әлгі дінсіздер сұрақтарын жалғастырып, «Сен Аллаһты ұстап көрдің бе?» деген секілді сұрақтарды қоюды жалғастырды. Ал Сафуан: *«Жоқ»*, - деп жауап беріп отырды. Сонда әлгілер: *«Ендеше сіз Оған қалайша сенесіз?»*, - деп сұрады. Осы кездесудегі дінсіздердің кесірлі сұрақтарының себебімен Сафуан күдіктерге бой беріп, қырық күн бойы намаз оқымай және басқа да парыздарды орындамай, үйіне тығылып алды.

Алайда, егер бидғатшылардан біреу-міреу шынымен-ақ таласуды емес, ақиқатты білгісі келсе, онымен сол тақырыпты білетін, даналық пен жұмсақтық таныта алатын адамның

пікір-талас жүргізуінде еш айып жоқ. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқанындай: **«Раббыңның жолына даналық пен көркем үгіт арқылы шақыр! Әрі олармен көркем түрде тартыс жүргіз!»** (Нәхл сүресі, 125-аят).

Имам әл-Хатыб әл-Бәғдади былай деген: *«Ибн ‘Аббас ‘Али ибн Әбу Талибтің бұйрығымен хауариждермен пікірталасқа түсті. Бірде-бір сахаба ақиқатқа жету мақсатында пікірталас жүргізуге тыйым салмаған!»* Қараңыз: “әл-Фәқиһ уәл-мутафақиһ” 1/234.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Кімде-кім Дәжжалдің шыққанын естісе, одан қашсын, өйткені Аллаһпен ант етейін, адам өзін мүмін деп есептеп оған келеді де, содан соң оның тарататын күмәндары себепті оған ілесіп кетеді».** Ахмад 19968, Әбу Дәуд 4319, әл-Хаким 4/576. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми’» 6301.

Имам Ибн Батта осы хадиске қатысты былай деген: *“Бұл Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзі! Уа, мұсылмандар, Аллаһпен ант етейін, сендердің біреулеріңнің өзі туралы жақсы ойда болуы және мәзһабының дұрыстығы оны әуес-қалауларының жақтаушыларымен бірге отырып: «Олармен айтысқым келеді, немесе оларды адасушылықтан шығарып, тура жолға салғым келеді», - деп айтып, өз дініне зиян тигізуге итермелемесін. Шын мәнінде, бидғатшылардан келетін фитна – Дәжжалдан келетін фитнадан да жаман, себебі олардың сөздері қышыма ауруынан да тезірек жұғады және олар жүрек үшін қызба ауруынан да ыстығырақ! Мен бидғатшыларды лағынеттеп, өздерінің жиналыстарда оларға сөгіс және қарсылық білдіріп, оларды ұрысатын қаншама адамдарды көрдім. Алайда олар бидғатшылармен сөйлесуін тоқтатпады, ал азғыру байқаусыз және күпірлік ап-айқын, соңында әлгі кісілер бидғатшыларға қосылып тынды!”* Қараңыз: “әл-Ибана” 3/470.

Имам әл-Әжурри бидғатшылармен сөйлесудің қауіптілігін және олармен қарым-қатынасты үзу қажет екенін атап өтіп, былай деді: *“Ал егер адам: «Ал не үшін онымен (бидғатшымен) пікірталас жасап, оның айтқандарын теріске шығармасқа?», - десе, оған былай деп жауап беру керек: «Өйткені, сіз өзіңізді одан қауіпсіз сезіне алмайсыз, себебі сіз одан қандайда бір сөздерді естіп, жүрегіңізді бүлдіріп алуыңыз мүмкін! Ол сондай-ақ сізді өзінің шайтан оған сәндеп көрсеткен өтіріктері арқылы адасушылыққа салуы да мүмкін. Бірақ мұндай адаммен оның үстінен дәлелді қою үшін пікірталас жүргізу қажеттілігі әрі бұл (пікірталас) билеушінің (әмірдің) немесе сол сияқты біреудің қатысуымен жүруі (бұл қағидадан тыс) ерекшелік болып табылады. Басқа жағдайларда мұны істемеу қажет! Әрі мен сізге айтқан осы сөздерім мұсылмандардың ертедегі имамдарының Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне сай келетін сөздері болып табылады!»* Қараңыз: “әш-Шәри’а” 3/574.

Бидғатшылардың еңбектерін оқудың, үнтаспаларын тыңдаудың және сайттарына кірудің қауіптілігі туралы

Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ‘Умар ибн әл-Хаттабтың қолында Кітап иелері жазған парақшаларды көргенде, қатты ашуланып, оған былай деп айтқаны жеткізіледі: **«Сен не, әй, әл-Хаттабтың баласы, менің алып келген нәрсеме қатысты күдіктесің бе?! Олардан (Кітап иелерінен) еш нәрсе сұрамаңдар, себебі олар бір ақиқатты айтып, ал сендер оны жалған деп есептеулерің мүмкін, немесе олар бір жалғанды айтып, ал сендер оны ақиқат деп санауларың мүмкін. Әрі Аллаһпен ант етемін, тіпті егер Мұса Пайғамбардың өзі біздің арамызда болғанда, ол**

мен ұстанған нәрсеге ілесуге міндетті болар еді!» Ахмад 3/378, 471, әд-Дәрими 2/371. Шейх әл-Әлбани хадисті жақсы деді.

Ибн Баз басқарған Тұрақты Комитет ғалымдарына «Инжілді (Евангелие) оқудың үкімі қандай?» деген сұрақ қойылды. Олар былай жауап берді: «Аллаһ Тағала хабарлағандай, көктен түсірілген бұрынғы Кітаптар бұрмалауға және қоспалар енгізуге ұшыраған. Сондықтан мұсылман адамға ондай кітаптардан қандай да бір нәрселерді оқуға рұқсат етілмейді, тек егер ол осы Кітаптардағы бұрмалаулар мен қарама-қайшылықтарды түсіндіріп бергісі келетін бекем білімге ие адам болмаса ғана». Қараңыз: “Фәтауа әл-Ләжна” 3/311.

Имам Мәлик былай дейтін: «Өз әуес-қалауларын жақтаушылардың, бидғатшылардың және жұлдыздарға қарап бал ашатындардың кітаптарынан қандай да бір нәселерді рұқсат етуге болмайды!» Қараңыз: “Жәми’ әл-бәян әл-‘илм” 416

Имам әл-Мәруази былай баяндайтын: “Бірде мен Әбу ‘Абдуллаһқа (имам Ахмадқа): «Сөгіс білдіретін нәрселер жазылған бір кітапты кездестірдім. Қалай ойлайсыз, оны өрттеп жіберу керек пе?», - дедім. Сонда ол: «Иә!», - деп жауап берді”. Қараңыз: “әл-Әдәб әш-шәр’ия” 1/229.

Бір күні Әбу Зур’адан өз заманының атақты қиссашысы – Харис әл-Мухасаб пен оның кітаптары туралы сұраған кезде, ол: “Ол кітаптардан сақ бол! Бұл кітаптар бидғат пен адасушылық болып табылады. Сәләфтардан жеткен хабарларға еріңдер, ақиқатында, ол хабарларда бұл кітаптарға жүгінбеу үшін жетіп асатын нәрселер бар!”, – деді. Оған: “Бірақ бұл кітаптарда ғибрат бар ғой”, – деген кезде, ол: “Кім үшін Аллаһтың Кітабында ғибрат болмаса, оған осы кітаптарда да өсиет болмайды!”, – деп жауап берді. Содан соң ол: “Адамдар нендей тез бидғатқа қарай ұмтылады!”, - деді. Қараңыз: “әс-Сияр” 13/99, “әл-Әнсаб” 4/99.

Сөз етіп жатқан нәрсемізге сондай-ақ мысал ретінде имам әл-Ғазалидің «Ихья ‘улюм әд-дин» (Діни ғылымдардың жаңғыруы) атты танымал кітабын келтіруге болады. Бұл едәуір пайдалы еңбек, оның ішінде Құран аяттары, хадистер мен сәләфтардың сөздері келтірілген. Әрі осы еңбектің пайдалы болуы себепті көптеген ғалымдар оған түсіндірмелер жазған, аталмыш еңбекті ықшамдаған, онда келтірілген хадистердің, хабарлардың сенімділігін тексерген.

Алайда, бұған қоса, осы кітаптың ішінде көптеген адасушылықтар бар болатын! Имам әз-Зәһаби осы кітаптың қателіктерін әшкерелеп, одан сақтандырған көптеген имамдардың сөздерін келтірген. Мысалы, имам әл-Жәузи әлгі кітап туралы былай дейтін: “«Әл-Ихья» кітабына келер болсақ, оның ішінде ғалымдардан басқа ешкім білмейтін көптеген қателіктер бар! Сол қателіктердің ең кішісі – онда өтірік хадистердің болуы”.

Имам әт-Туртуши, әл-Мәзири мен шейхул-Ислам Ибн Тәймия сынды ғалымдар да аталмыш кітапта әдеп пен зуһдтық туралы айтылған көптеген пайдалы сөздерден басқа, таухид (бірқұдайшылық) пен пайғамбарлыққа қатысты көптеген философиялық көзқарастар, көп сопылық ойлар мен сопы ғалымдарының дәйексөздері, көптеген өтірік, әлсіз хадистер және т.б. нәрселер келтірілгендігін айтқан. Қараңыз: “әс-Сияр” 3/327-338, “Мәжму’ул-фәтауа” 10/55.

Шейх Ибн ‘Усаймин былай дейтін: “Бидғатшыларды бойкот жасау (әдістерінің) құрамына азғырудан қауіптеніп олардың кітаптарын оқуды тастау және оларды адамдардың арасында таратпау жатады! Адасушылық орындарынан алыс болу міндетті болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Кімде-кім Дәжжалдің шыққанын естісе, одан қашсын, өйткені Аллаһпен ант етейін, адам өзін мүмін деп есептеп оған келеді де, содан соң оның тарататын күмәндары себепті оған ілесіп кетеді». Алайда,

егер бидғатшылардың кітаптарын оқудың себебі олардың адасушылығын біліп, оларды теріске шығару үшін болса, онда бұның дұрыс ақидаға ие әрі оларды теріске шығара алатындай адам үшін ешқандай проблемасы жоқ. Тіптен, мұндай нәрсені істеу міндетті болуы да мүмкін, өйткені бидғатты теріске шығару – парыз, ал онсыз парызға жету мүмкін болмайтын нәрсе де парыз!” Қараңыз: “Шәрх Люм’а әл-и’тиқад” 159-160.

Шейх Салих әл-Фаузанға «Бидғатшылардың кітабын оқып, олардың ұнтаспаларын тыңдаудың шынайы үкімі қандай?» деген сұрақ қойылды.

Шейх былай деп жауап берді: “Бидғатшылардың кітаптарын оқып, олардың ұнтаспаларын тыңдауға болмайды, тек егер мұны олардың қателіктерін әшкерелеп, адасушылығын түсіндіргісі келген адам істемесе ғана. Ал қарапайым адам мен білім ізденуші студент, немесе бидғатшыларға қарсы жауап қайтару үшін емес, керісінше жай біліп алу үшін ғана оқитын кісіге келер болсақ, оларға бұны оқуға тыйым салынады! Оның оқығаны жүрегіне әсер етіп және сол жамандық оның істерінде көрінуі мүмкін ғой! Сондықтан да адасқандардың кітаптарын мұны теріске шығаратын және (адамдарды) олардан сақтандыратын білім иелерінен болған мамандардан басқа, ешкімге оқуға рұқсат етілмейді!” Қараңыз: “Фәтауа фи-ссияса” 18.

Ашық бидғат жасап және оған шақырған адам қалай тәубе ету керек?

Бүкіл ғалымдар тәубе етудің үш шарты бар екеніне бірауызды келіскен. Әлгі күнәсін тоқтату, істеген күнәсі үшін Аллаһтың алдында шынайы өкіну, әлгі күнәні ешқашан жасамаймын деп бел байлау. Алайда бидғатарды немесе басқа күнәларды ашық жасаған немесе сол күнәларды рұқсат етілген деп жариялаған, немесе бидғат жасау арқылы басқа адамдарды адасушылыққа түсірген әрбір адам тәубенің тағы бір шартын орындауы қажет: ашық түрде тәубе етуі, істеген ісі адасушылық және күнә екенін жұртқа түсіндіруі тиіс! Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері: «**Расында, Біз ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін оларды жасырғандарға Аллаһ лағынеттейді әрі бүкіл лағынет етушілер лағынеттейді. Бірақ тәубе еткендер, істегендерін түзеткендер және шындықты баян еткендер басқа. Мен солардың тәубелерін қабыл етемін, өйткені Мен - ерекше Мейірімдімін**» («әл-Бақара» сүресі, 159-160 аяттар).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: «Кім күнәні жасырын істесе, жасырын тәубе етсін және ол өз күнәсі туралы жариялап айтпауы керек. Ал егер Аллаһтың құлы күнәні жария істесе, онда ол тәубесін де жария істеуге міндетті». Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 15/302.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: «Бидғатқа шақырған кісінің тәубесінің шарттарының бірі – ол сол адасушылық пен бидғатты түсіндіріп беруі және тура жолға нұсқауы қажет!» Қараңыз: «‘Уддату-ссабирин» 93.

Хасан ибн Шақық былай деген: “Бірде біз Ибн әл-Мубаракпен бірге болған кезде, оған бір кісі келді. Ибн әл-Мубарак оған: «Сен әлгі жәһмисің бе?!», - деді. Ол: «Иә», - деді. Сонда Ибн әл-Мубарак: «Менің қасымнан кет, әрі ешқашан қайтып келме!», - деді. Әлгі кісі: «Мен тәубе еттім ғой!», - деді. Бұны естіген Ибн әл-Мубарак: «Сенің бидғатың қандай айқын болған болса, тәубең де тура солай айқын болмайынша - жоқ!», - деді” Ибн Батта “әл-Ибана әс-суфра” 154.

Исламда жақсы бидғат (бид’а хасана) жоқ екендігі туралы және олардың күмәнді дәйектеріне қарсы жауап

Егер оқырман осы тарауға дейін мұқият оқып шыққан болса, Аллаһтың қалауымен, ол «Исламда жақсы бидғат бар ма?» деген сұрақтың жауабы сөзсіз «Егер бұл ақидаға және ғибадаттың рәсімдік түрлеріне қатысты болса, онда Исламда жақсы бидғат деген жоқ» деген жауап болатынын анық түсінеді.

Алайда, бидғат пен әуес-қалаулардың жақтаушыларында Исламда жақсы бидғат бар дегенге бірнеше күмәнді дәйектері бар, әрі олар осылайша діннің түрлі салалары мен мәселелеріндегі өз адасушылықтары мен бидғаттарын ақтауға тырысады. Суфьян әс-Сәури: «Әдемі етіп көрсетілмеген адасушылық жоқ!», - деп, ақиқатты айтқан. Қараңыз: “әл-Хужда фи баян әл-мәхажә” 2/484.

Яғни кез келген адасушылық дәлел және негіздеме сияқты бір нәрсеге ие болады: ол әлсіз немесе ойдан тоқылған хадистер; немесе шарифат талап ететіндей етіп түсіндірілмеген сахих хадистер; немесе діннің белгілі бір саласында ақиқаттан ауытқыған қандай да бір имамдардың сөздері болуы мүмкін.

Аллаһ Тағаланың рұқсатымен осы мәселені жан-жақты қарастырып, Исламда жақсы бидғат бар дейтіндердің дәлелдерін талдайық:

1. «Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, сол өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді» деген хадис.

Исламда жақсы бидғат бар дейтіндердің ең басты дәйегін талдаудан бастайық, ол танымал хадис: **«Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, сол өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді»**. Муслим 1017.

Шейх Сыддиқ Хасан Хан осы хадиске байланысты былай деген: “*Кейбіреулер осы хадиске және осыған ұқсас хадистерге «дінге жақсы жаңалық енгізуге болады» дегенге дәлел ретінде сүйенген!* Алайда бұл хадисте олардың сөздерін растайтын ешқандай дәлел жоқ, өйткені хадистегі «сунна хасана» сөзі кісінің қандай да бір жаңа, ешқандай негізі жоқ амалды емес, заңдастырылған Сүннетке негізделген, Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бастау алатын амалдарды істеуді білдіреді”. Қараңыз: “әс-Сираж әл-уәххаж” 10/420.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы хадисте не туралы айтқанын түсіну үшін, хадисті толығымен келтіру керек: Жәрир ибн ‘Абдуллаһ былай деп баяндаған: “*Бірде сәске кезінде біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанында болғанымызда, оған жартылай жалаңаш кісілер келді, олар үстілеріне бастары өтетін (жаға іспеттес) тесіктер жасап алған жүн матаның ала жыртыстарын киіп алған және белдеріне қылыштарын байлап алған болатын. Олардың көпшілігі, бәлкім, барлығы да мудар руынан еді. Олардың қатты мұқтаждығын көрген кезде, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түрі бұзылып, ол өз бөлмесіне кіріп кетті. Содан соң бөлмесінен шығып, Біләлға азан шақыруды бұйырды, Біләл азан шақырып, кейін қамат айтты. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы намазды орындады да, кейін адамдарға қарап құтпа айта бастап, былай деді: «Әй, адамдар! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ерлер мен әйелдерді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар! Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстық қатынастарды (үзуден) қорқыңдар. Шынында, Аллаһ – сендерді Бақылаушы!» («ән-*

Ниса» сүресі, 1-аят). Одан кейін “Хашир” сүресінің соңғы аяттарының бірін оқыды: «**Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар! Әрі әркім ертеңі үшін не дайындағанына қарасын**» («әл-Хашир» сүресі, 18-аят). Содан кейін: «**Кісі өз динарын, немесе дирхамын, немесе өз киімін, немесе бір са’ бидай, немесе бір са’ құрма.., - деп айта бастады да, - ...немесе құрманың жартысын садақа етсін**», - дегенге дейін жалғастырды. Осыдан соң ансарлардан болған бір кісі әрең көтеретіндей ауыр болған күміс толған әмиян алып келді, ал ол кісіден кейін басқалар да бірінен соң бірі (садақаларын беріп) оған ілесті. Ақыр-аяғында мен жерде екі үйінді (зат) жиналғанын көрдім – (олардың) біреуі тамақ, екіншісі киім болатын. Мен сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзі алтын апталғандай жайнап кеткенін де көрдім. Сөйтіп ол былай деді: «**Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді. Ал кім Исламда жаман әдет бастаса, сол өз күнәсінің және өзінен кейін сол істі істегендердің күнәларының ауыртпашылығын көтереді, ал бұл олардың күнәларының ауыртпалығын еш азайтпайды!**»” Муслим 1017.

Хадисті толықтай білгеннен кейін, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «жақсы әдет» деген сөзбен не айтқысы келгені бізге айқын болады. Бұл жерде Исламда бекітілген белгілі бір ізгі амал істеген кісі туралы әрі осы ізгі амалында оның артынан басқалар ергендігі, яғни Сүннетті тірілткен адам туралы сөз болуда. Әрі аталмыш хадисте әртүрлі бидғаттар туралы емес, Исламда заңды етіп бекітілген және шарифи негізге ие садақа туралы сөз болды. Себебі, хадисте: «**Осыдан соң ансарлардан болған бір кісі әрең көтеретіндей ауыр болған, күміс толған әмиянын алып келді, ал ол кісіден кейін басқалар да бірінен соң бірі (садақаларын беріп) оған ілесті**», - делінген. Яғни әлгі ансар кісі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міскін мұсылмандарға садақа беру туралы жасаған үндеуіне ең алғаш болып құлақ асқан адам болды, содан кейін оның өнегесіне басқа мұсылмандар да ере бастады. Сондықтан осыдан кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді**», - деді.

Сонымен қатар «жақсы әдет» дегеннің астарында Сүннет амал істеу туралы сөз болып жатқаны Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген осыған ұқсас келесі хадистен де түсініледі: “**Бірде Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір кісі келіп, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды оған садақа беруге үндей бастады. Біреу: “Менде мынадай және мынадай нәрселер бар”, - деді. Әрі сол мәжілісте ол кісіге азды-көпті садақа бермеген бірде-бір адам қалмады. Содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Кім бір жақсы нәрсе бастаса, әрі оған осыда өзгелер де ерсе, сол толық сауап әрі ізінен ергендердің сауаптарын да алады, ал бұл олардың өз сауаптарын азайтпайды. Ал кім жаман нәрсе бастаса және оған осыда өзгелер ерсе, сол осы үшін толық жауапкершілікті әрі өзіне ілескендердің жауапкершілігін де көтереді, ал бұл оларыдың өз күнәларын еш азайтпайды»”.** Ибн Мәжаһ 204. Хадистің сенімділігін хафиз әл-Бусайри мен шейх әл-Әлбани растады.

Сөйтіп, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дінге ешқандай жақсы жаңалық енгізуге рұқсат бермегені айқын болды әрі бұл хадисте бұған ешқандай дәлел жоқ.

Біріншіден, «мән сәнна сунна хасана» (кім жақсы әдет бастаса) деген тіркестегі «сунна» сөзі шарифи емес, тілдік мағынада қолданылып тұр. Яғни аталмыш хадистегі «сунна» сөзі

«әдет», «жол», «іс» дегенді білдіреді. Осы хадистегі «сунна» сөзі шария мағынада қолданылуы мүмкін емес, себебі - егер олай болғанда, онда бұл «Исламда жаман Сунна да бар» дегенді білдірер еді, өйткені «мән сәнна сунна сайиа» (кім жаман әдет қалыптастырса) деген тіркес «Исламда жаман Сунна да бар» дегенді білдірер еді, өйткені бұл сөздер «кім жаман Сунна бастаса» деген мағынада түсінілер еді. Міне, осы себепті бұл тіркестердің жалғыз дұрыс түсінігі «жақсы өнеге» және «жаман үлгі» дегенде!

Екіншіден, сәләфтар мен әуелгі имамдардың бірде-біреуінен олар хадистегі «жақсы амал (әдет)» деген сөз жақсы бидғат (бид'а хасана) деп түсінгені туралы хабар жеткізілмеген.

Үшіншіден, қарастырып жатқан хадистен ешкім дінде ешқандай жаңа бір нәрсе істемегенін түсінеміз, керісінше әлгі сахаба тек садақа берді және оған басқалар ерді. Сөйтіп көптеген имамдар, мысалы, имам әл-Ләлакаи өзінің «Шарх усул әл-и'тиқад» кітабында, осы хадисті «Сүннетті тірілткеннің сауабы туралы» деген тарауларда келтірген.

Аталмыш хадис пен соған ұқсас хадистердің мағынасын мына бір хадис керемет түсіндіріп береді: *«Адамдар менің Сүннетімді өлтіргеннен кейін оны тірілткен кісіге сол Сүннетті істеген бүкіл адамдардың сауабына тең сауап беріледі, әрі олардың да сауаптары түк азаймайды! Ал бидғат енгізген адам сол бидғаттың күнәсін әрі сол бидғатты істеген бүкіл адамдардың күнәларының ауыртпалығын арқалайды!»* Ибн Мәжаһ 209, әт-Тирмизи 2677. Хадистің сенімділігін имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи, имам әл-Бәғауи, шейх Ибн Хәжар әл-Хайтами және шейх әл-Әлбани растады. Қараңыз: “Сунан әт-Тирмизи” 3/128, “Шарх әс-Сунна” 1/198, “әз-Зәуажир” 1/98, “Сахих «Сунан» Ибн Мәжаһ”.

Шейх Сыддиқ Хасан Хан талқыланып жатқан хадиске қатысты имам ән-Нәуауидің бидғат бес түрлі болады (уәжиб, мустахаб, харам, мәкруһ және мубах) деген сөздерінен кейін: *«Бұл хадисте (бидғатты) өстіп жіктеуге ешқандай нұсқау жоқ! Шын мәнінде, осы хадисте айтылған адамдар жаңадан еш нәрсе істеген жоқ, тек Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ғана ерді. Әрі бидғат бес түрге бөлінетініне ешқандай дәлел жоқ. Ал кім бидғаттың осындай бөлінуі туралы пікірге ілескен болса, осынысына ешқандай дәлел әкелмейті!»*, – деді. Қараңыз: “әс-Сираж әл-уәххаж” 3/565.

Шейх Сафийю-р-Рахман әл-Мубаракфури *«мән санна Сунна хасана»* деген сөздерге қатысты былай деді: *“Яғни кім әлгі күміс толған әмиянын алып келіп, басқаларға үлгі болған кісі сияқты өзгелерден бұрын жақсы іс бастаған болса, сол. Ал әлгі кісінің ісі жақсы болғанына қатысты айтар болсақ, онда бұл діннен белгілі. Әрі хадистің мағынасы – дінде белгілі болмаған бір нәрсені енгізген біреудің енгізген нәрсесі жақсы дегенде емес, өйткені дінде жақсы екендігі белгісіз болған нәрсе ешқашан жақсы бола алмайды! Сондай-ақ бұл кейбіреулердің ілесетін бидғатты жақсы және жаман деп бөліп қарастырудың жарамсыз екенін көрсетеді. Расында, кез келген бидғат – бұл адасушылық! Және бұл жерде екеуінің біреуі болуы мүмкін: егер бұл іс жақсы болса, ол бидғат болуы мүмкін емес, ал егер бұл іс бидғат болса, ол ешқашан жақсы бола алмайды, тіпті біреуге жақсы болып көрінсе де! Мысалы, намаз – өте жақсы іс, бірақ парыз намаздардағы бекітілген ракағат санын көбейту – өте жаман іс, мұндайды істеген адам тәубе етуі тиіс. Сондай-ақ «Мұхаммед – Аллаһтың елшісі» деген сөз – өте жақсы сөз, бірақ осы сөздерді азанның соңынан қосу – өте жаман нәрсе, мұндайды айтқан адам тәубе етуі тиіс. Әрі бүкіл жақсы істердегі үкім осындай, өйткені шарият нұсқаған нәрсе ауыстырылмайды, көбейтілмейді және азайтылмайды. Және шариятқа сәйкес келмеген нәрсе «жақсы» деп айтылмайды!”* Қараңыз: “Миннатул-мун’им фи шарх «Сахих» Муслим” 2/105.

Шейх Ибн 'Усаймин талданып жатқан хадиске қатысты былай деді: *“«Кім Исламда бір жақсы әдет бастаса» деген сөзді айтқан (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)):*

«Кез келген бидғат – бұл адасушылық», - деп те айтты. Әрі ең шыншыл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерінің арасында қарама-қайшылық болуы мүмкін емес болғандай, оның бір сөзі екінші бір сөзін теріске шығаруы да мүмкін емес!

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Кім жақсы әдет бастаса», - деді, «Кім бидғат енгізсе», - деген жоқ. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Исламда жақсы әдет бастаса», - деді, ал бидғат Исламнан емес. Және ол: «..жақсы...», - деді, ал бидғат жақсы емес». Қараңыз: «әл-Ибда' фи кәмал әш-шәр'» 19-20.

2. “Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы. Ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жаман!”, - деп айтылатын хадис

Исламда жақсы бидғат бар дейтіндер дәлел ретінде Әнастан жеткен «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы. Ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жаман!”, - деп айтты» деген хабарды да келтіреді.

Біріншіден, бұл хадис Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткен хадис емес және бұны хадистерден хабары жоқ кісілерден басқа ешкім Пайғамбардан жеткізілген деп айтпаған! Бұл Ибн Мәс'удтың (Аллаһ оған разы болсын) сөзі болып табылады: «Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы. Ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жаман!» Ахмад 1/379, әт-Таялиси 23, әл-Бәззар 130. Сенімділігін имам әз-Зәһаби, хафиз Ибн Хәжар, имам әс-Сахауи, хафиз Ибн 'Абдул-Ғади, шейх Ахмад Шәкір және шейх әл-Әлбани растады.

Ханафи мәзһабының танымал ғалымы хафиз әз-Зәйла'и былай деп айтқан: «Бұл хадистің Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізілетін түрі – бөтен (ғариб), әрі мен оның тек Ибн Мәс'удтан жеткенін ғана таптым». Қараңыз: “Нәсбу-ррая” 4/133.

Хафиз Ибн 'Абдул-Ғади былай деген: «Бұл хабар Әнас сөзінен Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімсіз иснадпен жеткен, ал дұрысы – бұл Ибн Мәс'удтың сөзі». Қараңыз: “Кәшф әл-хуффа” 2/188.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: «Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзі емес, бұны оған хадис білімінен хабарсыз біреу теліген! Алайда бұл сенімді түрде Ибн Мәс'удтан жеткен». Қараңыз: “әл-Фурусия” 61.

Екіншіден, тіпті егер Исламда жақсы бидғат бар дейтіндер бұл хабар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисі емес, Ибн Мәс'удтың сөзі дегенге келісіп, бірақ сонда да оны дәлел ретінде пайдалануға талпынса да, бұл хабарда олардың пікіріне бәрібір дәлел жоқ. Мұның келесідей бірнеше себептері бар:

Осы жерде «мұсылмандар» дегенде Ибн Мәс'уд сахабаларды меңзегенін аталмыш хабардың толық нұсқасы жақсылап ашып береді: «Ақиқатында, Аллаһ Тағала Өз құлдарының жүректеріне қарап, олардың арасынан Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегін ең жақсы деп тапты да, содан соң оны Өзі үшін таңдап, Өзінің елшілігімен жіберді. Содан соң Аллаһ Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегінен кейін (басқа) құлдарының жүректеріне қарап, олардың арасынан сахабалардың жүректерін ең жақсы деп тапты да, оларды Өзінің пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көмекші етті!

Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы, ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жаман!» Ахмад 1/379, әл-Әжурри 1204.

Ал әл-Хақимнің нұсқасында «Мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы, ал мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе Аллаһтың алдында да жаман деген сөздерден кейін, Ибн Мәс'уд былай дейді: “Және бүкіл сахабалар Әбу Бәкр халифа болуы керек деп есептеді”.

Міне, осылайша, Ибн Мәс'удтың бұл сөздері сахабаларға қатысты айтылғаны анық болды, әрі олар дінде түрлі бидғаттар ойлап тауып, оларды жақсы амал деп есептеген бидғатшыларға қатысты емес.

Бірақ тіпті егер Ибн Мәс'удтың осы сөздері тек сахабаларға ғана емес, бүкіл мұсылмандарға қатысты деп ұйғарған жағдайдың өзінде де, бұл хабарда олардың пікіріне ешқандай дәлел жоқ. Осы хабарда Ибн Мәс'уд мұсылмандардың нақты бір саны туралы сөз етіп тұр ма, әлде жалпы бүкіл мұсылмандар туралы айтып тұр ма?! Әрине, бүкіл мұсылмандар туралы, олардың көпшілігін де, азшылығын да ерекшелемей айтып тұр. Әрі осы себепті де Ибн Мәс'удтың осы хабарын көптеген имамдар бірауызды келісімнің (әл-ижма') дәлел екеніне айғақ ретінде келтірген. Танымал ханафи ғалымы Имам әл-'Изз ибн 'Абду-с-Сәлам былай деп айтқан: «Егер осы хабар сенімді болса, онда «мұсылмандар» дегенде бірауызды келісім меңзелуде». Қараңыз: “Фәтауа әл-'Изз” 1/42.

Имам Ибн Қудама былай деген: «Бұл хабар ижма' дәлел екеніне дәлел болып табылады». Қараңыз: “Раудату-ннәзыр” 86.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: «Бұл хабарда мұсылмандар бір нәрсені жақсы деп, пікірлері бір жерден шықса, ол нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы болып табылатынына нұсқау бар. Бірақ бұл хабарда кейбіреулердің пікірі дәлел болатынына нұсқау жоқ!» Қараңыз: “әл-Фурусия” 60.

Сондай-ақ аталмыш хабарды хафиз әл-Хайсами, Шейхул-Ислам Ибн Тәймия, хафиз Ибн Кәсир және басқалар да ижмаға дәлел ретінде қолданған. Қараңыз: “Кәшф әл-әстар” 1/81, “Минһажу-с-Сунна” 1/166, “әл-Бидая уә-ннихая” 10/328.

Қалай басқаша болуы мүмкін?! Өйткені Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл үмметі бірауызды келіскен нәрсе адасушылық болуы мүмкін емес?! Ибн 'Умар мен Әнастан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «**Расында, Аллаһ Тағала Мұхаммедтің үмметін толығымен адасу үстінде жинамайды!**» Ахмад 5/145, Ибн Мәжаһ 3950, әл-Хақим 1/115. Хадистің сенімділігін хафиз әс-Суюты мен шейх әл-Әлбани растады.

Жақсы бидғаттың бар екенін бар ынта-жігерімен дәлелдеуге тырысатындар Ибн Мәс'удтың (Аллаһ оған разы болсын) дәл осы сөзін дәйек ретінде алып, бірақ осы орайда оның кез келген кішігірім бидғат көріністерін қатал сөгетін ондаған сөздеріне назар аудармайтыны таң қалдырады. Ибн Мәс'уд былай демеп пе еді: «(Сүннетке) ілесіңдер және бидғат ойлап таппаңдар, өйткені сендерге (Сүннет) жеткілікті! Әрі әрбір бидғат адасушылық болып табылады!» Ибн Нәср “әс-Сунна” 28, Ибн Уәддах «әл-Бида'» 43. Сенімді иснад.

3. 'Умар ибн әл-Хаттабтың “Мынау неткен керемет бидғат” деген сөзі

Сонымен қатар Исламда жақсы бидғат бар дейтіндер негізгі дәлел ретінде ‘Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) мұсылмандарды Рамазан айында тарауих оқу үшін бір имамның артына жинап: “Мынау неткен керемет бидғат!”, – деген сөзін пайдаланады.

Бұған жауап:

‘Абдур-Рахман ибн ‘Абдул-Қари былай деп айтады: “Бірде біз ‘Умар ибн әл-Хаттабпен Рамазанның бір түнінде бір мешітке кірдік, ондағы адамдар намазды бөлек-бөлек оқып жатқан болатын. Сонда ‘Умар: «Менің ойымша, егер мына адамдарды бір қаридың артына жинасам жақсы болады!», - деді. Сөйтіп ол жұртты Убай ибн Кә’бтің артына жинады. Кейін, мен онымен бірге келесі түні мешітке барғанымда, адамдар бір қаридың артына ұйып намаз оқып жатыр екен, (сонда) ‘Умар: «Мынау неткен керемет бидғат!», - деді”. Әл-Бухари 2010.

‘Умардың (Аллаһ оған разы болсын): «Мынау неткен керемет бидғат!» деген сөздерінде тілдік мағынадағы бидғат туралы айтылуда, себебі ‘Умардың әрекеті діндегі жаңалық болуы ешқандай мүмкін емес еді. Мұндай іс шарифатта бұрыннан бар еді ғой, өйткені Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл намазды адамдармен бірге орындаған, бірақ бұл намаз оның үмметіне міндет болып бұйырылуынан қауіптеніп, оны (жамағатпен оқуды) тоқтатқан болатын. Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін бұл намаз үмметке міндетті болып кету қауіпі қалмады, сондықтан ‘Умар өзі халифа болып тұрған шағында Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін тірілітіп, мұсылмандарды тарауих намазын оқу үшін бір имамның артына жинады.

Тарауих намазын жамағатпен оқу Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде де орын алғанын дәлелдейтін хадистер өте көп. Мысалы, ‘Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен, ол былай деп баяндаған хадис: “Бірде (Рамазан айында) түннің бір жартысында Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйден шығып, мешітке намаз оқи бастады, әрі кейбір адамдар да оған ұйып намаз оқи бастады. Ал келесі күні таңертең әлгі кісілер бұл туралы басқаларға айта бастады да, келесі түні адамдар көбірек жиналды. Олар Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге намаз орындап, келесі күні таңертең бұл туралы басқаларға айтты. Үшінші түні мешітке көп адам жиналды, ал Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйден шығып, намаз орындағанда, олар да оған ұйып намаз оқыды. Төртінші түні намаз оқығысы келгендердің барлығы мешітке сыймай кетті. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таң намазын оқуға (ғана) шығып, оны оқып болған соң, адамдарға қарап, куәлік сөздерін айтты да: **«Содан соң, Расында, мен сендердің игілікке деген ұмтылыстарыңды көріп тұрмын, бірақ мен бұл намаздың сендерге парыз етілуінен және сендер оны орындай алмай қалуларыңнан қорқамын»,** - деді. Кейін Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болды, ал адамдар мұны тастап қойды”. Әл-Бухари 2012, Муслим 2/177.

Ән-Ну’ман ибн Бәшир (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «Бірде біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге Рамазанның жиырма үшінде түннің алғашқы үштен бір бөлігі өткенше түнгі намаз оқыдық. Кейін Рамазанның жиырма бесінде біз онымен бірге түннің ортасына дейін түнгі намаз оқыдық. Ал біз онымен бірге Рамазанның жиырма жетісінде түнгі намазды оқыған кезімізде, сәресіне (сухур) үлгермей қаламыз ба деп ойладық». Ахмад 4/272, ән-Нәсаи 1/238. Хадистің сенімділігін имам әл-Хаким, шейх әл-Әлбани мен Шу’айб әл-Арнаути растады.

Имам әл-Хаким былай деп айтқан: «Осы хадисте Тарауих намазын мешіттерде орындау бекітілген Сүннет екеніне нақты нұсқау бар. ‘Али ибн Әбу Талиб те ‘Умардың (адамдарға) осы Сүннетті орындауды бұйыруына түрткі болған». Қараңыз: “әл-Мустадрак” 1/440.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: “Біз Рамазанда Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге ораза ұстайтынбыз, әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Рамазан аяқталуға жеті түн қалмайынша бізбен бірге түнгі намазды оқымайтын. Кейін ол түннің алғашқы үштен бір бөлігі өткенге дейін бізбен бірге намаз оқыды. Алты түн қалған кезде, ол тағы да бізбен бірге намаз оқыды. Одан кейін, бес түн қалған кезде, ол бізбен бірге түннің ортасына дейін намаз оқыды. Ал біз: “Уа, Аллаһтың елшісі! Біз неге түннің қалған бөлігінде де намаз оқи бермейміз?”, – дедік. Сонда ол: **«Расында, имам орнынан тұрып кетпейінше имаммен бірге намаз оқыған кісі түнімен намаз оқыған адамдай болады», - деді**”. Әбу Дәуд 1375, ән-Нәсаи 1364. Хадистің сенімділігін Әбу ‘Иса әт-Тирмизи, Ибн Хузайма, Ибн Хиббан және әл-Әлбани растады.

Бұл хадистердің барлығы тарауих намазын мешітте имаммен бірге оқу Сүннетте бар екенін, әрі бұл ‘Умар басқарған кезде пайда болған жаңа бір нәрсе емес екенін көрсетеді!

Имам әш-Шәтыби былай деп айтқан: «Умар бұл істі, оның сыртқы көрінісіне қарап, бидғат деп атады, өйткені бұл (тарауихті жамағатпен оқу) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уақытына қалдырылған еді, әрі бұл Әбу Бәкрдің кезінде де жасалмады». Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/195.

Имам Ибн Са’д былай деген: «Умар Рамазанның түнінде адамдарды жинап, жамағат намазын оқуды жаңғыртқан ең алғашқы адам болды. Бұл оқиға хижра бойынша он төртінші жылдың Рамазан айында орын алды». Қараңыз: “әт-Табақат” 3/213.

Сонымен, ‘Умар Рамазан айының түндерінде жамағат намазын оқу түріндегі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін тірілткен кісі ғана болды.

Хафиз Ибн ‘Абдул-Бәрр былай деп айтқан: «Умар Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көріп, разы болып бекіткен нәрсесінен артық еш нәрсе бекітпеді, ал ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне түнгі намаз парыз болып кете ме деген қауіптің себебімен ғана мұны жалғастырғысы келмеген болатын, өйткені ол мүміндерге қатысты жұмсақ әрі мейірімді болатын. Әрі ‘Умар мұның барлығын Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білгендіктен және оның өлімінен кейін парыздар көбейтілмейтінін де, азайтылмайтынын да білгендіктен осы амалды қайта тірілтті де, адамдарға осыны орындауды бұйырды!» Қараңыз: “Ишрақ әл-мәсабих” 1/168.

Хафиз Ибн Кәсир былай деп айтқан: “Бидғат екі түрлі болады: бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «**Әрбір бидғат – бұл адасушылық, ал әрбір адасушылық Тозақта!**» деген сөздері нұқсайтын шаригаттағы бидғат; әрі мүміндердің әміршісі ‘Умар ибн әл-Хаттабтың тарауих намазын бір имамның артынан ұйып оқу туралы айтқан «Мынау неткен керемет бидғат» деген сөздері сияқты тілдік мағынадағы бидғат”. Қараңыз: “Тәфсир Ибн Кәсир” 1/166.

Хафиз Ибн Ражаб былай деген: “Саләфтардың кейбір бидғаттарды құптап айтқан кей сөздеріне келер болсақ, (оларда) шариги мағынадағы емес, тілдік мағынадағы бидғат туралы сөз болуда. Солардың қатарына ‘Умардың (Аллаһ оған разы болсын) мұсылмандарды Рамазанда бір имамның артынан жинап: «Мынау неткен керемет бидғат», - деген сөзі жатады. Сондай-ақ оның: «Егер бұл бидғат болса, ол жақсы», - деп айтқаны да жеткізіледі. Әрі Убай ибн Кә’б оған: «Мұндай нәрсе (бұрын) болмады ғой», - деген кезде, ол: «Білемін, бірақ, бұл – жақсы амал», - деп жауап берді.

Яғни ол осы уақытқа дейін мұндай амал дәл осындай күйінде болмағанын, жоқ, бірақ амалдың өзі шариятта бар екенін меңзеген болатын. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Рамазанда түнгі намаздарды оқуға ынталандыратын, әрі оның кезінде адамдар сол намазды бөлек-бөлек жамағат болып мешіттерде оқитын, және оның өзі де бұл намазды сахабаларымен бірге Рамазанда бірнеше рет оқыған еді. Алайда кейіннен Рамазандағы түнгі намаз мұсылмандар үшін парыз болып кете ме деген қауіптің себебінен ол өзін осыдан тыя бастады". Қараңыз: "Жәми' ул-улюми уәл-хикам" 403.

Имам Әбу Юсуф былай деген: "Мен Әбу Ханифадан тарауих намазы мен 'Умардың істегені туралы сұрадым, ал ол былай деп жауап берді: «Тарауих – белгілі Сүннет және 'Умар бұны өзі дұрыс деп тапқандықтан істеген жоқ, әрі оның ісінде ешқандай бидғат болған емес. Ол мұны Пайғамбардың өзінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істерінде осыған негізі болғандығы себепті істеді»". Қараңыз: «әл-Ибда'» 80.

Сөйтіп, 'Умардың айтқан бидғаты шарияттағы бидғат емес! Әрі мүміндердің халифасы 'Умар ибн әл-Хаттаб дінде болмаған нәрсені жақсы бидғат деуі мүмкін бе?! Өйткені оның кішкентай бидғатқа да, Сүннеттен сәл ғана ауытқуға да қатысты қатал болғаны белгілі ғой! Әбу 'Усман ән-Нәхди былай деді: "Бірде бір әкім 'Умар ибн әл-Хаттабқа өзінің (басқаратын) жағында бірге жиналып, мұсылмандар мен олардың әмірі үшін дұға ететін адамдар бар деп хат жазып жібереді. 'Умар оған: «Соларды ертіп, өзің де кел», - деп жауап жазады. Олар келген кезде, 'Умар өз қызметшісіне: «Қамшыны дайында!», - деді. Ал олар оның құзырына кіргенде, 'Умар оларды қамшымен сабай бастады". Ибн Әбу Шәйба 8/558, Ибн Уәддах «әл-Бида'» 19.

Міне, осыдан кейін 'Умар Исламда «жақсы» бидғат бар деп есептеді деп кім бізді сендіре алады?!

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтқан: "'Умардың: «Мынау неткен керемет бидғат» деген сөздері туралы айтар болсақ, олар нендей жиі (жақсы бидғат бар дегенге) дәлел ретінде келтіріледі. Алайда егер біз қандай да бір үкімді 'Умардың ешқандай келіспеушілігі жоқ басқа бір сөзімен бекіткіміз келсе, олар міндетті түрде: «Сахабаның сөзі дәлел болмайды», - дер еді. Ал енді қалайша бұл жағдайда сахабаның сөзі Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзіне қарама-қайшы дәлел бола алады? Тіпті «сахабаның сөздері дәлел бола алады» деп есептейтіндердің өздері де егер осы сөздер хадиске қайшы келсе, бұлай есептемейді. Ең кем дегенде, сахабаның сөзін хадиске қарсы қоймау керек! Ал 'Умардың осыны бидғат деп атағанына келер болсақ, біздің бар айтарымыз: оның сөздерінен ары кетсе «бұл «жақсы бидғат» деген сөз шарията мағынада емес, тілдік мағынада айтылған» деген (мағынаны) алуға болады. Өйткені тілдік мағынадағы «бидғат» сөзі өзіне дейін осындай үлгісі болмаған күйде жаңадан пайда болған бүкіл нәрсені қамтиды. Ал шариятта «бидғат» сөзімен шариятта нұсқауы болмаған нәрсе меңзеледі". Қараңыз: "Иқтида сырат әл-мустақим" 2/592-593.

4. Әбу Бәкрдің кезінде сахабалар Құранды (тұтас кітапқа) жинағандығы

Исламда жақсы бидғат бар дейтіндер Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейін Әбу Бәкрдің кезінде сахабалар Құранды біртұтас күйінде жинады дегенді дәлел етіп келтіреді.

Аллаһтың қалауымен, бұған жауап өте оңай:

Біріншіден, Құранды сахабалар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде-ақ жаза бастаған, әрі бұл туралы Құранның өзінде де айтылады:

«Тазартылған нұсқаларды оқитын Аллаһ тарапынан жіберілген бір елші» («әл-Бәйина» сүресі, 2-аят).

Яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құранды жүрегінен оқыған, әрі ол нұсқаларға (шиыршық қағаздарға) да жазылған болатын. Қараңыз: “Тәфсир әл-Бәғауи” 8/495.

Әбу Са’ид әл-Һудриден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Менің атымнан Құраннан басқа еш нәрсе жазбаңдар. Ал кім менің атымнан Құраннан басқа бір нәрсе жазған болса, өшіріп тастасын!»* Муслим 3004.

Бұл хадисте Құранды жазып алу Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде-ақ басталғанына нұсқау бар.

Ал хадистерді жазуға келер болсақ, алғашында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандар пайғамбарлық миссиясының басында Құран аяттары мен хадистерді шатастырып алмау үшін, хадистерді жазуға тыйым салған болатын, бірақ кейін хадис жазуға да рұқсат берді. ‘Абдуллаһ ибн ‘Амр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *“Мен Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) естіген барлық нәрсемді жаттап алу үшін оларды жазып жүрдім. Бірақ құрайыштықтар маған бұлай істеуге тыйым салып: «Сен шынымен де барлығын жазып жүрсің бе? Аллаһ Елшісі қарапайым адам ғой. Ол кейде ашуланған күйінде сөйлейді, ал кейде риза болып сөз айтады», - деді. Сонда мен жазуды тоқтаттым да, кейін болған жайтты Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтып бердім. Ол саусағымен өз аузын көрсетті де: «Жаза бер! Жаным Қолында болғанмен ант етейін, мынадан ақиқаттан басқа еш нәрсе шықпайды!», - деді”*. Ахмад 2/62, Әбу Дәуд 3646, әд-Дәримі 1/125. Сенімді хадис. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” 1532.

Екіншіден, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзі тірісінде аяттар оқтын-оқтын түсіп тұратын, әрі олардың кейбіреулері басқаларының күшін жоятын, аяттардың орналасу орындары мен тәртібі де ауысып тұратын. Сол себепті Құранды біртұтас күйінде жинау мүмкін болмады. Алайда Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң мұндай өзгерістер болуы мүмкін емес еді, демек, Құранды біртұтас күйінде жинамауға да еш себеп қалмады.

Үшіншіден, Құранды біртұтас күйінде жинау **«Шын мәнінде, оны жинау, оқу Бізге міндет»** («әл-Қийяма» сүресі, 17-аят), - деп айтқан Аллаһ Тағаланың о бастағы уәдесі еді.

Төртіншіден, Құранды біртұтас етіп жинау бүкіл сахабалардың бірауызды келісілген пікірі еді, өйткені Әбу Бәкр (Аллаһ оған разы болсын) бұған қатысты басқа сахабалармен ақылдасып, содан соң олар бұл істі Зәйд ибн Сәбитке тапсырды. Ал имам әш-Шәтыби былай деді: *«Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары Құранды бір мұсахафқа жинау керек екеніне бірауызды келісті»*. Қараңыз: “әл-И’тисам” 3/12.

Ал Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Расында, Аллаһ Тағала Мұхаммедтің үмметін толығымен адасу үстінде жинамайды!»** Ахмад 5/145, Ибн Мәжаһ 3950, әл-Хаким 1/115. Хадистің сенімділігін хафиз әс-Суюты мен шейх әл-Әлбани растады.

Мұның үстіне, сахабалар Құран Кәрімді біртұтас етіп жинауды Исламдағы маңызы зор оқиға болған игі іс деп есептеген! ‘Али ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Құран кітапты таратуда ең көп сауап алатын Әбу Бәкр. Аллаһ Тағала Әбу Бәкрді рахымына*

бөлесін! Ол Аллаһтың Кітабын ең бірінші болып жинаған кісі». Әбу Дәуд “әл-Мәсахиф”. Хафиз Ибн Хәжар иснадын жақсы деді. Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 9/17.

5. Сахабалардың оған дейін ешқандай нұсқауы болмаған, бірақ кейіннен (шариғатта) заңдастырылған іске айналған белгілі бір құлшылық рәсімін жасауы

Исламда «жақсы» бидғат бар дейтіндер өздерін ақтау үшін кейбір сахабалардың Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде осыған дейін шариғатта нұсқауы болмаған, бірақ кейіннен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды құптаған белгілі бір құлшылық түрлерін жасағандығын жиі келтіреді.

Мәселен, олар Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен ол Хубайб әл-Әнсариді (Аллаһ оған разы болсын) мүшриктер тұтқынға түсіріп, оны өлім жазасына кескені туралы баяндаған хадисін келтіреді. Хубайб өз өлімі алдында намаз оқып алуға рұқсат сұрайды. Әбу Һурайра бұл туралы былай дейді: “Сөйтіп Хубайб әрбір мұсылман үшін өлім жазасының алдында екі ракағат намаз оқуды бастап берген ең ағашқы кісі болды”. Әл-Бухари 3045, 4086.

Олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған дейін мұндай амалды жасамағанын әрі ол туралы айтпағанын, алайда бұл істің бастамасын Хубайб жасағанын, бірақ соған қарамастан Әбу Һурайра әрбір мұсылман үшін бұл әрекетті заңды деп атағанын келтіреді.

Немесе олар Біләлдің (Аллаһ оған разы болсын) әрбір дәрет алып болғаннан кейін екі ракағат намаз оқығанын немесе сол сияқты мысалдарды келтіреді.

Аллаһтың мейірімімен, бұған жауап оп-оңай:

Мұндай әрекеттер немесе сахабалардың сөздері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құптауына, не айыптауына тікелей байланысты екенін білу керек. Сахабалардың мұндай әрекеттері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде әрі дін тамамдалмағанға дейін істелген. Сондай-ақ Хубайбтің немесе Біләлдің әрекеттері тек Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды құптағаннан кейін ғана Исламда заңды етіп бекітілгенін білу қажет! Жоғарыда айтып өткеніміздей, Сүннет дегеніміз – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқаны, өзі істегені және өзгелерге істе деп бұйырғаны әрі оның жанында істеліп жатқан әрекеттерді және Құран уахи етіліп жатқан уақытта істелген әрекеттерді үнсіз құптап, тыйым салмағаны.

Имам әл-Қасталани «Шарх "Сахих" әл-Бухари» кітабында бұл жөнінде былай деген: «Расында, Хубайбтің іс-әрекеті шариғатты (Аллаһтың бұйрығымен) бекітуге құқықты болған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде жасалғандықтан әрі ол осы іс-әрекетті құптағандықтан Исламда заңдастырылды!» Қараңыз: “Иршад әс-сари” 5/165.

Тура сол сияқты, Біләлдің әрекетін де Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құптады. Бурайда (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: “Бір күні таңертең Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Біләлді шақырып келуді бұйырды да, ол келген соң: «Әй, Біләл! Сен Жәннатқа не нәрсеңмен менен озып (кірдің)?! Мен Жәннатқа қашиан кірсем де, онда сенің аяғыңның дауысын естимін», - деді. Біләл: “Уа, Аллаһтың елшісі, мен азан айтқан соң әрдайым екі ракағат намаз оқитынмын және дәретім бұзылған кезде үнемі дереу дәрет алатынмын әрі Аллаһ үшін екі ракағат намаз оқуым қажет деп ойлайтынмын”, - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

«*Осы екі себепті!*», - деді". Ахмад 21962, әт-Тирмизи 3689. Хадистің сенімділігін имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи мен шейх әл-Әлбани растады.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хубайбтің, Біләлдің немесе басқа бір сахабаның әрекетін құптады, ал, мәселен, ол 'Усман ибн Мә'зунның үйленбей, елден оңашаланып тұруды қалаған әрекетін пірадарлық (монахтық) өмір-салты деп атап, құптамады. Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біреуі: «Түні бойы ұйықтамай, намаз оқимын», - деген, басқасы: «Үнемі ораза ұстаймын», - деген, ал үшіншісі: «Аллаһқа құлшылық етуден көңілім аумауы үшін, ешқашан үйленбеймін», - деген үш сахабаның да сөздерін құптамады. Сол үшеуінің сөзі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мәлім болған кезде, ол оларға: *«Аллаһпен ант етемін, мен сендерден гөрі Аллаһтан көбірек қорқамын, әрі сендерге қарағанда Одан көбірек үрейленемін! Бірақ мен кейбір күндері ораза ұстаймын, ал басқаларында мұны істемеймін, мен түнде намаз да оқимын, ұйықтаймын да, сондай-ақ мен әйелдермен некелесемін. Ал кім менің Сүннетіме ілесуді қаламаса, ол менен емес!*», - деді. Әл-Бухари 5063.

Сондықтан біз Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардың кей сөздері мен істерін құптағанын, ал кейбіреулерін сөгіп, қайтарғанын аңғарамыз. Ол қабылдаған нәрсені біз де қабылдаймыз, ал ол қабылдамаған нәрсені біз де қабылдамаймыз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан соң сахабалардың істеген кейбір әрекеттері немесе сөздеріне келер болсақ, онда егер басқа сахабалар осыған келісіп, олардың ешқайсысы мұны айыптамаған болса, мұндайдың да заңды күші бар болады.

Хафиз Ибн Кәсир былай деп айтқан: *«Адамдардың сөздері мен істері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері және істерімен салыстырылады, әрі оның сөздері мен істеріне сәйкес келетіндері – қабылданады, ал онымен сәйкес келмейтіндері, олар кімге тиісті болса да, жоққа шығарылады»*. Қараңыз: "Тәфсир Ибн Кәсир" 3/415.

Белгілі бір сахаба құлшылық мәселесінде ижтиһад жасап, бірақ онымен басқа сахабалар келіспегені туралы айтар болсақ, олардың еш күші жоқ. Бұған мысал ретінде Әнастің (Аллаһ оған разы болсын) мына сөздерін келтіруге болады: *«Бір күні бұршақ жауа бастады. Әбу Талха (Аллаһ оған разы болсын) ораза ұстағанына қарамастан оны жей бастады. Одан: «Ораза ұстаған болсаң да, мұны жеп жатырсың ба?», - деп сұрағанда, ол: «Шынында, бұл береке!», - деп жауап берді»*. Әл-Бәззар № 1022. Иснадының сенімділігін имам Ибн Хазм мен шейх әл-Әлбани растады.

Бұл сахабаның ісі болғанына қарамастан, мұсылман үмметі бірауыздан оны кері қайтарып, қабылдамайды. Имам Ибн Хазм былай деген: *«Қателіктердің қатарына Әбу Талханың (Аллаһ оған разы болсын) ораза кезінде бұршақ жеп: «Бұл тағам да емес, сусын да емес!», - дегені жатады»*. Қараңыз: «әл-Мухалла» 6/257.

Хафиз Ибн Ражаб «Шарх 'Иләл әт-Тирмизи» (1/12) кітабында осы асарды ғалымдар бірауыздан кері қайтарған және істерде оны басшылыққа алмаған хабарлардың қатарында атаған.

Шейх әл-Әлбани былай деген: *«Осы хабар «Менің сахабаларым жұлдыздар тәрізді, қайсыбірінің ізінен ерсеңдер де, тура жолда боласыңдар» деген хадистің өтірік екеніне дәлел болатындардан! Өйткені егер бұл хадис сенімді болғанда, онда Әбу Талхаға ерін, Рамазан кезіндегі оразада бұршақ жеген кісі оразасын бұзбаған болар еді. Ал мұндайды бүгінгі күні бірде-бір мұсылман айтпайтынына мен сенімдімін!»* Қараңыз: «әс-Силсила әд-да'ифа» 1/154.

Егер сахабалардың Пайғабар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тарапынан немесе үмметтің бірауызды келісімен құпталмаған әрекеттері дін мәселесіндегі қандай да бір іске дәлел болмайтын болса, онда осы үмметтің ең жақсы адамдары болған сахабаларға қатысы жоқ біреулердің сөздері не істері қалайша дінде жақсы болмақ?!

6. Кейбір имамдардың Исламда жақсы бидғат бар деген сыңайлы сөздері

Сонымен қатар бидғатшылар имамдардың жақсы бидғат бар деген сыңайлы кейбір сөздерін дәйек ретінде келтіреді. Осындай сөздердің қатарына имам әш-Шәфи'идің былай деп айтқаны жатады: *“Бидғат (бид’а) екі түрлі болады: мақтаулы және даттаулы. Сүннетке сай келгені – мақтаулы, ал Сүннетке қайшы келгені – даттаулы!”* Әбу Ну’айм “әл-Хилья” 9/113.

Осындай хабарлар әш-Шәфи'иден имам әл-Бәйһақидің «Мәнакиб әш-Шәфи’и» 1/469 кітабында келтірілген.

Біріншіден, осы ұлы имамға ол жақсы бидғат бар деп айтты дегенді таңбас бұрын, аталмыш хабардың сенімділігіне көз жеткізу қажет.

Әбу Ну’айм келтірген осы хабардың иснадында ‘Абдуллаһ ибн Мухаммад әл-‘Аташи есімді жеткізуші, ал әл-Бәйһақи келтірген нұсқасында Мухаммад ибн Муса әл-Фәдл деген есімді жеткізуші бар. Осы екі жеткізуші де белгісіз (мәжһул) болып табылады, имамдар олардың өмірбаяндары туралы еш нәрсе айтпаған. Қараңыз: «әл-‘Илм усул әл-бида’» 121.

Ал кім осы жеткізушілерді сенімді дейтін болса, ол бұл туралы имамдардың сөзін келтірсін!

Екіншіден, ғалымдардың сөздері өздігінен Исламда дәлел болып есептелмейді, бұл жөнінде ғалымдар арасында еш келіспеушілік жоқ! Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Даулы мәселеде белгілі бір адамның сөзін дәлел ретінде қолдануға ешбір адамға рұқсат етілмейді! Шын мәнінде, тек Құран мен Сүннет мәтіні, бірауызды келісім (әл-ижма’) және осыдан алынатын дәйектер ғана дәлел болып табылады, кейбір ғалымдардың сөзі емес! Ақиқатында, ғалымдардың сөздері шариги дәлелдермен бекітілуі тиіс, ал шариги дәлелдер олардың сөздерімен бекітілуге міндетті емес!”* Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 26/202.

Үшіншіден, имам әш-Шәфи'иден сенімді түрде оның мынадай сөздері жеткізіледі: *“Егер кез-келген мәселеде менің айтқан сөздерім мен Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімділігі бекітілген түрде жеткен хабардың арасында сәйкессіздік табылса, онда мен өзімнің айтқандарымнан бас тартамын, мейлі ол менің тірі кезімде болсын, мейлі мен қайтыс болғаннан кейін болсын”* Әбу Ну’айм 9/107, әл-Харауи 1/47.

Төртіншіден, тіпті егер жақсы бидғат бар дейтіндердің келтірген имам әш-Шәфи'идің сөзін шүбәсіз сенімді деп есептер болсақ та, бұл сөздерде олардың пікіріне ешқандай дәлел жоқ! Өйткені: *“Бидғат (бид’а) екі түрлі болады: мақтаулы және даттаулы. Сүннетке сай келгені – мақтаулы, ал Сүннетке қайшы келгені – даттаулы!”*, – деп айтылған ғой. Әбу Ну’айм “әл-Хилья” 9/113.

Еш күдіксіз, Сүннетке сай келетін нәрсе даттаулы болуы мүмкін емес, ал ол мұны бидғат деп тілдік мағынада айтып тұр, мұны ‘Умар: *«Мынау неткен керемет бидғат»*, - деп айтқанындай. Егер діндегі кез-келген нәрсе Сүннетке сәйкес келсе әрі өз бастауын Сүннеттен алса, ол мақтаулы болып табылады, тіпті егер біреу оны тілдік тұрғыдан жақсы бидғат деп атаса да. Алайда Сүннетке сай келмейтін нәрсенің барлығын әш-Шәфи’и осы сөздерінде даттаулы бидғат деп атайды. Хафиз Ибн Ражаб имам әш-Шәфи'идің осы сөздерінің мәнін түсіндіріп былай дейді: *“Әш-Шәфи’идің (Аллаһ оған разы болсын) сөзінің мағынасы біз ол туралы*

жоғарыда айтып кеткендей. Өз негізінде бидғаттар даттаулы, әрі шаригатта негізі жоқ нәрсе бидғат болып табылады! Ал Сүннетке сай келетін, яғни Сүннетте негізі бар мақтаулы бидғатқа келер болсақ, онда бұл жерде бидғат сөзі шариги мағынада емес, тілдік мағынада қолданылып тұр, өйткені оның негізі бар". Қараңыз: "Жәми'ул-улюми уәл-хикам" 267.

Ендеше, әш-Шәфи'идің бұл сөздерінің қай жері олар үшін дәлел болмақ?!

Сонымен қатар Исламда жақсы бидғат бар дейтіндер имам әл-'Изз ибн 'Абду-с-Сәләмнің бидғаттар жақсы, міндетті, даттаулы, тыйым салынған деп бөлгені туралы сөздерін келтіреді.

Әл-'Изздің бүйтіп бөлуіне жауап имам әш-Шәфи'идің жоғарыда келтірілген сөздеріне жауап бергендей болады. Ол да «жақсы бидғат» сөзімен оның тілдік мағынасын, сондай-ақ шаригатта тікелей нұсқауы жоқ болса да, пайдаға қол жеткізу үшін қажетті «әл-мәсалих әл-мурсалә» деп аталатын құралдарды меңзеп тұр. Бұған мысал ретінде хадис жинақтарын, хадис жеткізушілер туралы кітаптарды құрастыру, Құран тәпсірін жазу және т.б. с.с нәрселерді келтіруге болады.

Мұны түсіну үшін әл-'Изздің міндетті бидғаттардың түрлерін түсіндірген мына сөздерін келтіру жеткілікті болады: «Бірінші, ол арқылы Аллаһ пен Оның Елиісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сөздері түсінілетін грамматиканы оқып-үйренумен айналысу. Бұл міндетті болып табылады, өйткені шаригатты сақтау - міндет. Ал грамматиканы оқып-үйренбейінше мұны сақтау мүмкін емес. Ал онсыз міндетті нәрсеге қол жеткізу мүмкін болмайтын нәрсе де міндетті болады». Қараңыз: "Қауа'ид әл-әхкам" 2/173.

Содан соң әл-'Изз Сүннетте сирек кездесетін сөздерді, фикһ негіздерін, хадис жеткізушілеріне қатысты жәрх пен тә'дил мәселелерін зерттеуді т..с.с. нәрселерді мысал ретінде келтіреді.

Осыдан кейін имам әл-'Изздің жақсы немесе міндетті бидғат деген сөздері түсінікті болған шығар?! Егер имам әл-'Изз діндегі бидғаттың кез-келген түрін қатал түрде даттайтындардың қатарынан болса, басқаша қалай болуы мүмкін?!

Мысалы, ол: "Егер кімде-кім Аллаһ үшін ізгі амал істеп және бұл істің сауабы тірілердің немесе өлілердің біреуіне ауысқанын қаласа, ол сауап оған жетпейді, өйткені «Адам баласы өз еңбегіне қарай ғана табысқа жетеді» (ән-Нәжм сүресі, 39-аят) – делінген. Егер шаригат құптаған белгілі бір амал өлі адам үшін деп ниет етіліп істелсе, ол өліге сауап болып тимейді, тек шаригат өзі ерекшелеген нәрселерінен басқа, мысалы садақа беру, ораза және қажылық сияқты" – деген. Қараңыз "Фәтауа әл-'Изз" 2/24.

Имам әл-'Изз тағы былай деген: "Шындығында, шаригат еш себепсіз арнайы сәжде етуді Аллаһқа жақындататын әрекет деп бекіткен жоқ. Аллаһқа жақындаудың өз себептері, шарттары, кезеңдері, тіректері бар, әрі оларсыз әлгі іс қабыл болмайды! Қажылық уақыты емес кезде 'Арафа тауында тұрып, Муздалифада болып, бағанаға кішкентай тастарды лақтырып, Сафа және Маруа арасында жүгіріп, Аллаһқа жақындай алмайтының сияқты, арнайы сәжделер арқылы да Аллаһқа жақындай алмайсың!" Қараңыз: "Фәтауа әл-'Изз" 1/7.

Имам әл-'Изз тағы да былай деген: "Кім Сүннетті қаласа, оған еш нәрсені қоспасын, өйткені бүкіл жақсылық Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізінен еруде!" Қараңыз: "Фәтауа әл-'Изз" 1/80.

Имам әл-'Изз тағы да: "Бидғат енгізгенше, сәләфтарға ерген жақсы!" – деген. Қараңыз: "Фәтауа әл-'Изз" 1/173.

Міне, осы себепті имам әш-Шәтыби бидғатты бүйтіп бөлгені үшін әл-'Иззді ақтап алған, бірақ әл-'Изздің шәкірті әл-Қарафиді бидғатты тікелей мағынасында бөлгені үшін қатты сынға алып, оған қарсы жауап жазған. Имам әш-Шәтыби былай деген: *“Қарафидің бөлгені – шариғи дәлелі жоқ ойдан шығарылған нәрсе!”* Содан соң ол бұл бұлайша бөлуді, оның түрлерін айтып, әл-'Иззді ақтап, соңында былай деп қорытындылайды: *“Әл-Қарафиге келер болсақ, ол ақтауға лайық емес, өйткені ол өз шейхының (әл-'Изз) және жұрттың айтқанынан айырықша сөз айтып, бидғатты осылайша бөлу арқылы барлығына қарсы шықты. Сөйтіп ол бірауызды келісімге (ижма') қайшы келді!”* Қараңыз: *“әл-И'тисам” 1/152-153.*

Осылайша, өз бидғаттарын ақтау үшін дінде жақсы бидғат бар дейтіндер өтіріктерін жасыру мақсатында имам әл-'Изз бен басқа да ғалымдардың сөздерін бүркеніш етіп, олардың түспалдап айтқан сөздерін өздерінше түсінеді.

Ал егер негізі әһлю-Суннадан болған имамдардың бірі шариғи мағынасында бидғатты жақсы және жаман деп бөлген болса, бұл анық қателік және біз Аллаһтан ол ғалымды кешіруін сұраймыз. Себебі, кісі ғалым болу үшін еш нәрседе қате жібермеу керек деген шарт жоқ қой! Имам әз-Зәһаби былай деген: *“Ғалым ('алим) болу үшін қате жібермеу керек деген шарт жоқ!”* Қараңыз: *“әс-Сияр” 4/173.*

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия: *“Әуелгілер мен кейінгілердің қатарындағы көптеген мужтаһидтер бидғатқа жататын сөздер айтқан не істер істеген. Олардың өйтулерінің себебі: әлсіз хадистерді сенімді хадис деп есептегендіктен, немесе аяттың шынайы мағынасына сай тәпсірлемегендіктен, немесе өзі пайымдаған қате пікіріне байланысты Құран мен Сүннеттің мәтіні жетпегендіктен. Егер кісі Раббысынан өз мүмкіндігінше қорықса, ол Аллаһ Тағала айтқан мына кісілердің қатарына кіреді: «Раббымыз, егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді жазалай көрме!» Ал хадисте (Аллаһ Тағала былай деген): «Мен оны кешірдім!», - делінген”.* Қараңыз: *“Мә'ариж әл-усул” 43.*

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия тағы былай деген: *“Кісі шынышыл болуы үшін оның барлық сөздері, барлық істері Сүннетке сай келуі міндетті емес, әйтпесе ол пайғамбар сияқты болып кетер еді!”* Қараңыз: *“әл-Иқтида” 2/106.*

7. Ізгі ниет және жақсылықты қалау

Сондай-ақ көптеген білімсіз мұсылмандар құлшылық рәсімдеріндегі өз бидғаттарын ықыласты түрде жақсылықты қалағандықтарымен ақтайды. Дәл осылайша кейбіреулер ойдан шығарылған 'Ид-мәулідті (Пайғамбардың туған күнін) ақтап алғысы келеді. Олар: *«Осы күнді мерекелеуде не жамандық бар? Біз (ол күні) тек жақсылық істейміз ғой: Аллаһты зікір етеміз, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянын (сираны) еске аламыз, дастарған жайып, қарттарды да, жастарды да қуантамыз»,* - дейді, немесе т.б. осы сияқты сылтауларды айта бастайды.

Мұндай мәлімдемелерге жауап *«Шариғатта нұсқауы жоқ кез-келген құлшылық кері қайтарылады»* тарауында берілген болатын.

Аллаһ Тағала құлшылықты қабыл ету үшін ықыласты ниеттің ғана болуы жеткіліксіз екенін түсіну қажет. Сонымен қатар амал шариғатта негізге ие болуы керек. Аллаһ Тағала былай деді: *«(Әй, Мұхаммед:) “Сендерге амалдары бойынша ең үлкен зиянға ұшырайтындардың хабарын берейін бе?”, - де. Олар дүниедегі еңбектері зая кеткендер. Өздері болса: “Рас, жақсы іс істедік”, - деп ойлайды»* («Кәһф» сүресі, 103-104-аяттар)

Имам әл-Қуртуби: «Осы аятта адамдардың арасында өзін ықыластымын деп есептеп амал ететін, алайда тырысулары зая болатын кісілер бар екеніне дәлел бар», - деген. Қараңыз: “Тәфсир әл-Қуртуби” 10/65.

Хафиз Ибн Кәсир былай деп айтқан: «Бұл аят жалпылама болып табылады әрі ол Аллаһқа бекітілмеген жолмен құлшылық етіп, өзінің істеп жатқан ісін дұрыс деп есептеп, амалдарын қабыл болады деп ойлаған, ал шын мәнінде қателесетін және амалдары кері қайтарылатын әрбір кісіге қатысты!» Қараңыз: “Тәфсир Ибн Кәсир” 3/174.

Шариғатта мынадай өте маңызды қағида бар: «Жақсы ниет жаман істі жақсы етпейді».

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: «Ақиқатында, игі амал үшін сауап тек игі ниет болғанда ғана беріледі. Алайда жақсы ниет жалғанды ақиқатқа айналдырмайды, өйткені амалдың дұрыс болуы үшін жалғыз ниеттің өзі ғана жеткіліксіз! Сондай-ақ ниетке шариги шарттың да қосылуы қажет». Қараңыз: “Мәдарижу -ссаликин” 1/85.

Құрметті оқырман, Ибн Мәс’удтың (Аллаһ оған разы болсын) мешітте үйірмелер құрып, топ-топ болып отырып алып, кішкентай тастарды қолданып Аллаһты зікір еткен адамдардың оған: “Әй, Әбу ‘Абдур-Рахман, Аллаһпен ант етеміз, біз игіліктен басқа еш нәрсе қаламаймыз!”, - деген сөздеріне берген жауабын еске алыңыздар. Ол оларға: “Қаншама адам игілікті қалайды, бірақ оған қол жеткізе алмайды!”, - деді. Әд-Дәримиді 1/68, әт-Тәбариді 8628. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” № 2005.

Ал бұл - Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол туралы: «*Үмметім үшін Ибн Умм Абд (Ибн Мәс’уд) разы болған нәрсеге мен де разымын*», - деп айтқан Ибн Мәс’удтың сөзі ғой. Әл-Хаким 3/316. Сенімді хадис. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” 1225.

Түйін:

Уа, мұсылмандар, Аллаһ Тағала ол үшін сауаб бермейтін, оның үстіне қоса жазалайтын іспен айналысудың не қажеті бар? Құлшылық ету және Аллаһқа жақындау үшін әлдебір нәрселерді ойлап табатындай, Ислам дінінде олардың бекітілген түрлері аз ба?! Кім Аллаһ Тағаланы жиі-жиі еске алғысы келсе, оған Құран оқу мен сенімді Сүннеттегі зікірлер жетіп асады. Нәпіл намаздарды көп оқығысы келген адам үшін түнгі намаз (қиям әл-ләйл), үтір (уитр) намазы, духа намазы, парыз намаздарынан алдын және кейін оқылатын сүннет намаздары (сунан-рауатиб) бар, солардың өзі жеткілікті, тіпті олардың тұтастай барлығын қамту мүмкін де емес. Кім садақа бергісі келсе, оған садақа есіктері ашық, әрі садақа беруді мәулід сияқты ойдан шығарылған мейрамдарға немесе қайтыс болғандарды еске алу үшін аталатын (асы, қырқы, жылы, жетісі, жүзі, өлген күні, бейсенбілігі, жамбасы жерге тиген күні, т.с.с. – ред. (қаз)) күндерге орайластырудың қажеті жоқ.

Осылайша, егер сөз дін мәселелері туралы болып жатса, онда Исламда ешқандай «жақсы бидғат» жоқ екені анық болды. Ал егер бір нәрсенің шарифатта негізі болса, ол бидғатқа жатпайды, тіпті біреулер оны тілдік мағынада бидғат деп атаса да, өйткені үкім белгілі бір нәрсенің атауымен емес, оның мәнімен байланысты.

Ал енді Исламда жақсы бидғат бар деп, сонысы арқылы Сүннет пен ақиқаттың бұзылуына есік ашатындарға келер болсақ, олар үлкен қателік жасауда және өте қауіпті нәрселер мәлімдеуде, өйткені егер Исламда жақсы бидғат бар дейтін болсақ, онда:

1 – осы жақсы бидғат Аллаһ кемел етіп тамамдаған дінге ұнамды қоспа болғаны.

2 – Аллаһ Тағала Өз дінін кемелдікке жеткізбегені, өйткені (біреулер) оны Құранда да, Сүннетте де, ешбір сахабаның сөзінде де болмаған нәрсемен толықтыруға кірісуде!

3 – Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалар дінде игі болған қандай да бір нәрсені істеу мүмкіндігін жіберіп алғаны, ал олар ізгі істі біліп тұрып әдейі қалдыруы мүмкін емес. Ал егер олар біреулер жасап жатқан осы құлшылық пен Аллаһқа жақындаудың түрлерін білмеген болып, оны басқалар білді десек, онда ол не Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларынан да артығырақ тура жолда болғаны, не болмаса адасушылық есігін ашқаны келіп шығады!

4 – Дінде «жақсы бидғат» дегенді енгізушілер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істемеген нәрсені істегені, әрі сонысымен дін мен құлшылықты жақсартқаны!

Әрі тіпті егер Исламда жақсы бидғат (бид'а хасана) бар дейтін болсақ, онда оның шекарасы қандай, әрі олардың қайсысы жақсы бидғатқа, ал қайсысы жаман бидғатқа жататынын кім шешіп береді? Адасқан ағымдардың қайсысы болса да өз бидғатын жаман деп жасайды ма?! Әрине, жоқ. Өйткені әрбір бидғатшы өзінің бидғатын жақсы бидғат деп және тіпті Аллаһқа жақындаудың бір жолы деп санайды, әйтпесе ол оны жасамас еді ғой! Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деп айтатын: *«Егер адамдар өздерінің істеп жатқан нәрселерін жақсы деп санамағанда, оларды (дінде) енгізбейтінін айта кету керек. Ал егер олар осыны жаман деп санағанда, мұны енгізбес еді!»* Қараңыз: “әл-Иқтида” 2/598.

Сондай-ақ «жақсы бидғат» деген терминдерді тастау керек, өйткені ол түсінбеушілік туғызады, әрі адасушылыққа қарай есік ашады! Шарифат терминологиясындағы белгілі бір терминнің ізінен ешқандай жаманшылық ілеспесе ғана, оны қолданудың еш айыбы жоқ. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *«Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерін түсінуде қатерлі адасушылыққа ұшыраудың бір себебі – кісінің ойдан шығарылған терминологияны қолдануы. Әрі сіз сол кісінің қандай да бір терминге сүйеніп, Аллаһтың сөзін тәпсірлеуге тырысқанын көре аласыз».* Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 12/106.

Шейх Ибн әл-Қайим: *«Терминология өзінен кейін зиян әкелмесе ғана, оны қолданудың еш айыбы жоқ»,* – деген. Қараңыз: “Мәдарижу-ссаликин” 3/306.

Ал «жақсы бидғат» терминіне келер болсақ, оны қолдануда зиян бар екеніне ешқандай күмән жоқ!

Исламда бидғаттардың пайда болу себептері

1. Сүннетті тастау

Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына: **“«Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, маған еріңдер, сонда Аллаһ та сендерді жақсы көріп, күнәларыңды кешіреді. Өйткені Аллаһ Кешіруші, ерекше Мейірімді», - деп айт”, -** деді («Әли `Имран» сүресі, 31-аят).

Хафиз Ибн Кәсир былай деп айтқан: *«Осы ұлы аят Аллаһты жақсы көремін деп мәлімдеп, бірақ Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына ермейтін әрбір адам үшін үкім шығарушы болып табылады. Расында, ондай адам өзінің барлық сөздері мен істерінде Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шарифаты мен оның дініне ермейінше өз мәлімдеуінде өтірікші!»* Қараңыз: “Тәфсир Ибн Кәсир” 2/162.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *«Аллаһ Тағала кісіні жақсы көруі үшін оған Өз Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еруді себеп етіп қойды. Өйткені Аллаһтың Өз құлын*

жақсы көруі құлдың Аллаһты жақсы көргеніне қарағанда едәуір маңыздырақ қой. Сенің Аллаһты жақсы көруің емес, бірақ Аллаһтың сені жақсы көруі маңыздырақ!» Қараңыз: “Бәдаи’ әт-тәфсир” 1/22 9.

Сүннетті тастау бидғаттың тууына себеп болады. Ибн Мәс’уд (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «Егер сендер өз Пайғамбарларыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен бас тартсаңдар, міндетті түрде адасушылыққа түсесіңдер!» Муслим 654.

Яхья ибн Му’аз: «Адамдардың барлық келіспеушіліктері үш негізге қайтады, әрі осы үш негіздің әрбірінің қарама-қайшысы бар. Егер кісі осы үш негіздің бірінен шығып кетсе, ол міндетті түрде соған қарама-қайшы нәрсеге түседі! Осы үш негіз: Таухид, оның қарама-қайшысы – ширк; Сүннет, оның қарама-қайшысы – бидғат; Аллаһқа мойынсыну, оның қарама-қайшысы – күнә!”, – деп айтатын. Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/91

2. Білімсіздік

Аллаһ Тағала былай деді: «Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек - олардың барлығы одан сұралады!» («әл-Исра» сүресі, 36-аят).

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Шын мәнінде, Аллаһ Тағала Өз құлдарынан білімді жай ғана тартып ала салмайды, бірақ Ол білімді білім иелерін алып кету арқылы алып қояды. Ал Ол бірде-бір ғалымды тірі қалдырмаған кезде, адамдар өздеріне надан жетекшілерді таңдап алады. Оларға сұрақтар қояды, ал олар білімсіз пәтуалар шығара бастайды, сөйтіп өздері де адасады, өзгелерді де адастырады!» Әл-Бухари 100, Муслим 3/737.

Имам әш-Шәтыби былай деген: “Ағымдардың пайда болудағы негіз – Сүннеттің үкімдерін білмеу болып табылады! Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған өзінің «...адамдар өздеріне надан жетекшілерді таңдап алады» деген сөздерінде нұсқаған”. Қараңыз: “әл-И’тисам” 3/242.

‘Али ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан: «Білімсіз жасалған құлшылықта қайыр жоқ, әрі дұрыс түсінігі болмаған білім де қайыр жоқ!» Әбу Хайсама “Китабул-‘илм” 144, әл-Әжурри “Әхлакул-‘улама” 45. Сенімді иснад.

Ал ‘Умар ибн ‘Абдул-‘Азиз былай деген: «Аллаһқа білімсіз құлшылық етуші пайдаға қарағанда көбірек зиян әкеледі». Ахмад “әз-Зухд” 365. Сенімді иснад.

3. Адасушылыққа бастайтын көсемдер және соқыр еліктеу (тақлид)

Сәубанның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Шын мәнінде, мен өз үмметім үшін адасушылыққа салушы имамдардан қорқамын!», - деп айтқаны жеткізіледі. Әбу Дәуд, әт-Тирмизи, Ибн Мәжаһ, Ибн Хиббан, әл-Хаким. Хадистің сенімділігін имам Әбу ‘Иса әт-Тирмизи, Ибн Хиббан, әл-Хаким, хафиз Ибн Кәсир және шейх әл-Әлбани растады. Сондай-ақ мынаны қараңыз: «Сахихул-жәми’» 2316.

Зияд ибн Худайр былай деп баяндайтын: “Бір күні ‘Умар ибн әл-Хаттаб менен: «Исламды не бұзатынын білесің бе?», – деп сұрады. Мен: «Жоқ», - дедім. (Сонда) ол: «Оны ғалымдардың қателіктері, екіжүзділердің Аллаһтың Кітабы жөніндегі талас-тартыстары және адасушылыққа салушы имамдардың шешімдері бұзады», - деді”. Әд-Дәримиді 1/71. Жақсы иснад.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Қиямет Күнінің белгілерінің бірі – білім (жасы) кішілерден алынатын болады»**. Ибн әл-Мубарак 61, әт-Табарани 908. Хадистің сенімділігін хафиз ‘Абдул-Ғани әл-Мәқдиси мен шейх әл-Әлбани растады. Қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” 695.

Ибн Мәс‘уд (Аллаһ оған разы болсын): *«Ешқайсыларың өз дінінде ешкімге соқыр түрде еліктемеңдер, өйткені егер әлгі кісі иман келтірсе, сендер де иман келтіресіңдер, ал әлгі кісі күпірлікке түссе, сендер де күпірлікке түсесіңдер! Ал егер сендерге соқыр түрде еліктеуге тура келсе, онда қайтыс болып кеткендерге еліктеңдер, өйткені, ақиқатында, тірі адам азғырылудан аман емес!»*, - деген. Әбу Дәуд “әз-Зухд” 140, Әбу Ну‘айм “әл-Хилья” 1/136. Сенімді иснад.

Имам әш-Шәтыби былай деп айтқан: *«Адамдардың проблемалары олар ғалым деп санайтын надандардың (жәһилдердің) кесірінен туындайды»*. Қараңыз: “әл-И‘тисам” 1/145.

Имам Әбу Шәма былай деген: *«Көбінесе адамдар белгілі бір адамды білімге ие әрі тақуа деп есептегендігі себепті бидғатқа түсіп жатады, ал ол адам іс жүзінде олай болып табылмаса. Әрі мұндай адамдар оның сөздері мен амалдарына қарап, осыда оған ере бастайды да, сонысымен өз амалдарын бұзады!»* Қараңыз: “әл-Мә’рифә уә-ттарих” 1/670.

Имам Ибн Батта былай деп айтқан: *«Ақиқатында, мен адамдардың қалай өзгеріп кеткенін, әуестіктері оларды қалай билеп алғанын, олар Сүннетті қалай бұрмалап жібергенін және дінді қалай ауыстырғанын, әрі осы оларды бөлінуге алып келгенін көрудемін. Олар өз жүректеріне соқырлықтың есігін ашып берді, Аллаһтың Кітабын арттарына лақтырды, адасушылыққа салатын надандарды өз істерінде мырза етіп сайлап алды, ал мұның барлығы оларға Раббыларынан білім келгеннен кейін орын алды! Олар өздері мәлімдейтін нәрселеріне қатысты тартысады, өз жорамалдарының негізінде куәліктерді теріске шығарады, жалаға сүйенеді және Құранда тікелей нұсқауы жоқ әрі бірауызды келісім де жоқ нәрселерде білімге ие болмаған біреулерге өз дінінде соқыр түрде еліктейді!»* Қараңыз: “әш-Шарх уәл-Ибана” 1/29.

4. Бидғатшылармен дос болу, араласу және тартысу

Бидғатқа түсудің осы себебі жөнінде «Бидғатшылармен араласып, дос болудың және олармен тартысудың әрі олардың еңбектерін оқып, ұнтаспаларын тыңдап, сайттарына кірудің қауіптілігі туралы» деген тақырыпта жан-жақты айтылған еді.

Әбу Һурайранан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Адам өз досының дінінде. Сондықтан сендердің әрбірің өз жақын достарының кім екеніне қарасын!»** Әбу Дәуд 4833, әт-Тирмизи 2378. Хадистің сенімділігін имам ән-Нәуауи, хафиз Ибн Хәжар, имам Ибн Муфлих, хафиз әс-Суюты мен шейх әл-Әлбани растады.

Имам Ибн Батта **«Кімде-кім Дәжжалдің шыққанын естісе, одан қашсын, өйткені Аллаһпен ант етейін, адам өзін мүмін деп есептеп оған келеді де, содан соң оның тарататын күмәндары себепті оған ілесіп кетеді»** деген хадисін келтіріп, былай деген: *“Бұл Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзі! Уа, мұсылмандар, Аллаһпен ант етейін, сендердің біреулеріңнің өзі туралы жақсы ойда болуы және мазһабының дұрыстығы оны өз әуес-қалауларының жақтаушыларымен бірге отырып: «Олармен айтысқым келеді, немесе оларды адасушылықтан шығарып, тура жолға салғым келеді», - деп, өз дініне зиян тигізуге итермелемесін. Шын мәнінде, бидғатшылардан келетін бүлік – Дәжжалдан келетін бүліктен де жаман, себебі олардың сөздері қышыма ауруынан да тезірек жұғады және олар жүрек*

үшін қызба ауруынан да ыстығырақ! Мен бидғатшыларды лағынеттеп, өздерінің жиналыстарда оларға сөгіс және қарсылық білдіріп, оларды ұрысатын қаншама адамдарды көрдім. Алайда олар бидғатшылармен сөйлесуін тоқтатпады, ал азғыру байқаусыз және күпірлік ап-айқын, соңында әлгі кісілер бидғатшыларға қосылып тынды!” Қараңыз: “әл-Ибана” 3/470.

Бірде Мухаммад ибн Сиринге бір бидғатшы келіп, онымен сөйлескісі кеп тұрғаны туралы хабарланды. Бұған Ибн Сирин: “Оған: «Жоқ!», – деп айтыңдар! Маған келмей-ақ қойсын! Ақиқатында, Адам ұрпақтарының жүректері әлсіз, әрі мен одан бір сөз естіп, содан соң жүрегім бұрынғы орнына қайта келмей қала ма деп қорқамын!”, – деп жауап берді. Ибн Уәддах 60, Ибн Батта 399.

Сонымен қатар, қандай да бір кісінің көзқарасын, ақидасын біліп алмайынша, оның көркем мінезімен алданып қалмау қажет екенін ескеруге тиіспіз. Ал адамдар белгілі бір бидғатшының жақсы мінез-құлқына алданып, тура жолдан ауытқып кеткеніне мысал өте көп. Яхья ибн Мә’ин баяндаған мына оқиғаны еске салудың өзі жеткілікті: “Бір күні мен ‘Абдур-Раззактың аузынан шигалар айтатын бір сөзді естіп қалып: «Сенің хадистерді жеткізген ұстаздарыңның барлығы сенімге лайықты еді, әрі олар әһлю-Суннадан болды: Мә’мар, Мәлик, Ибн Журайж, әс-Саури, әл-Әуза’и. Ал мына мазһабты кімнен алдың?», – деп сұрадым. Сонда ол: «Бірде бізге Жә’фар ибн Сулайман келген болатын, мен оны лайықты әрі жақсы мінез-құлықты екенін көрдім. Осыны содан алдым», – деді”. Қараңыз: “әт-Тахзиб” 611.

5. Дін мәселелеріндегі шектен шығушылық және насапсыздық (артық кетушілік)

Діндегі нысапсыздық (ғұлюу) – бұл бидғатқа, күпірлікке, ширкке және негізсіз күпірлікте айыптауға, еш хақысыз қан төгуге алып келетін себеп! Әрі осындай опат етуші және ұлы күнәларға әкеп соқтыратын нәрседе жамандықтың да жетіп асатыны айқын. Сол себепті де шарифат дін мәселесіндегі нысапсыздықтың (артық кетушіліктің) кез келген түріне қатал түрде тыйым салған! Аллаһ Тағала христиандар мен яһудилерге былай деген: «(Мұхаммед, оларға): “Әй, Кітап иелері! Діндеріңде орынсыз шектен шықпаңдар және бұрынғы хақ жолдан өздері адасқан әрі басқаларды адастырған, тура жолдан ауытқыған қауымның қалауына ермеңдер!”», – де» (әл-Мәйда сүресі, 77-аят).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: «Осы үмметтен (мұсылмандардан) кімде-кім христиандар мен яһудилерге еліктесе және дін мәселесінде не шектен шығушылық арқылы, не салғырттық арқылы нысапсыздыққа түссе, ол солар сияқты болады, бұл діннен ұшып шығып кеткен хауариждермен орын алғанындай! Хауариждер ‘Али ибн Әбу Талибтің басқаруының кезінде шықты. Мұсылмандар одан он шақты риуаятпен олар туралы сенімді хадистер жеткізілетін Пайгамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығын орындап, олармен мұсылмандарға қарсы шыққандықтары себебімен соғысты. Сондай-ақ бұған дін мәселесінде шектен шыққан рафидилер, қадарилер, жәһмилер, му’тазилелер мен әш’арилер жатады». Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 3/340-350.

Ибн ‘Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Діндегі артық кетушіліктен сақтануыңдар, өйткені сендерге дейінгілерді діндегі артық кетушіліктері опат етті!» ән-Нәсаи 4/49, Ибн Мәжаһ 3029, Ибн әл-Жәруд 473. Хадистің сенімділігін имам Ибн Хузайма, Ибн Хиббан, әл-Хаким, ән-Нәуауи, әз-Зәһаби, Ибн Тәймия, Ахмад Шакир, әл-Әлбани растады.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Хадистегі «Діндегі артық кетушілікпен сақтаныңдар» деген сөздер өзіне сенімдегі немесе амалдардағы артық кетушіліктің барлық түрін қамтитын жалпылама (сөздер) болып табылады”*. Қараңыз: *“Иқтида сырат әл-мустақим” 1/328*.

Ибн Мәс’удтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Шектен шыққандар опат болды!»**, - деп үш рет қайталады. Муслим 2670.

Имам әл-Хаттаби осы хадистің түсіндірмесінде былай деді: *“«Шектен шыққандар» – бұл мәселеге терең кіріп кетушілер, философиялық әдістер арқылы ой-пікір құруға салынатындар, өздеріне қатысты болмаған және ақылы жетпейтін нәрселерге тереңдейтіндер”*. Қараңыз: *“Мә’алим әс-Сунан” 4/277*.

Имам ән-Нәуауи: *«Яғни артық кетушілікке салынғандар және сөздері мен амалдарында шектен шыққандар», – деген*. Қараңыз: *“Шарх «Сахих» Муслим” 16/220*.

Имам әл-Мунауи: *«Бұл шаригат шеңберінен шығып және шайтанның азғыруында болып, өз құлшылығында шектен шығушылыққа түскендер деп айтылған болатын»*. Қараңыз: *“Фәйдул-Қадир” 6/355*.

Шейх Сыддиқ Хасан Хан былай деп айтқан: *«Бұл хадис құрамында шектен шығушылық бар бүкіл мәселеге қатысты, мейлі ол құлшылықта, қарым-қатынаста немесе әдет-ғұрыпта болсын. Сондай-ақ бұның барлығы сыртқы амалдарға қатысты болады ма, жүрек амалына ма, сенімге ме немесе іс-әрекеттерге ме – мұның айырмашылығы жоқ. Әрі егер қандай да бір мәселеге қатысты ақиқат Құран мен Сүннетте бекітілген болса, ал басқа бір нәрсе оларға қарама-қайшы келсе, онда ол да осы хадиске қатысты болады әрі мұндайды істеуші опат етіледі! Әрі шектен шығушылықтың, асыра сілтеушілік пен артық кетушіліктің «опат болу» деп аталуы осының барлығына үзілді-кесілді тыйым салынғандығын білдіреді. Ал бүкіл мәселеде шектен шығу және артық кетушілік осылай істейтін адамның опат болуына әкеп соқтырады!»* Қараңыз: *“әс-Сираж әл-уәххаж” 10/198*.

6. Әуес-қалаулар мен өз құмарлықтарына (әуестеріне) еру

Бұл да бидғат пен адасушылыққа бастайтын негізгі себептердің бірі болып табылады. Әбу Умамадан жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Үш нәрсе опат болып табылады: сараңдыққа бағыну; әуес-қалауға еру; адамның өз-өзімен сүйсінуі»** әт-Тәбарани 54/52, әл-Қада’и 325. Шейх әл-Әлбани хадисті жақсы деді.

Екі ғана басшылық бар – білім және құмарлық (әуестік), ал үшіншісі жоқ! Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһтан бір жол-жорықсыз өз әуестіктеріне ергеннен әрі адасқан кім бар?»** («әл-Қасас» сүресі, 50-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді: **«Шынында, олардың көбісі білімсіз, әуестіктеріне еріп, адастырады»** («әл-Ән’ам» сүресі, 119-аят).

Әбу әд-Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Егер (мына) үш нәрсе болмағанда, адамдар салиқалы болып кетер еді: құмарлыққа еру; сараңдыққа бағыну; өз пікірімен сүйсіну!»* Ахмад “әз-Зуһд” 169, Әбу Дәуд “әз-Зуһд” 221. Сенімді хабар.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *«Білімге ермеген әрбір адам әуес-қалауына (құмарлыққа) ереді!»* Қараңыз: *“әл-Әмру бил-мә’руф” 37*.

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: «Аллаһ Тағала амалдарды екіге бөлді және үшіншісі жоқ. Не Аллаһ пен Оның Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген нәрсеге еру, не әуестікке (құмарлыққа) еру. Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелмеген нәрсенің барлығы әуестік (құмарлық) болып табылады» Қараңыз: “И’ләмул-муаққи’ин” 1/81.

Бұл сөздер өздерінің істеп жатқан амалдары туралы: «Белгілі бір амалдың қиын болуы сол амалдың дұрыстығын әрі Аллаһқа ұнайтынын білдіреді, әрі ол құмарлыққа (һауа) еру болуы мүмкін емес», - деп есептейтіндердің сөздері қате екенін аңғартады!

Ал өз әуес-қалауына еріп, тек өз идеяларына сәйкес келетін нәрсемен ғана шектелетін адамдарға келер болсақ, бұл – тәкаппарлық, әрі сол тәкаппарлықтың кесірінен олар Аллаһ Тағаланың дінін тани алмай қалады. Аллаһ Тағала ол жөнінде: «**Жер жүзінде орынсыз даңдайсығандарды аят-белгілерімнен бетін бұрып жіберемін**», – деп ескертеді («Ә’раф» сүресі, 146-аят).

Суфьян ибн ‘Уяйна былай деген: «Бұл сөздердің мағынасы Аллаһ Тағала мұндай адамдардан Құранды түсіну қабілетін алып қоятынында» Ибн Әбу Хатим 2/239.

Имам әз-Заркаши былай деген: «Құранның мағынасы мен оның құпиялары жүрегінде бидғат, құмарлық, дүниеге деген махаббат, күнәда қасарысып тұрып алу немесе оның өзі күшейтуге тырыспайтын иманның әлсіздігі барларға, немесе білімі жоқ тәпсіршінің сөзіне сүйенетіндерге, немесе тек өзінің ақылымен жеткен нәрсені қолданатындарға ашылмайды. Мұның барлығы (білім алу үшін) кедергі, әрі олардың біреулері басқаларына қарағанда мығымдау болып шығады». Қараңыз: “Тәфсир әс-Суюты” 1/81.

Аллаһ бізді мұндайдан сақтасын! Шындық айтып жүріп, бірақ кейіннен қарапайым ақиқатты байқамай және кезінде өздері өзгелерге түсіндіретін нәрселері түсіне алмай, өтірік айта бастаған кісілерді нендей жиі көріп жүрміз!

Әрбір мұсылман белгілі нәрсеге еруден бұрын, сол мәселені жақсылап зерттеуі керек және бір нәрсе айтудан бұрын ол сол мәселенің діндегі шынайы үкімі қандай екенін білуге міндетті. Әһлю-Сунна уәл-жәма’а бір нәрсені өзіне сенім ретінде алудан бұрын алдымен оның дәлеліне қарайды, ал бидғатшылар мен өз құмарлықтарын жақтаушылар ең алдымен өздеріне белгілі бір сенімдерді алады да, кейіннен сол сенімдеріне сәйкес келетін дәлел іздеп жүреді. Имам Уәки’ ибн әл-Жәррах былай деген: «Кімде-кім хадисті өз пікірін растау үшін іздесе – сол бидғатшы». Қараңыз: “Зәммул-кәлам” 337.

7. Күмәнді дәйектердің соңынан еру

Бұл да мұсылман үмметінде бидғат пен адасушылықтың пайда болуының негізгі себептерінің бірі. Бидғатшылар мен өз құмарлықтарын жақтаушылар өз ұстанымын растау үшін және білімі саяз кісілерді адастыру үшін, ойдан тоқылған хадистерді қолданады немесе дәлелдерді өздеріне ыңғайластырып бұрмалайды. Мұндайлар туралы имам әл-Әуза’и былай деген: “Құлшылық ету үшін емес, басқа бір мақсатта оқу оқитындарға және күмәнді нәрсе арқылы харамды халал ететіндерге қасірет болсын!”. Әл-Әжурри “Әхлақул-‘уләма” 65.

Аллаһ Тағала былай дейді: «Ол Аллаһ саған Құран түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі іргетасы. Екінші ұқсас ұғымдағы аяттар бар. Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп, соңына түседі. Оның ұғымын Аллаһ қана біледі. Ал берік білімге ие

болғандар: «Бұған (Құранға) иман келтірдік. Мұның барлығы Раббымыздан», - дейді. Бірақ бұны ақыл иелері ғана түсінеді» («Әли Имран» сүресі, 7-аят).

‘Айша анамыз бірде Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы аятты оқып: **«Анық емес нәрсеге ергендерді көрсең, міне, солар Аллаһ Тағала оларды атап айтқан (адамдар) екенін біл, сондықтан олардан аулақ болыңдар!»**, - дегенін жеткізген. Әл-Бухари 4547.

Шейх Салих Али Шейх былай деген: “Құран мен Сүннетте анық (мухкам) және анық емес (муташабих) нәрселер бар екені мәлім. Сондай-ақ мұндай нәрсе сахабалар мен ғалымдардың сөздері мен істерінде де бар. Мығым білімге ие адамдар анық емес (муташабих) нәрседен анықты (мухкам) айыра білумен және анық емес нәрсені анық нәрсеге қайтарумен ерекшеленген. Егер де білім иелерінің осындай айрықша сипаты болмағанда, онда әрбір адам білімді қамти алатын еді. Алайда Аллаһ Тағала ғалымдар мен шынайы білім иелерінің орны айқын болуы үшін, адамдарды мухкам және муташабих нәрселердің болуы арқылы сынады” Қараңыз: “әл-Мәр’а әд-да’ия”. Дәл осындай сөздерді шейхул-Ислам Ибн Тәймия да «Мәжму’ул-фәтауа» 13/272-280 кітабында айтқан болатын.

Астарлы және анық емес (муташабих) дәйектерді қолдану Құранды өз құмарлықтарына негізделіп тәпсірлейтін бидғатшылардың сипаты болып табылады. Дәл сондықтан да ‘Али ибн Әбу Талиб Ибн ‘Аббасты (Аллаһ оған разы болсын) хауариждермен сөйлесуге жіберіп тұрып: “Олармен Құран арқылы тартыспа, Сүннет арқылы тартыс!”, - деді. Ибн ‘Аббас: “Мен Аллаһтың Кітабын олардан жақсырақ білемін!”, - деп жауап берді. Сонда ‘Али оған: “Дұрыс! Алайда Құранды әртүрлі тәпсірлеуге болады ғой”, - деді. Қараңыз: “Фәтхул-Қадир” 1/42.

Дәлел ретінде келтірілген аяттар мен хадистердің барлығы белгілі бір жағдайға тура келе бермейтінін білу қажет, тіпті егер сырттай бұлай емес болып көрінсе де. Бұған мысал ретінде **«Үкім Аллаһқа ғана тән»** деген аятқа сүйеніп, ‘Алиді күпірлікте айыптаған хауариждерді келтірсек болады. Әбу Рафи’ былай деп баяндайды: “Хауариждер ‘Алиге қарсы шыққан кезде үнемі: **«Үкім Аллаһқа ғана тән! Үкім Аллаһқа ғана тән!»**, - деп қайталай берді. Сонда ‘Али: **«Өтірікті меңзеп, ақиқат сөздерін айтуда!»**, - деді” (Муслим 1774).

Бір күні Ғайлән әд-Димашқи деген бір қадари кісі ‘Умар ибн ‘Абдул-‘Азиздің көзінше дәлел ретінде **«Біз оны (адамды) шүкірлік ететін немесе шүкірлік етпейтін жолға саламыз»** деген аятты келтірді («әл-Инсан» сүресі, 3-аят). Сонда ‘Умар әлгі кісіге: “Осы сүренің ең соңғы аятының алдындағы **«Сендердің қалауларың болмайды. Аллаһ қаласа ғана болады»** («әл-Инсан» сүресі, 30-аят), - деген аятты да оқы”, - деді. Әл-Әжурри “әш-Шәри’а” 223.

Яғни әлгі қадари кісі осы аятты «тағдыр жоқ әрі адам барлық нәрсені өзі істейді, және оның істеген амалдарына Аллаһтың тағдырының қатысы жоқ» дегенге дәлел ретінде қолданғысы келді.

Танымал табиғин Муслим ибн Ясар былай деген: “Егер сен (белгілі бір аятқа қарап) Аллаһ туралы айтатын болсаң, оған дейінгі және одан кейінгі аяттарға қарамайынша еш нәрсе айтпа”. Әбу ‘Убайд “Фәдаил әл-Қур’ан” 229.

Бұл қандай да бір мәселені талдап жатқанда немесе діннің бір үкімін дұрыс түсіну барысында, қарастырып жатқан тақырыпқа байланысты Құран мен Сүннеттің өзге мәтіндеріне назар аудармастан, тек бір ғана аятты немесе тек бір ғана хадисті алуға болмайтынына нұсқайды!

Сонымен қатар бидғаттың таралуына түстерді, дәстүрлерді т.с.с. нәрселерді дәлел ретінде пайдаланудың да қатысы бар. Хариса ибн Мударриб былай деп баяндайтын: *“Бірде бір кісі бүгін түнде мешітте намаз оқыған адам Жәннатқа кіреді деген түс көрді. Бұны естіген Ибн Мәс’уд (Аллаһ оған разы болсын) мешітке келіп: «Шығыңдар, адасушылыққа түспеңдер! Расында, бұл – шайтанның ойыны!»*, - деп айта бастады”. Ибн Әбу Шәйба 7/233.

Имам әш-Шәтыби былай деп айтқан: *“Ең әлсіз адамдар – бұл өз істерінде түстерге сүйенетіндер. Олардың кейбіреулері: «Мен түсімде Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрдім, әрі ол маған былай деді және былай бұйырды», - деп, түсінде көрген нәрселеріне сәйкес амал ете бастауы және бір нәрселерді тастап, сонысымен шаригатта бекітілген шекараларды орындамауы мүмкін. Бұл қателік болып табылады, өйткені пайғамбар емес біреудің түстерін шаригат деп есептеуге болмайды, тек егер біз сол түсті шаригатта келген нәрселермен салыстырып қарап, әрі шаригат сол түс нұсқайтын нәрсені рұқсат еткеніне көз жеткізсек ғана әлгі түске сәйкес амал етуге болады. Ал егер олай болмаса, онда оны тастап, одан бас тарту міндетті болады. Түстен келетін пайда – бұл қуаныш немесе ескерту, басқа еш нәрсе емес. Ал сол түстерден қандай да бір шариги үкім шығаруға келер болсақ, онда (бұл) жоқ!”* Қараңыз: *“әл-И’тисам”* 2/93.

‘Уқба ибн ‘Амир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *“Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде былай дегенін естідім: «Менің үмметімнің опат болуы Кітап пен сүтте!»* Одан: *“Уа, Аллаһтың елшісі, Кітап пен сүт деген нені білдіреді?”*, – деп сұрады. Ол: *«(Олар) Құранды оқып-үйренетін және оны Аллаһ Тағала түсіргеніне сәйкес емес тәпсірлейтін болады! Әрі сүтті жақсы көріп, соның себебінен отарларымен сахараға алыстап кетіп, жамағат намаздары мен жұма намазын тастайтын болады!»*, - деп жауап берді”. Ахмад 4/155. Сенімді хадис. Қараңыз: *“әс-Силсила әс-сахиха”* 2778.

Сөйтіп, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы ескертуінде оның үмметтің опатқа ұшырататын екі нәрседен сақтандыру бар:

Біріншісі – Құранды Сүннетке сәйкес емес түсіну.

Екіншісі – дүниелік шаруаларға шектен тыс беріліп кетіп, соның салдарынан діни бұйрықтардан алыстау.

Хафиз Ибн ‘Абдул-Барр өз кітабындағы осы хадисті келтірген тарауды *«Сүннеттен бейхабар бола тұра, Құранды тәпсірлеп, ол туралы ой-нікір құрған кісі туралы»* деп атап, кейін осы хадисті келтірген соң былай деген: *“Бидғатшылар Сүннетті теріске шығарып, Құранды Сүннет түсіндіретінге сәйкес келмейтіндей етіп түсіндіре бастады. Соның салдарынан өздері де адасты, өзгелерді де адасушылыққа салды!”* Қараңыз: *“Жәми’ул-бәянил-‘илм”* 1/472.

8. Білмеген жағдайда білім иелеріне жүгінуден бас тарту

Үмметтің бидғат жасауының тағы бір себептерінің бірі ғалымдарға жүгінуден бас тарту болып табылады. Ал олар туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Ақиқатында, ғалымдар - пайғамбарлардың мисрасқорлары»*. Әбу Дәуд 3641, әт-Тирмизи 2682. Хадистің сенімділігін Ибн Хиббан, әл-Қанани мен шейх әл-Әлбани растады.

Аллаһ Тағала Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне білім жоқ кезде, қате шешімдер мен өзіндік қорытындылар шығаруға ұрынбас үшін, ғалымдарға жүгінуді бұйырып, былай деді: *«Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар!»* (Нәхл сүресі, 43-аят).

Ал Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «**Бұл білімді әрбір ұрпақтан әділеттілер (ғалымдар) алып жүреді. Олар оны асыра сілтеушілердің бұрмалауларынан, адасқандардың қоспаларынан және надандардың түсіндірмелерінен қориды**». Әл-Бәйһақи 10/209, әл-Хатыб 1/29. Бұл хадис көптеген жолдар арқылы жеткізіледі, әрі олардың әрқайсысы бір-бірін күшейтеді. Бұл хадистің сенімділігін Ахмад, әл-Ләлакаи, хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр, әл-'Уқайли, Ибн әл-Уәзир, әл-Қасталани, әл-Әлбани және 'Абдул-Қадир әл-Әрнаут сияқты имамдар растады.

Ғалымдар – бұл Аллаһ Тағала солар арқылы Өз дінін сақтайтын адамдар, әрі олар Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның сахабалары ұстанған жол туралы баршадан жақсырақ біледі. Білім иелері дін мәселелерін дұрыс түсінуге әрі адасушылық пен қателікке ұрынбауға көмектескендеріне өте көп мысалдар бар.

'Уруа ибн әз-Зубайр былай деп баяндайтын: “**Бір күні мен 'Айшадан «Расында, әс-Сафа мен әл-Мәруа - Аллаһтың рәсімдік белгілерінен. Сонда кім Қағбаға қажылық немесе умра жасаса, ол екеуінің арасын тауап жасауында күнә жоқ» («Бақара» сүресі, 158-аят)** деген аят туралы: “**Бұл туралы не айтасыз? Менің ойымша, осы екі қыраттың (әс-Сафа мен әл-Мәруа) арасын тауап етпеудің ешқандай оқасы жоқ сияқты**”, - деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді: “**Жоқ! Егер бұл солай болғанда, онда аятта: «Олардың арасынан өтпеген адам күнә жасаған болмайды», - деп айтылар еді. Бұл аят Исламға дейін өз қажылықтарын Мәнат пұтының алдынан бастайтын ансарларға қатысты түскен еді. Ал Ислам келген кезде, олар Сафа мен Мәруа арасында тауап жасауға қауіптенді⁵. Олар не істерін білмей, осы туралы Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрады, сонда Аллаһ Тағала осы аятты түсірді**”. Әл-Бухари 4495, Муслим 1277.

'Уруа – ең білімді табиғиндердің бірі әрі Мәдина қаласының атақты жеті фәқиһтерінің бірі болғанына қарамастан, ол осы аятты қалай қате түсініп қалғанына назар аударыңыздар! Ал 'Уруаға қарағанда көбірек білімге ие болған 'Айша оған аяттың мағынасын түсіндіріп берді!

Язид әл-Фақир былай деген: “**Бірде маған хауариждердің пайымдауларының бірі ұнап қалды. Біз көп адамдардан құралған топтың құрамында қажылық жасау ал содан соң адамдарға қарсы (ұрысқа) шығу ниетімен жолға аттандық. Біздің жолымыз Мәдинаның үстінен өтті, әрі сол жерде мен күтпеген жерден Жәбир ибн 'Абдуллаһты кездестіріп қалдым. Ол (мешіттегі) бір бағананың жанында жайғасып, адамдарға Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы хабарларды жеткізіп отырған болатын. Сөз арасында ол жәһаннамийун (Тозақта өз күнәлары үшін азапталып, бірақ кейін одан шығарылатын мұсылмандар) туралы айтып кетті. Мен оған: «Уа, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы, сен не туралы айтып отырсың? Аллаһ: «**Раббымыз, шынында, Сен кімді Тозаққа тастасаң, соны қорлайсың, әрі залымдардың жәрдемшілері болмайды!**», - деп айтты ғой (Әли 'Имран сүресі, 192-аят)», - дедім. Мен сондай-ақ: «**...қашан олар (Тозақтағы) оттан шығуды қаласа, оған қайта итеріледі**» (Хаж сүресі, 22-аят). Ендеше, сендер не сөйлеп отырсыңдар?!», - деп айттым. Ол менен: «**Сен Құран оқитын ба едің?**», - деп сұрады. Мен: «**Иә**», - деп жауап бердім. Сонда ол менен: «**Ал сен Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орны туралы, яғни Аллаһ оны орналастыратын орын туралы естідің бе?**», - деп сұрады. Мен тағы да: «**Иә**», - деп жауап бердім. Сонда ол маған былай деді: «**Міне, дәл сол Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ие****

⁵ Өйткені сол пут осы төбелердің жанында орналас болғандығы себепті, олар көпқұдайшылыққа түсіп қалудан қорықты – ред.(қаз).

болатын «мақтаулы орын» (мәқамун мәхмуд) болып табылады. Сол арқылы Аллаһ Оттан шығаратын адамдарын шығарады!» Сосын ол Сират (көпірі) қалай тұрғызылатыны және адамдар сол көпірден қалай өтетіндігі туралы айта бастады. Басқа адамдар оның сөздерін менен гөрі жақсырақ естерінде сақтап қалған шығар, алайда ол кейбір адамдардың Отқа түскендерінен кейін одан шығатындығы туралы айтты. Бұл дегеніңіз, олар күнжіттің сабақшалары жерден шыққан секілді (Тозақтан) шығады да, Жәннат өзендерінің біріне түседі, кейін соған жуынып шыққан кезде, бейне бір (әппақ) парақтар секілді болады».

Біз (тобымызға) қайта оралып: «Сендерге нендей өкініш? Сендер мына ақсақал (Жәбир) Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтірік жапсырып жатыр деп ойлайсыңдар ма?», - дедік. Сөйтіп, біз қайтып оралғаннан кейін арамыздан бір-ақ адамнан басқа ешкім (хауариждердің жағында) ашық шықпады”. Муслим 191.

Шейх ‘Абдул-Мухсин әл-‘Аббад былай деп айтқан: «Бұл хабарда әлгі топ хауариждердің үлкен күнә жасаған мұсылмандарды күпірлікте айыптап, олар Отта мәңгі қалуға тиісті деген көзқарастарымен алданғанына нұсқау бар. Алайда олар Жәбирді (Аллаһ оған разы болсын) кездестіріп, ол олардың адасушылықтарын түсіндіріп берген кезде, олар өз көзқарастарын өзгертті де, Жәбир көрсеткен ақиқатты қабылдап, өздері түскен адасушылықтан бас тартты. Мұның үстіне, бұл адамдар қажылықтан кейін мұсылмандарға қарсы (қару алып) шығу жоспарынан бас тартты. Міне, мұсылман адам ғалымдарға жүгінгенде қол жеткізе алатын ұлы пайда – осы». Қараңыз: “Би әйи ‘ақли уә дин йәкуну тәфжир уә тадмир жиһадан” 17.

Ибн Уәһб былай деген: «Егер мен имам Мәлик пен имам әл-Ләйс ибн Са’дты көріп үлгермегенімде, адасушылыққа түсер едім!» Қараңыз: “Шәрх «әл-Мууатта»” 1/29.

Ал ғалымдарды елемей, оларсыз-ақ амалдағысы келетіндерге келер болсақ, олар адасушылыққа түсті де, опат болды! Имам Ибн әл-Мубарак былай деген: «Ғалымдарды елемеген – Ақыретін жоғалтты». Ибн ‘Асакир 32/344.

Ал бүгінгі күні, өкінішке орай, ғалымдарға жүгініп, оларға лайықтысын берудің орнына, кейбір кісілер оларды жамандап, күндіз-түні оларға жала жауып жүр. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай дейтін: “Хадис білгірлерін жамандап, олардың мазһабын теріске шығаратындар надандар, бидғатшылар және және екіжүзділер екеніне еш күмән жоқ!” Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтауа” 4/96.

9. Әлсіз және ойдан шығарылған хадистерді қолдану

Әлсіз және ойдан шығарылған хадистерді қолдану да бидғаттардың таралуына мүмкіндік туғызатын себептерден болып табылады. Әрі кейбір фәқиһтер құлшылықтардың артықшылықтарына (фадаил) қатысты мәселелерде әлсіз хадистерге сүйенуді рұқсат еткендері себепті, дінімізде шағбан айының ортасындағы түнде оқылатын намаз (саләтул-бара-а), мұқтаж адамның намазы (саләтул-хажә), ‘Ашура күнін тойлау, көптеген рұқсат етілмеген жолмен Аллаһқа жақындау (тауассул) сияқты әлсіз хадистерден алынған көптеген бидғаттар пайда болды. Сондай-ақ әлсіз хадистердің себебінен Аллаһ Тағалаға Оған тән болмаған кейбір сипаттар мен есімдер теліне бастады.

Әлсіз хадис Аллаһтың шарифатында дәлел болып табылмайтынын білу қажет, бұл турасында алдыңғы ұрпақ (сәләфтар) арасында ешқандай келіспеушілік болмаған. Ал кім құлшылыққа құлшындыру (тарғиб) немесе қорқыту (тархиб) мәселелерінде әлсіз хадистерге сүйену рұқсат етілген дейтін болса, сол осының (жалпы тыйымнан) тыс шығарылатынына дәлел әкелсін!

Әлсіз хадиске ешбір жағдайда сүйенуге болмайды дейтін мухаддис ғалымдардың ішінде Яхья ибн Мә'ин, Әбу Хатим, Ибн Әбу Хатим, Әбу Зур'а, әл-Бухари, Муслим, Ибн Хиббан, Әбу Бәкр ибн әл-'Араби, Ибн Тәймия, Ибн Ражаб, Әбу Шәма әл-Мәқдиси, әш-Шәтыби, имам Ибн әл-Муләққин, әш-Шәукани, Ахмад Шәкир, шейх әл-Әлбани, шейх Муқбил және т.б. секілді ұлы имамдар бар. Қараңыз: “Дә'иф әт-тарғиб уә-ттархиб” 11/23-25 және “Фәхту-л-Ләтыф фи хукмил-'амәли би хадиси-д-да'иф” 46-52.

Бұдан қалса, мұсылман адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атынан беталды сөйлей беруден абай болуы тиіс, өйткені ол: **«Кім менің атымнан мен айтпаған сөзді айтса, Тозақтан орын орын алуға дайындала берсін!»**, - деген. Әл-Бухари 109.

Имам ән-Нәуауи былай деп айтқан: “Хадистану ғылымының ғалымдары мен басқа салалардың ғалымдары былай дейді: “Егер хадис әлсіз болса, ол хадиске қатысты: “Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты, істеді, бұйырды, тыйым салды”, - деуге, немесе басқа кез-келген бекітіп айтылатын тіркестерді қолдануға болмайды, бірақ: “Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарланады, жеткізіледі, баяндалады”, - деу қажет, немесе басқа кез-келген қос мағыналы сөз тіркестерін қолдану керек. Ғалымдар: “Құрамында бекітіп айту бар сөз тіркестерін тек сенімді және жақсы хадистерге ғана қолдануға болады, ал құрамында анықсыздық бар сөз тіркестерін басқа кез-келген хадиске қолдануға болады. Мұның барлығының себебі - бекітіп айтуы бар сөз тіркестері өздерінен кейін келетін нәрсе Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімді түрде бекітілген дегенді білдіретінінде, сондықтан оларды тек сенімді жағдаяттарда ғана қолдануға болады. Ал өзге жағдайда кісі іс жүзінде Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жала жапқан болады...”

Ғалымдардың осы пікірін кейбір шынайы хадис білгірлерінен басқа біздің кезіміздегі көптеген фәқиһтер де, тіпті түрлі саладағы ғалымдардың көпшілігі де ескермейді. Мұндай нәрсе жауапсыздық болып табылады, өйткені олар жиі жағдайда сенімді хадис жөнінде: «Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізіледі», – дейді де, ал әлсіз хадиске байланысты: «Ол айтқан», – деп, бекітіп айтады, ал мұндай нәрсе ақиқаттан алыс қой”. Қараңыз: «әл-Мәжму'» 1/60.

Әлсіз хадисті айтушы кісі сол хадистің әлсіздігін атап өтуге міндетті. Ал егер ол хадистің сенімділік дәрежесі жөнінде білмесе, онда «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан...» деместен, жоғарыда айтылғандай, жалпылама сөз тіркестерімен шектелгені дұрыс.

Шейх Ахмад Шәкир былай деп айтқан: “Жеткізіліп жатқан әлсіз хадисті ешкім сенімді деп ойлап қалмас үшін, оның әлсіз екенін ескерту міндетті болып табылады. Әрі кісі әлсіз хадиске үкім-ережелерге (қатысты мәселелерде) сүйене ме, әлде ізгі амалдардың артықшылықтарына қатысты ма - мұның ешқандай айырмашылығы жоқ. Өйткені Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімді түрде жеткен сенімді (сахих) және жақсы (жақсы) хадистерден басқа еш нәрседә дәлел жоқ!” Қараңыз: “әл-Бә'исул-хасис” 100-101.

Әбу Қатададан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: **«Менен көп әрі жиі бір нәрсе жеткізуден абай болыңдар! Кімде-кім менен бір нәрсе жеткізер болса, ақиқат пен шындықтан басқа еш нәрсе айтпасын, ал кім менің атымнан мен айтпаған нәрсені айтқан болса, Оттағы өз орынын иелене берсін!»** Ахмад 297, әт-Тахауи 1/172. Жақсы хадис. Сондай-ақ мынаны қараңыз: “әс-Силсила әс-сахиха” 1753.

10. Қажеттілік (әд-дарурия) және Исламға пайдалы (мәслаха) деген желеулермен ақталу

Сонымен қатар, көбінесе бидғаттың пайда болуына адамдардың: «Осы нәрсе дінге қажет әрі Ислам мен мұсылмандар үшін пайдалы», - деп ойлап, дінге белгілі бір жаңалық енгізуі де себеп болады.

Көптеген бидғаттардың шарифатта негізі жоқ екенін оларды дінге енгізушілердің өздері де біледі, алайда олар сонда да «осы нәрсе Ислам мен мұсылмандар үшін пайдалы» деп ойлап, дінге жаңалық енгізуін тоқтатпайды. Мысал ретінде кісі қайтыс болғаннан кейін оның жетісін, қырқын беруді, мәулітті, дінге шақыру (дағуат) ретінде нашидтерді, түрлі театрлық қойылымдар мен солардың бір түрі болған кинофильмдерді пайдалануды, партиялар мен жамағаттар құруды, кіші әмірлікті және т.б. келтіруге болады.

Осы себепті қандай да бір заттың бидғат немесе рұқсат етілген пайда (мәслаха) болатын шарттар мен шекараны білу қажет!

Қорытынды

Аллаһтың қалауымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде бізге діндегі жаңалық (әл-бид'а) өте қатаң түрде тыйым салынғандығы әрі ол ең үлкен күнәлардың бірі екені мәлім болды. Ибн 'Аббас (Аллаһ оған разы болсын): *“Аллаһқа ең жек көрінішті амалдар – бидғаттар!”*, - деген. Әл-Бәйһақи *“Сунанул-кубра”* 4/316. Шейх Мәшхур иснадының сенімділігін растады.

Сонымен қатар, бізге діни жаңалық (әл-бид'а) – бұл ешқандай сенімді негізі жоқ және Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның сахабаларының кезінде белгілі болмаған, сол арқылы Аллаһқа жақындауға ұмтылатын кез келген сөздер, істер мен наным-сенімдер екені айқын болды. Қараңыз: *“әл-И'тисам”* 1/64, 1/227.

Сондай-ақ бізге Ислам діні кемел әрі толық және ол ешқандай қоспаға мұқтаж еместігі анық болды. Ол туралы Аллаһ Тағала былай деді: **«Бүгін сендерге діндеріңді толық қылдым, нығметімді тамамдадым, әрі сендерге Ислам дінімен разы болдым»** («Мәида» сүресі, 3-аят).

Исламда жақсы жаңалық (бид'а хасана) жоқ екені түсінікті де болды. Бұл туралы Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Әрбір бидғат – бұл адасушылық!»**, - деп бірнеше рет қайталап айтқанындай. Муслим 2/592.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары да осындай сөздер айтқан, солардың ішінде: *«Кез келген бидғат – адасушылық, тіпті адамдар оны жақсы деп ойласа да!»*, - деп айтқан Ибн 'Умар (Аллаһ оған разы болсын) бар. Әд-Дәримі 1/39. Шейх әл-Әлбани иснадын сенімді деп атаған.

Сонымен қатар, бізге кез келген құлшылықтың қабыл болуы үшін ол екі шартқа, яғни ықыластылық пен Сүннетке сәйкес келуі қажет екені айқын болды! Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде-кім біздің бұйрығымыз болмаған амалды жасаса, ол қайтарылады!»** Әл-Бухари 2697, Муслим 1718.

Имам әл-Фудайл ибн 'Ияд былай деген: «Расында, егер амалдар ықыласты болып, бірақ дұрыс болмаса - олар қабыл болмайды. Егер амалдар дұрыс болып, бірақ ықыласты болмаса - олар ықыласты және дұрыс болмайынша қабыл етілмейді. Аллаһ үшін істелген нәрсе ғана ықыласты, әрі Сүннетке сай келгені ғана дұрыс болып табылады». Әбу Ну'айм "әл-Хилья" 8/95.

Шейхул-Ислам былай деген: "Ғибадаттар құмарлықтар мен бидғаттарға емес, шаригатқа және ілесуге негізделген! Ақиқатында, Ислам екі тірекке негізделген: Біз Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпейміз және біз Аллаһқа тек Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңдастырған түрде ғана құлшылық етеміз!» Қараңыз: "әл-Фәтауа әл-кубра" 2/242.

Сондай-ақ бізге тек жақсы ниеттің өзі ғана жеткіліксіз екені әрі жақсы ниет шаригатпен заңдастырылмаған істі жарамды етпейтіні белгілі болды. Шейх Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: «Ақиқатында, игі амалдар үшін тек жақсы ниет болғанда ғана сауап беріледі. Алайда жақсы ниет жалғанды ақиқатқа айналдырмайды, өйткені амал дұрыс болуы үшін жалғыз ниеттің өзі жеткіліксіз! Сондай-ақ ниетке шариги шарттың қосылуы да қажет». Қараңыз: "Мәдарижу-саликин" 1/85.

Тағы да бізге бидғат есігін айқара ашатын себептер туралы, әрі одан құтылу жолы – Сүннетке ауытқымай ілесу екені де мәлім болды. Ибн Мәс'уд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Егер сендер өз Пайғамбарларыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен бас тартсаңдар, міндетті түрде адасушылыққа түсесіңдер!» Муслим 654.

Хафиз Ибн Кәсир былай деп айтқан: «Адамдардың сөздері мен істері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері мен істерімен салыстырылады, оның сөзі мен ісіне сәйкес келетіндері – қабылданады, ал олармен сәйкес келмейтіндері, олар кімге тиісті болса да – қайтарылады». Қараңыз: "Тафсир Ибн Кәсир" 3/415.

Ибн 'Аббас пен Әбу Һурайрадан (Аллаһ оларға разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «Мен сендердің араларыңа екі нәрсені қалдырдым; егер солардан ұстансаңдар, тура жолдан адаспайсыңдар! Аллаһтың Кітабы мен Оның Елшісінің Сүннетін!» Әл-Хаким 1/93, әл-Бәйһақи 10/114, Ибн Нәср 21. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахих әл-жәми'» 2937, "Хидаяту-ррууа" 1/140-141.

Сөз соңында әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақтар айтамыз!
Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы мүшелеріне, сахабаларына және олардың
жолына шынайы ықыласпен ілескендерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Пайдаланылған әдебиет

1. «Фәтх әл-Бәри шарх «Сахих» әл-Бухари» Ибн Хәжар әл-'Асқалани.
2. «Шарх «Сахих» Муслим» Яхья ибн Шәраф ән-Нәуауи.
3. «Әс-Сираж әл-уаххаж мин кәшф мәталиб «Сахих» Муслим ибн әл-Хәжәж» Сыддиқ Хасан Хан.
4. «Миннамул-мун'им шарх «Сахих» Муслим» Сафийю-р-Рахман әл-Мубаракфури.
5. «Китаб әл-Бида'» Ибн Уәддах әл-Әндалуси.
6. «Әл-Бә'ис 'алә инкар әл-бида' уәл-хауадис» Шихабуддин Әбу Шәма.
7. «Әш-Шәри'а» Әбу Бәкр әл-Әжурри.

8. «Шарх усул әл-и'тиқад әһл әс-Сунна уәл-жәма'а» Әбул-Қасим әл-Ләлакаи.
9. «Әл-И'тисам» Әбу Исхақ әш-Шәтыби.
10. «Силсила әл-әхадис әс-сахиха» Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбани.
11. «Сахих әл-жәми' әс-сағир» Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбани.
12. «Әл-Ибда' фи кәмал әш-шәр' уә хатр әл-ибтида'» Мухаммад ибн Салих әл-'Усаймин.
13. «Хәжр әл-мубтади'» Бәкр Әбу Зайд.
14. «Қамус әл-бида' мустахриж мин кутуб имам Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбани» Машхур ибн Хасан Әли Сәлман.
15. «'Илму усул әл-бида'» 'Али ибн 'Абдул-Хамид әл-Хәлаби.
16. «Әл-Бид'а уә асараха әс-сайи фил-умма» Сәлим ибн 'Ид әл-Хиләли.
17. «Мәуқиф әһл әс-Сунна уәл-жәма'а мин әһлил-әһуа уәл-бида'» Ибраһим әр-Рухайли.
18. «Нуру-с-Сунна уә зулюмат әл-бида' фи дауил-Китаб уә-с-Сунна» Са'ид ибн Уәхф әл-Қахтани.
19. «Дауабиту-ттабди'» Мухаммад Са'ид Раслән.
20. «Та'зым әс-Сунна уәл-'амал биһа уә ләу хәлафа фиһа мән хәлафа» Уәлид ибн әс-Сайф Нәср.
21. «Әл-Бид'а уәл-мубтади'а уә хатарухума 'ала-ддин» 'Абдул-'Азиз ибн Райс әр-Райс.